

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Ш.ЕСЕНОВ АТЫНДАҒЫ КАСПИЙ МЕМЛЕКЕТТІК ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЖӘНЕ
ИНЖИНИРИНГ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Р.Ә. НҰРМҰХАМЕТОВА, Б.А. МОЛДАҒАЛИЕВ,
С.А. ФЕЙЗУЛДАЕВА, А.Б. УРБИСИНОВА**

**ПЕДАГОГИКА
СӨЗДІК**

Ақтау – 2010

УДК 37.0(038)

ББК 74.00 я г

П 23

Пікір жазғандар:

Педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент Т.М.Төрениязова

Педагогика пәнінің оқытушысы К.К.Сармалаева

Педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент Т.С.Нұрбатырова

Р.Ә.Нұрмұхаметова, Б.А.Молдағалиев, С.А.Фейзулдаева, А.Б.Урбисина

П 23 Педагогика: сөздік Оқу құралы. – Ақтау: Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, 2009. – 112 бет.

ISBN 978 - 601 - 226 - 056 - 4

Педагогика ғылымының базалық ұғымдарымен жұмыс істеу мектептің жетекшілері мен мұғалімдерінің кәсіптік даярлығын, іс-әрекетін пәрменді және сапасын арттыруға қажетті жағдай жасайды. Мұндай сөздіктің қажеттігі соңғы жылдары тәрбие мен білім берудің теориясы мен практикасында, оның терминологиясында көптеген өзгерістер болуымен сұранысқа ие болып отыр.

Оқырманға ұсынылып отырған сөздік барлық білім беру дәрежесінің педагогтарына, студенттерге, психологтарға, журналистерге және тәрбиелеу мен оқыту мәселелеріне қызығушылығы барларға арналған.

УДК 37.0(038)

ББК 74.00 я г

Баспаға Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар университетінің оқу-әдістемелік Кеңесінің шешімімен ұсынылған.

ISBN 978 - 601 - 226 - 056 – 4

© Ш.Есенов атындағы КМТЖИУ, 2010 ж.

Кіріспе

Педагогика пәнін жақсы меңгеру үшін төл оқулықтармен бірге оның негізгі ұғымдарына берілген атаулар - тірек терминдерге арналған ана тіліндегі сөздіктің де ролі үлкен.

Педагогикалық сөздіктің негізіне педагогика ғылымының жалпы ғылыми әдістемесі, жалпы негіздері, тәрбие теориясы, дидактика, мектептану, халық педагогикасы, педагогикалық шеберлік мәселелеріне қатысы бар терминдер алынды.

Сөздікте жеке адамның қалыптасу барысындағы оның іс-әрекетін, көзқарасын, мінез-құлқын, қасиет сапаларын, қабілет бейімділігін, білімділігі және дағдыларын айқындайтын сөздер берілді.

Педагогика философия, психология, социология т.б. ғылымдарымен байланысты, сондықтан педагогикалық сөздікке сол салалардан да адам тәрбиесіне және оның қалыптасуына қатысы бар терминдерді де іріктеп енгіздік.

“Педагогикалық сөздікті” құрастырғанда Педагогическая энциклопедия. В 4-х т. /М., 1996/, Российская педагогическая энциклопедия. В-2х т /М., 1993./, Психология. Словарь. /М., 1990./, Қ.Жарықбаев, А.Әбдрахманов. Психология терминдерінің орысша-қазақша сөздігі. /Алматы, 1976./, Б.Айтмамбетова, А.Бейсенбаева. Орысша-қазақша педагогикалық сөздік. /Алматы, 1994/. пайдаланылды.

Өздеріңізге ұсынылып отырған сөздік педагогиканың қолдану аясын кеңейтуге көмегін тигізер деген ойдамыз.

Қысқартылып алынған атаулар.

ағыл.-ағылшын

гр.-грек

лат.-латын

т.б.-тағы басқалары

фр.-француз

А

Абстракциялау /лат.abstraktio-дерексіздену/ - ойлау операциясының түрі, қабылдап, елестетіп немесе ойлап отырған заттардың, құбылыстардың, процестердің кейбір кездейсоқ шешуші емес сипаттамасынан, қасиеттерінен қол үзуі, дерексізденуі.

Абулия - әрекетті психологиялық реттеудің патологиялық бөзылуы. Әрекетке ұмтылысының болмауында, шешім қабылдау алмауынан көрініс табады.

Автоматизм - сананың тікелей қатыспай жүзеге асырылатын әрекет.

Авторлық бет - авторлардың, аудармашылардың, редакторлардың т.б. есепке алуға негіз болатын, жазбаша құжаттың көлемінің бірлігі. Ол 40 мың баспа белгілері /тыныс белгілері, сөздер арасындағы орындарды қоса/ бар текстіге сай келеді, яғни екі интервалмен жазу машинкасымен басқан 22 бетпен немесе 700 жолды өлең текстісі немесе 3000 кв.см. басылған графикалық материалмен/иллюстрация, карта және т.б./ пара-пар.

Авторлық құқық-азаматтық құқықтың бөлігі, ол әдебиеттің, ғылымның және өнердің шығармаларын жасауын және пайдалануын реттейтін құқық пен міндеттер.

Автореферат /гр.autos-өзім + лат. referre-баяндау, хабарлау/ - ғылыми шығарманы автордың қысқаша баяндауы.

Авторитарлық /лат. Auctoritas-билік, ықпал/ -1)диктаторлық, билікке сөзсіз бағынуға негізделген; 2)өктем,өзінің билігін, беделін орнатуға ұмтылушы.

Авторитарлық тәрбие -

1) тәрбиеленушілердің тәрбиелеушілерге сөзсіз бағынуын қамтитын және авторитетті соқыр мойындауына негізделген тәрбие;

2) тәрбиешінің еркіне шүбәсіз бағынуды қамтитын концепция. Авторитарлық тәрбие оқушылардың бастамашылығын және дербестігін басқандықтан, олардың белсенділігін, жекелігін дамытуды тежейді, тәрбиеленуші мен тәрбиелеушінің арасында тартыстың пайда болуына соқтырады.

Авторлық мектептер - экспериментальды оқу-тәрбие мекемелері, олардың іс-әрекеті автордың немесе авторлар ұжымының жетекші психологиялық-педагогикалық тұжырымдамасына негізделіп жүргізіледі. Алдыңғы қатарлы педагогикалық тәжірибені талдауға сүйеніп, проектiлердiң авторлары мектептi демократияландыру жағдайында оны дамытудың өзіндік, ерекшелік жолдарын көрсетуге ұмтылуда. Авторлық мектептердің айырмашылық сапалары: инновациялалығы, альтернативтілігі, оқу-тәрбие процесінің концептуалды және жүйелі, комплексті болуы, әлеуметтік-педагогикалық мақсатқа лайықтылығы, авторлық мектеп пәрменділігін көрсететін нәтижелердің болуы. Білім беру басқару ұйымдары арнайы қоғамдық-мемлекеттік экспертиза арқылы ”авторлық мектеп” статусын береді.

Агрессия - жекелік немесе ұжымдық қылық, әрекет, ол денелік немесе психологиялық зиян жасауға, я болмаса басқа адамды немесе адамдар тобын жоюға бағытталған. Субъектінің агрессивтік қылыққа дайын болуы жеке адамның салыстырмалы тұрақты белгісі-агрессивтілік деп қарастырылады.

Адам - ең алдымен, homosapiens түріндегі сүт қоректілер класына жататын биологиялық тіршілік иесі. Басқа жануарлардан айырмашылығы адамда сана бар, яғни ол сыртқы ортаның мәнін де, өз жаратылысын да танып біледі және осыған орай парасатты түрде, ойланып әрекет жасайды. Адам – денелік және рухани,

табиғилықтың және әлеуметтік, тұқым қуалаушылықтың ие болғандығының бірлігінен тұрады.

Адам мұраты /идеал/ - жете түсінудің жоғары кемелі, адам баласының жоғары мұрат-мақсаттары, өмірге ұмтылушылығы, талаптанушылығы. Мұрат айналадағы өмірді жетілдіруге және қоғамның әлеуметтік-экономикалық үдеуін дамытуда адамның сезімін оятады.

Адам морфологиясы - адам денесінің оның дамуы мен тіршілігіне байланысты құрылысы туралы ілім.

Адамды адамның қабылдауы - тікелей қарым-қатынас жағдайында адамдардың бір-бірін психологиялық тану процесі. Адамды адамның қабылдауы процесінде адамдарда бір-бірі туралы пікір пайда болады, мінезінің белгілерін, қабілетін, қызығушылығын, эмоционалдық-динамикалық ерекшелігін, мамандығын т.б. анықтау қалыптасады.

Адамгершілік тәрбиесі - оқушылардың бойында мінез-құлықтың белгілі бір сипаттарын қалыптастыруға және оларға өздерінің бір-біріне, отбасына, басқа адамдарға, мемлекетке, Отанға деген қатынасын анықтайтын мінез нормалары мен ережелерін дарыту жөніндегі тәрбиелеушілердің арнаулы мақсат көздеген іс-әрекеті.

Адаптация /лат.бейімделу/ - органның, организмнің, жеке адамның немесе топтың сыртқы жағдайлардың өзгеруіне бейімделуі. Түрлері: физиологиялық, сезгіштің табалдырықтары төмендеп немесе жоғарылағанда тұрақты әсер етуші тітіркендіргішке бейімделуі, әлеуметтік-психологиялық, яғни жаңа топқа енгенде, кәсіптің жаңа жағдайына бейімделуі.

Адьюнктура - әскери оқу орындарында біліктілігі жоғары ғылыми-педагог кадрлар даярлау нысаны.

Аймауытов Жүсіпбек /1889-1931/ - қазақ әдебиеті мен мәдениетінің көрнекті қайраткері, педагогика, психология саласында құнды ғылыми-зерттеу еңбектерімен қатар бірнеше оқулықтар, оқу құралдарының авторы болған ірі тұлғалардың бірі. Ол мектепте бала оқытады. Шымкенттегі педтехникумда болашақ мұғалімдерді даярлайды, оқу-тәрбие жұмысын жетілдіру саласында көз ізденді, “Тәрбиеші жетекші” /1924/, “Комплексті оқыту жолдары” /1929/, “Жаңа ауыл” /1930/. “Абай” атты журналдағы мақалалары педагогикалық мәселелерге ерекше мән берген, ал “Психология” /1926/, “Жан дүниесі және өнер таңдау” /1926/ психология ғылымы саласынан жазылған тұңғыш төл туындылар. Ж.А. бала тәрбиесіндегі отбасының роліне, онда балаларды тәрбиелеудің жолдарына ерекше тоқталады. Өз еңбектерінде мұғалімге қойылатын талаптарды, дидактика мәселелерін, оқытудағы және тәрбиелеудегі ана тілінің мәнін, жекелеген пәндердің оқыту әдістемесін қарастырады. Ж.А. психологиялық мұрасы ғылыми мәнін күні бүгінге дейін жоймаған дүние екендігі даусыз.

1929 жылы тұтқынға алынып, 1931 жылы өлім жазасына кесіледі. Біздің заманымызда ел-жұрт алдына ешқандай кінәсі жоқ екендігі анықталып, толық ақталды.

Акселерация - /лат. Acceleratio-жеделдету/- балалардың дене және психикалық дамуының тездету құбылысы. Ол XIX ғасырдың аяғы және XX ғасырдың басынан физиологтардың, педагогтардың және психологтардың зерттеу объектісіне айналды.

Акмеология (гр. акме – шың, ненің де болса жоғары дәрежесі) – жаратылыстану, қоғамдық және гуманитарлық пәндердің қиылысуында пайда болған пәнаралық

ғылым. Ол ересек адамның жекелік дамуының толық болуын, оның азамат, маман ретінде барынша жоғары деңгейге жетуінің жолдарын зерттейді.

Аксиология (грек. Аχία – құндылық және logos - ғылым) – тұлғаның, ұжымның, қоғамның материалдық, мәдени, рухани, адамгершілік және психологиялық құндылықтары туралы философиялық ілім. Қазіргі педагогикада оның көзқарастарының жүйесін анықтайтын методологиялық негіз ретінде болып отыр. Ол бойынша адамның өмірінің, тәрбиелеудің және оқытудың, педагогикалық әрекеттің және білім берудің құндылығы түсініледі және бекітіледі. Педагогикалық құндылықтар гуманистік табиғаты және мәнімен ерекшеленеді.

Академия - жоғары кәсіптік білім мен жоғары оқу орнынан кейін кәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын; өндірістік, ғылыми және ғылыми-педагогикалық қызметтің белгілері бір саласы үшін жоғары кәсіптік білімі бар мамандар даярлауды, қайта даярлауды және олардың біліктілігін арттыруды жүзеге асыратын; ғылымның немесе мәдениеттің көбінесе бір саласында ғылыми зерттеулерді орындайтын жоғары оқу орны.

Ақыл - ойға қабілеттілік деп нақты бір адамның ойлану өзгешелігін білдіретін сапалар жиынтығы айтылады. Ақыл сапалары: білім құмарлық, ізденімпаздық, ой тереңдігі, ақылдың икемділігі мен оралымдылығы, логикалығы, дәлелдігі, сыншылдығы т.б.

Ақыл-ой тәрбиесі - ғылыми білімдер жүйесін, интеллектуалдық іскерлік пен дағдыларды, ғылыми-материалистік көзқарасты, шығармашылық ойлауды, танымдылық қызметті, қабілетті, ой еңбегі мәдениетін қалыптастыруға арналған мақсатты бағытталған процесс.

Ақыл-ой әрекетін қалыптастырудың кезендік теориясы /Л.С.Выготский, П.Я.Гальперин, Н.Ф.Талызина/ - оның негізіне адамның ішкі және сыртқы іс-әрекетінің принципіалдық ортақтық идеясы жатыр. Оған сәйкесті ақыл-ой даму, білімді, іскерлікті, дағдыны меңгеру интериоризация /сыртқының ішкіге айналуы/ жолымен, яғни “материалдық”/сыртқы/ іс-әрекеттің ішкі ақыл-ой тұрғысына кезеңделіп ауысуы. Осындай алмасудың нәтижесінде сыртқы іс-әрекет сыртқы дүниелер мен ақыл-ойдыққа өзгереді, яғни интериоризация жүзеге асырылады. Онда олар жалпыланады, сөзбен айтылады, қысқартылады, сөйтіп әрі қарай ішкі дамуға даяр болады, ал өз кезеңінде сыртқы іс-әрекеттің мүмкіншілігінен асып түсе алады. Ақыл-ой әрекетін қалыптастырудың кезендік теориясы негізінде оқыту мынадай кезеңдерден тұрады:

- 1) Әрекетпен бастапқы танысу, әрекеттің бағдарламалық негізін /ЭБН/ жасау.
- 2) Материалдық /материалданған/ әрекет. Ол шынайы заттармен /мысалы, есептегенде қандайда бір затты пайдаланады/ практикалық сыртқы әрекет жүзінде болады. Әрекет схема, сызба т.б. көмегі арқылы орындалады. Мұнда өз әрекетін ЭБН арқылы тексеріп отырады.
- 3) Сыртқы сөйлеу кезеңі. Бұл операция сөйлеу арқылы орындалады: мысалы, дауыстап есептейді.
- 4) Ішкі сөйлеу кезеңі. Әрекет іштей сөйлеумен жүреді. Бара-бара қысқарып, ол автоматталынады.
- 5) Автоматтандырылған әрекеттің кезеңі. Оқушылар істеп жатқан әрекетті автоматты түрде орындайды. Бұл әрекеттің интериоризацияланып, ішкі тұғырға көшіп, сыртқыға сүйенудің қажеті жоқтығын білдіреді.

Ақпарат /информация/ - жалпы ғылымдық ұғым, өзіне фактілік мәліметтер және олардың тәуелділіктері туралы білімдердің жиынтығы. Ақпарат түрлері: қоғамдық-саяси, ғылыми-педагогикалық, ғылыми-техникалық т.б. Ақпарат тіркеу, жинақтау, сақтау және алмасу баспасөз көздері /кітап т.б./, магниттік лента, дискет, микрофильм, перфокарта т.б. жүзеге асырылады.

Алектиктер /гр.а – бұзушылық, жоққа шығару және лексис – сөз/ - оқу, жазу және сөйлеуді меңгеруде қиындық көретін адамдар. Жер жүзіндегі жалпы тұрғындардың 15 пайызы алектиктер.

Альтруизм - өз пайдасын ойламай басқалардың қызығушылығын қанағаттандыруға бағытталған адамның қылығының формасы.

Алгоритм /орта ғасырдағы математик ал-Хорезм Algoritmi атының латын формасы бойынша/ - қойылған міндетті шешуге әкелетін, қатаң белгілі бір ережемен қолданылатын операциялардың жүйесі.

Алкоголизм /маскүнемдік/ - мас күйге келтіретін спирттік ішімдіктерге деген сұраныс. Оның екі кезеңі бар: әдет және ауру.

Алдыңғы қатарлы педагогикалық тәжірибе - жекелей мұғалімнің іс-әрекетінде практикалық жүзеге асырылған және мұғалім мен оқушылардың барынша аз уақытта аз күш салуда жұмыстың жоғары нәтижесін және сапасын қамтамасыз еткен оқытудың және тәрбиелеудің қайталауға келетін әдістері, тәсілдері және амалдары.

Озық педагогикалық тәжірибенің критерийлері - педагогикалық процестің пәрменділігінің артуы; қоғамдық дамудың бағытына, ғылымның алдыңғы қатарлы идеяларының бағытына сәйкестігі; педагогикалық шындықтың аясын кеңейтуі; педагогикалық процестің сапасының артуы; педагогикалық еңбектің нәтижесіне жетуі; жаңа педагогикалық фактілерді және құндылықтарды ашуы.

Алтынсарин Ы. /20 қазан 1841ж. туды, 17 шілдеде 1889ж. қайтыс болды/ - қоғам қайраткері, демократиялық бағыттағы ағартушы-педагог, ақын-жазушы, этнограф, публицист Ы.А. демократиялық-ағартушылық бағыты оның педагогикалық көзқарасының үш саласынан көрініс тапты: 1. бүкіл өмір жолын мектеп ашуға, қазақ балаларын оқуға тартуға, дүние ғылымдарын үйретуге және соған оқу құралдарын жазып шығаруға арнады. 2. өнегелі ұстаз-тәлімгер даярлауға, оларға күнделікті ғылыми-әдістемелік басшылық жасауға көңіл бөлді. 3. шығармаларында қазақ халқының XIX ғасырдағы қоғамдық өмірінде болған саяси әлеуметтік мәселелерді жан-жақты қамтып жазуға жұмсады.

Ұлы ағартушының ашқан мектептері: 1. уездік училищелер Ырғызда – 1879ж., Торғайда – 1880, Троицк – 1880ж., Бортіде – 1881ж. 2. ашуға келісілген 7 болыстық мектептің бесеуін 1887-88ж. өзі ашты, кейінгі екеуі 1891ж. ашылды. 3. осы мектептерге жіберілген мұғалімдер Ы.А. өзі 1883ж. Орск мұғалімдер мектебі мен Қазандағы мұғалімдер семинариясын /директоры Ильминский Н.И./ бітіргендер болатын. 4. қыз балаларды оқыту, оларға арналған интернат ашу ісінің пионері болған ұлы Ыбырай еді. Ырғызда ашылған қыздар училищесіне алғашқы 12 қазақ қызы 1888ж. қабылданды, онда “қолөнерін үйрететін оқу орны ретіндегі негізгі міндетімен қатар қырғыз қыздарын оқуға ұмтылдыратын орын болуы да көзделеді” делінген. 5. Ы.А. қазақ даласында мамандыққа дайындайтын оқу орындарының да негізін салды. Бұл бағытта Торғайдағы 1883 ж. қолөнер училищесінен бастап,

қыздар қолөнер мектебін ашуынан көреміз. 6. Ы.А. қостауымен Қостанай және Ақтөбе де орыс балаларына арнап мектептер ашылған.

Ы.Алтынсариннің негізгі еңбектері: Қазақ хрестоматиясы /1889/, қазақтардың болыстық мектептері туралы жазба /1886/, қазақтарға орыс тілін үйретудің бастауыш құралы /1889/.

Амбиваленттілік (лат. Ambo – екеуі, valentia-күш) – 1. Қандай да бір адамға, объектіге немесе идеяға бір мезгілде қарама-қарсы немесе ар алас сезімдердің болуы; 2. Адамға, объектіге немесе идеяға өзінің сезімін немесе қарым-қатынасын үнемі өзгертуге бейімділік.

Андрогогика (гр. Andros – ересек адам, agoge – басшылық, тәбие) – ересектерге білім беру, оқыту және тәрбиелеудің теориялық және практикалық проблемаларын қамтитын педагогика ғылымы саласының аталымы. Андрогогика – оқытудың және тәрбиелеудің теориясы, онда ересектерді оқытудың ұстанымдары ашып көрсетіледі және дамытылады. Терминді немістің білім берудің тарихшысы К.Капп енгізген.

Аналогия - 1) Заттардың, құбылыстардың немесе ұғымдардың арасындағы қандай да бір қатынастағы ұқсастығы;

2) Жалпы ғылымды зерттеу әдісі, пайымдаудың түрі, ол арқылы бір заттың қасиетін екінші затқа ұқсастығы негізінде анықтауға болады. Аналогия дәлелдеудің қатаң әдісі бола алмайды, себебі қорытынды объектілердің, үрдістердің, құбылыстардың арасындағы, бөліктік ұқсастығына ғана негізделіп жасалады.

Аннотация - баспа шығармасына қысқаша сипаттама, яғни міндеті, мазмұны, формасы және т.б. ерекшеліктері көрсетіледі. Аннотация баспа шығармасының мазмұны, оның авторлары, жұмыстың оң жақтары туралы мәліметтер келтіріледі, түсініктеме немесе ұсынба сипатында болады.

Аномалия /лат.anomalia дұрыс еместік / -нормадан әртүрлі дәрежеде ауытқуы. Синонимі-девиация /лат.-ауытқу/.

Аномалды балалар – қалыпты денелік немесе психикалық дамудан ауытқуға душар болған, сол себепті дамудың жеткіліксіздігін коррекциялауды және оның орнын толтыруды қамтамсыз ететін арнайы жағдайларда тәрбиелеу мен оқытуды қажетсінетін балалар. Оларға жататындар: зағип (жанарынан айрылған, нашар көретін, есту қабілетінен айрылған, нашар еститін, ақылы (интеллект) бөзылған, психикалық дамуы кідірген, сөлеу қабілетінде ауытқуы бар, тірек-қозғалыс аппараттары бөзылған, т.б. балалар.

Артистизм педагогикалық - педагогтың тұлғалық белгісі, онда образдық ойлау, мінез-құлықтағы және сөйлеудегі жарқындық, ақылға сыйымды экспрессия мен жағымдылық дамыған, аудиторияға, оқушыларға эмоционалдық қаныққан әсер етуге мүмкіншілік береді.

Антисемитизм – еврейлерге деген өшпенділік қатынастың формаларының бірі.

Антология - арнаулы әдеби-көркем шығармалардың жинағы, онда белгілі бір халықтың, дәуірдің, жанрдың т.б. әдебиеті көрінісі табады. Антология ағартушылардың, педагогтардың, ғалымдардың тәрбие және оқыту бойынша өздері жазған текстері баршылық, білім саласындағы мамандарға Ресейдің, Қазақстанның т.б. педагогикалық ойларының антологиясы жарық көрді.

Антропогенез /гр. Anthropos - адам және genesis - пайда болу/ - адамның пайда болуы және дамуы. Антропогенез органикалық дүниенің тарихындағы бұрын-соңды

болмаған биологиялық аядағы дамудан әлеуметтікке сапалы секіру болып табылады.

Антропология – адамды табиғаттың ең жоғары және жетілдірілген өнімі ретінде қарастыратын ғылыми тұжырымдама.

Антропология педагогикалық – тәрбиелеудің философиялық базасы, ол арқылы тәрбиенің құрылымын тек адамның тұтас табиғатының құрылымымен арақатынасын түсінуге мүмкіндік береді; тұлғаның қоғамның және танымның дамуының табиғаты және мәні туралы педагогикалық түсіндірілген білімі; «адамды оның табиғатын барлық көрінісінде тәрбиелеу өнеріне арнайы салып зерттеу» (К.Д.Ушинский). А.п. бойынша тәрбие адам болмысының атрибуты ретінде түсініледі.

Анықтама (дефиниция) – сол арқылы ұғымның мазмұны ашылатын, бұл ұғымды бейнелеген объектілердің мәнді белгілері мәлім болатын логикалық әдіс. Оқыту процесінде А. терминдердің, бастау ұғымдардың дәлме-дәл мағынасын белгілеу үшін пайланылады.

Арсыздық - моральдық норманы қара ниетілікпен аяққа басу, адамға маңызды және қымбат нәрсеге арсыздықпен қарау. Арсыздық – рухани кедейлік, идеясыздық, жүрексіздік қасиет. Оған ұзданы алдында азап шегу сияқты сезім жат. Арсыз адамдар еңбекке ынтасыз, өзін ұжым мүшесі деп сезінбейді, достықты, жолдастықты және өзара көмекті мойындамайды.

Артефакт /лат. arte – жасанды, factus - жасалған/ - кездейсоқтық факторлардың әсерінің нәтижесінде бұрмаланған, дәл емес факт.

Аспирантура - оқу орындары мен ғылыми мекемелерде біліктілігі жоғары ғылыми және ғылыми-педагог кадрлар даярлау нысаны.

Аспирант - /лат. Aspirant-бір нәрсеге умтылушы/- жоғары оқу орындарында және ғылыми-зерттеу мекемелерінің педагогикалық және ғылыми іс-әрекетке даярланып жатқан адам.

Ассоциация /лат.associо-қосамын/ - психикалық құбылыстардың арасындағы байланыс, онда біреуін актуализациялау /түйсікте, қабылдауда, есте/ басқа түйсіктердің, елестердің, еске түсірудің т.б. пайда болуын қамтамасыз етеді.

Ата-ана беделі - балардың көзінше әкесі мен анасының өмірлік тәжірибесінің жеке сапаларының жоғары мәнділігі және осыған негізделген ата-аналардың балаларға әсерінің күші.

Ата-аналар комитеті – мектептің өзін-өзі басқару ұйымдарының бірі. Оны ата-аналар жұртшылығы құрады және ол мектептің оқу-тәрбие және шаруашылық міндеттерді шешуге көмектеседі. А.-а. к. белсенді, ықыласты ата-аналардан құрылады.

Ата-аналар комитеті жұмысының жемісті болу шарты – мүшелерінің ата-аналар ұжымының есеп беруі болып табылады.

Аутизм /гр.autos-өзі/ - ішкі дүниесіне бағытталған зейіндік психикалық жағдай, адамдар тобынан, ұжымынан жатсыну, шеттеу, аутизм дұрыс емес тәрбиенің және ауырғандықтың нәтижесі.

Аффект - /лат.affectus/ - ішкі сезімнің тынышсыздығы, құмарлық – қатты көріністегі денелік қозғалыспен болатын қысқа мерзімді, бұрқ етпе, өте күшті эмоциялық реакция. Аффект күйде адам көбіне өзінің не істегенін нашар аңғарады, өзін-өзі ұстай алмай қалады. Аффект қауіпті, көбінесе күтпеген жағдайда адамның

соған сәйкесті шешімін таба алмағанда дамиды. Қоғамдағы мәдени мінез-құлықтың тұрақты әдеттерін бойына жинаған тәрбиелі адам аффектіні тежей алады.

Ахуал психологиялық - топтағы және ұжымдағы психологиялық құбылыстарға жататын эмоционалдық, әлеуметтік, бағалаушылық сипаттағы әлеуметтік-психологиялық ұғым. Синонимі- психологиялық атмосфера.

Ә

Әдет - әрекет, оны орындау қажеттілікке айналған; бұл оң эмоция көрінісінде қалыптасқан дағды. Адамгершілік әдет қалыптастыру, мысалы тәртіптілік әдет-тәрбиенің маңызды міндеті.

Әдет – жеке адамның өмірінде тұрақтанып қалыптасқан, бойына дарын үйреншікті болып кеткен қылық, адамның санасына тәуелсіз түрде қажеттілігіне айналып, қалыптасып кеткен тұрақты дағды.

Әдет – адамның тума қасиеті емес, оның қалыптасуына шартты рефлексдер жүйесі немесе динамикалық стереотиптер негіз болады.

Әдет түрлері: гигиеналық-санитарлық, мәдени, еңбек, адамгершілік т.б.

Әдет-ғұрып - рәміз арқылы көрсетілетін әрекет, қимыл. Әдет-ғұрып арқылы белгілі салттар мен дәстүрлер байқалады.

Әдіс /гр. Methodos - танып білудің немесе зерттеудің жолы, теория, ілім/ - танып білу жолы; іс-әрекеттің, істің тәсілі, шындықты меңгерудің практикалық және теориялық тәсілдер мен операциялардың жиынтығы.

Әдіс құрылымы – онда міндетті түрде тәсілдер және құралдар баршылық.

Әдіснама - іс-әрекеттің теориялық және практикалық ұйымдастырудың және құрудың принциптерінің және тәсілдерінің жүйесі.

Педагогикадағы әдіснама – тану принциптері, әдістері, формалары және процедуралары туралы ілім.

Жүйелілік тұрғы – салыстырмалы дербес компоненттер бөлек-бөлек қарастырылмай, олардың өзара байланысында, басқалармен жүйеде қарастырылады.

Тұлғалық тұрғы – тұлға ретінде адамның әлеуметтік, іскер және шығармашылық мәні бар екендігі ұғымы орнатылады.

Іс-әрекеттік тұрғы – іс-әрекет тұлғаның дамуының негізі, құралы және шешуі шарты болады.

Полисубъектілік тұрғы – адамның мәні оның іс-әрекетінен әлдеқайда жан-жақты, күрделірек және кеңірек.

Культурологиялық тұрғы – бұл адамның құндылықтар жүйесі ретінде мәдениетпен объективті байланыспен шартталған.

Этнопедагогикалық тұрғы – бала нақты әлеуметтік мәдени ортада өмір сүреді және оқиды, белгілі бір этностың өкілі.

Антропологиялық тұрғы – адам туралы бүкіл ғылымдардың мәліметтерін пайдалану және оларды педагогикалық процесті құрғанда және жүзеге асырғанда есепке алу.

Әдістеме /методика/ - 1) бір нәрсені практикалық орындаудың әдістерінің, тәсілдерінің жиынтығы; 2) қандай да бір ғылымды оқытудың әдістері туралы ілім.

Әдістемелік жұмыс – ғылым және озат педагогикалық тәжірибе жетістіктеріне, оқу-тәрбие жұмысының нақты талдауына негізделген, әрбір мұғалімнің, ұстаздың, тәрбиешінің, оқу мекемесі басшысының, білім беру жүйесінің басқа да

қызметкерлерінің педагогикалық мамандық дәрежесін және кәсіби шеберлігін көтеруге (педагогтардың кәсіби өзі өзіне білім беруді, өзін-өзі тәрбиелеуді, өзін өзі жетілдіруді басқару бойынша шараларды да есептегенде), тұтас педагогикалық ұжымның теориялық мүмкіндігін дамыту мен көтеруге және оқушыларға нақты білім беру, тәрбиелеу мен дамытудың үйлесімді деңгейіне жетуге бағытталған өзара байланысты шаралардың, қызметтердің жүйесі.

Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру формалары – «Әдістемелік күн»; әдістемелік кеңес, пәндік-әдістемелік бірлестік, проблемалық семинар, конференция.

Ә.ж. мазмұны: мұғалімнің жалпы мәдени дайындығы, кәсіби-адамгершілік мәдениеті, жалпы мәдениеттілігі, әдіснамалық мәдениеті, зерттеушілік мәдениеті, диагностикалық мәдениеті, басқару мәдениеті.

Әдістемелік ұсыныстар- әдістемелік басылымы, онда оқыту-тәрбиелеу үрдісін нәтижелі жүргізуге арналған қысқа және анық ұсыныстардың және нұсқаулардың кешені баршылық.

Әлеуметтендіру- адамның қазіргі уақытта қазіргі қоғамға, әлеуметтік қауымға, топқа тән құндылықтарды, нормаларды, мінез-құлық үлгілерін меңгеруі және оның әлеуметтік байланыстарды және әлеуметтік тәжірибені қайталауы.

Әлеуметтену факторы - әлеуметтену үрдісі өзіне қажет жағдайларды туғызатын шарттар, факторлар. А.В.Мудрик бойынша әлеуметтенудің факторлары 3 топқа біріктіріледі:

макрофакторлар (ғарыш, планета, әлем, ел, қоғам, мемлекет), олар планетаның барлық тұрғындарының немесе белгілі бір елде өмір сүретін адамдардың үлкен тобының әлеуметтенуіне әсер етеді;

мезофакторлар (мезо – орташа, аралық) – ұлттық сипаты (этнос - әлеуметтену факторы), олар өмір сүретін жердің орны мен типі (аймақ, қала, ауыл); БАҚ және коммуникацияның аудиториясына байланысты анықталатын адамдардың үлкен тобының әлеуметтену жағдайлары;

микрофакторлар – нақты адамдарға тікелей әсер етушілер – жанұя, достары, микроортасы, әлеуметтік тәрбие жүргізілетін ұйымдар – оқу, кәсіби, қоғамдық және т.б.

Әлеуметтік /социальная педагогика /лат.socium-қоғам/-қоғамдық тәрбиенің мәселелерін зерттейді. Оның пәні-әлеуметтік ортаның жеке адамның қалыптасуына әсерінің заңдылықтары.

Әлеуметтік психология - бұл әртүрлі әлеуметтік қауымдардың-топтардың, ұжымдардың психикалық көріністерін (олардың көңіл-күйін, қоғамдық пікірін, еліктеуін т.б.), топтар мен ұйымдардағы адамдар арасындағы өзара қатынастар сипатын, олардағы жеке адамның алатын орнын зерттейді.

Әрекет, қылық /действие/ - іс-әрекеттің элементі, оның мақсаты енді бөлінбейді. Психикалық актілердің тәсіліне қарай сенсорлық, моторлық, еріктік, ойша әрекет деп бөледі. Жаттығу процесінде әрекет санаға тәуелді автоматтандырылған дағды болады, кейде бағынбайтын жаман әдетке немесе импульсивті әрекетке айналады.

Б

Байқау - жеке адамның танып білгісі келген объектіні мақсатты, жоспарлау түрде қабылдауы.

Бақылау оқытуды – мұғалімдер мен мектептердің жұмыстарын тексерудің әкімшілік-ресми тәртібі, нәтижелерін басқару шешімдерін қабылдау үшін қызмет ету, мұғалімнің оқушылар білімін тексеруі және бағалауы.

Бақылау түрлері – алдын ала бақылау, ағымдық, күнделікті, аралық қорытынды. Әр сабақта оқушылардың оқу материалдарын игеруге жүйелі түрде бақылау түрі – ағымдық бақылау болып табылады.

Оқыту нәтижесін анықтау мұғалім тұлғасынан тәуелсіз болуын талап ететін бақылау принципі – объективтілік.

Педагогикалық ұжымның, жеке мұғалімнің іс-әрекетіндегі барлық бағыттарын тексеру – фронтальды (жаппай) бақылау.

Тақырыптық бақылау – бағдарламаның бір бөлімі бойынша білім деңгейін бақылау. Педагогикалық ұйымның, жеке мұғалімнің іс-әрекетіндегі нақты бір бағытты, бөлікті тексеру – тақырыптық бақылау.

Бақылау әдістері – оқытудың жетістігі, оқу процесінің тиімділігі туралы мағлұмат алу мақсатында оқыту процесінде қарама-қарсы байланысты қамтамасыз ететін мұғалім мен оқушылардың бірізді, өзара байланысты диагностикалық қызметтердің жүйесі.

Ауызша б.ә. – сұқбат, оқушы әңгімесі, түсіндірме, мәтінді оқу, технологиялық карталар, сызбалар, тәжірибе туралы хабарлар.

Жазбаша б.ә. – бақылау жұмысы, мазмұндама, шығарма, диктант, реферат.

Тәжірибелік б.ә. – лабораториялық сынақтар, бұйымдарды жасауды, аппарат монтаждауды бағалау.

Дидактикалық тестілер б.ә. ретінде. Дидактикалық тест – белгілі бір материал бойынша оқушылардың оны меңгеру дәрежесін анықтайтын стандартты сұрақтар жиынтығы.

Тәрбие жұмысын б.ә. – бақылау, құжаттарды тексеру, тестілеу, сауал, оперативті талдау, есеп.

Байтұрсынов Ахмет /1873-1937/ - қоғам қайраткері, ғұлама турколог, жазушы, публицист, ағартушы-педагог. Ахмет Байтұрсынов өзінің барлық саналы өмірін қазақ қоғамында білім-ғылымының дамуына, мектеп ағартушылық ісінің жанданып кемелденуіне бағыштады. Ол ауыл мектебінде, семинарларда бала оқытты, оқу-тәрбие жұмысын жетілдіру саласында көп ізденді, “Әліпби” 1912 “Тіл құралы” /1928/, атты кітаптары қазақ тілінің табиғаты, өзгешеліктері, араб алфавитінің жайы, терминдер, қазақ тілін оқытудың әдістемесі туралы көптеген мақалалар жазуы, 1926ж. Бакуде болған туркологтардың Бүкілодақтық I Съезіне қатынасып, бірнеше комиссия жұмысын басқаруы, Қазақстан оқу-ағарту комиссариатындағы жұмысы – осының бәрі оның қоғамдық, мәдени, ағартушылық, ғылымдық қызметінің алуан түрлі қомақтылығын аңғартады.

1913-17 жылдары “Қазақ” газетінің редакторы, 1918-19 жылдары Алашорда қатарында, 1922-25 жылдары Қазақстан Халық ағарту комиссариаты жанындағы Ғылыми әдеби комиссиясының төрағасы, халық ағарту комиссары, 1925-29 жылдары Қазақ Халық ағарту институтында /Ташкент/ және КазПИ-де оқытушылық

қызмет атқарады. 1938 жылы халық жауы ретінде ұсталып, өлім жазасына кесілді, 1988ж. толық ақталды.

Ахмет Байтұрсынов қазақ ғылымы мен мәдениеті, тәлім-тәрбие, оқу ісіне сіңірген орасан зор еңбегінің тарихтан өшпес орын алатын бүгінгі демократия мен әділеттілік салтанат құрған дәуірде өмір шындығы дәлелдеп берді.

Балаға деген сүйіспеншілік - сүйіспеншілік жоғары сезім, жеке адамның басқа адамға деген терең эмоционалдық құштарлығында көрінісін табады.

Балаға деген сүйіспеншілік сүйіспеншіліктің формаларының бірі. Өз баласына деген сүйіспеншілік жалпы балаға деген сүйіспеншілікке жеңіл ұласады. Бірақ тұрмыстың, тәрбиенің және қарым-қатынастың кемшіліктері теріс эмоция туғызып, БДС сөндіре алады.

Балалық қаталдық – баланың адамдарға не жануарларға азап шектіруі. Б.к. қастық ниетпен жасалмайды. Ол мұны заттар мен құбылыстардың қасиеттерін білмегендіктен, өз қылығының зардаптарын ұғынбағандықтан, ойланбай әрекет жасайды, өзін-өзі бақылауы босаң болады. Әйтсе де мұның бәрі баланың қаталдығын ақтамайды және тиісінше тәрбиелік ықпал жасауды қажет етеді.

Балалар-жастар спорт мектебі– кешенді /2-5спорттың түрі/ немесе спорттың бір түріне арналған мекеме. Қосымша білім беру жүйесіне жатады.

Баяндама - документтерге негізделген тақырып бойынша хабарлама. Б. қойылатын талаптар: ақпараттылық пен ойды аз сөзбен мейлінше тұжырымды, анық етіп жеткізу шеберлігі, ықшамдылық, айқындылық.

Базистік оқу жоспарының вариативтік /өзгермелі/ бөлігі - базистік оқу жоспарының бөлімі, ұлттық, аймақтық және жергілікті әлеуметтік мәдени ерекшеліктері мен дәстүрлерін есепке алу мақсатына сай келетін, оқушылардың бағытталғандығына және қызығушылығына сәйкес олардың дамуының жекелік сипатын қамтамасыз етеді.

Бакалавр - жоғары кәсіптік білімнің тиісті білім беру бағдарламаларын меңгерген адамдарға берілетін академиялық дәреже мен біліктілік.

Басқару - әрекеттердің тобы: процесті жоспарлау, ұйымдастыру, бақылау, ол процеске ынталандыру және оның нәтижесін талдау.

Басқару теориясы - ғылыми пән, оның объектісі -тәрбиелік жүйені басқару процесі, пәні - басқару процесінің қарама-қайшылықтары, заңдылықтары, қатынастары; оның дамуын қамтамасыз ететін жағдайлары, одан келіп тәрбие жүйелерінің өміршеңдігі және дамуы болады.

Басқарудың демократиялық стилі - демократиялық централизм принципіне, басқарушылардың пікірін есепке алуға негізделінген басқарудың іс-әрекетінің стилінің типі.

Басқарудың либералдық стилі - бассыздық, бетімен жіберушілік. Мұғалім ұжым өміріне араласпауға тырысады, белсенділік танытпайды, мәселелерді формальды қарастырады, болып жатқан жағдайларға жауапты болмауға тырысады, беделі жоқ.

Басқарудың авторитарлық стилі - негізінен жетекшінің беделіне негізделген басқару іс-әрекетінің стилінің типі. Егерде басқару негізінен еріктік тәсілдеріне сүйенсе, онда басқарудың авторитарлық стилі әміршілікке, билеп-төстеуге ауысып, өктемділікті тым артық пайдалануда көрінісін табады.

Бала – он сегіз жасқа /кәмелетке/ толмаған адам. Баланың заңды өкілдері-ата-анасы, бала асырап алушылар, қорғаншысы, қамқоршысы, патронат тәрбиелеушісі,

Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес олардың орнында қамқорлық жасайтын, білім, тәрбие беретін, баланың құқықтары мен мүдделерін қорғайтын адамдар.

Баланың әлеуметтік бейімделуі–өмірлік қиын ахуалға тап болған баланың қоғамдағы құндылықтарды, мінез-құлық ережелерімен нормаларын игеру және қабылдау арқылы әлеуметтік ортаның жағдайларына белсенді түрде бейімделу процесі, сондай-ақ басынан кешірген психологиялық және моральдық зардаптарды еңсеру процесі.

Бала құқықтарын қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын ұйымдар-бұл ұйымдық-құқықтық нысанына қарамастан, балаларды әлеуметтік қолдауды, әлеуметтік-тұрмыстық, медициналық-әлеуметтік, әлеуметтік-педагогикалық, психологиялық-педагогикалық, құқықтық қызмет көрсетулермен материалдық көмек көрсетуді, өмірдегі қиын ахуалға тап болған балаларды әлеуметтік оңалтуды, мұндай балалар еңбекке қабілетті жасқа жеткенде олардың жұмыспен қамтылуын қамтамасыз етуді жүзеге асыратын ұйымдар.

Балаларды қорғаудағы халықаралық құжат – «БҰҰ-ның балалар құқығы туралы» конвенция, Қазақстанда – «ҚР баланың құқықтары туралы» Заңы (2002).

Батавия-жоспар – XIX ғ. аяғында Американың Батавия қ. пайда болған жекелендіріп оқытудың жүйесі. Көп оқушылары бар сыныбында 2 мұғалім жұмыс істейді: негізгі мұғалім сабақта фронтальды жұмысты жүргізеді, ал ассистент сабақтан кейін жеке сабақтарды өткізеді.

Белл-Ланкастер жүйесі – Англия капиталистік даму жолына түскенде жаппай оқытудың қажеттілігімен пайда болды. Мұғалім Ланкастер және священник Белль «сатылы» оқытудың немесе «өзара оқытудың» айрықша жүйесін ұсынды, бұл жүйе мұғалімдерге деген үлкен тапшылық жағдайында бір мұғалімнің жас шамасы әр түрлі 200-300 оқушыны оқытуына мүмкіндік берді. Ол мынадай жолмен жүзеге асырылды: мұғалім түске дейін ересектер тобындағы оқушылармен – оныншылармен немесе мониторлармен сабақ өткізді; түстен кейін бұлар өздерінен кішілермен сабақ өткізіп, оларға өз білімдерін үйретті.

Бедел (авторитет) auctoritas /лат.-билік. ықпал/ - жеке адамның немесе топтың белгілі бір белгілері, еңбегі арқылы жалпы қабылданған әсері, ықпалы, мәнділігі. Әлеуметтік дәрежесіне қарай шынайы және жалған бедел деп бөледі.

Белсенділік - әлеуметтік және психикалық белсенділігінің түрі: жеке адамның белгілі бір іс-әрекетке бағытталғандығының қарқыны. Тіршілік және іс-әрекеттері барысында адамның қарым-қатынас жасау, таным және өзін-өзі тәрбиелеу белсенділігі дамиды.

Бекіту білімді - оқушылардың білімді берік уғынуының тиімді тәсілі.

Бейне (образ) –дүниенің субъективті суреті, онда субъектінің өзі, басқа адамдар, кеңістік қорғау, уақиғалардың уақытының бірізділігі баршылық.

Бейін алды даярлық – білім алушының жеке білім беру траекториясының негізгі орта білім беруді таңдауын мақсатты педагогикалық қолдау.

Бейінді оқыту – білім алушылардың мүдделерін, бейімділігі мен қабілеттерін ескере отырып, оқытуды саралау және даралау процесі, білім беру процесін ұйымдастыру.

Блоктық оқыту (блочное обучение) - программалап оқыту идеясын дамытады, ол икемді бағдарлама арқылы жүзеге асырылып, оқушыларға әртүрлі интеллектуалдық

операцияларды орындауға және оқу есептерін шешкенде алған білімді қолдануды қамтамасыз етеді. Тақырыппен белгіленген материалды меңгеру үшін оқыту бағдарламасының мынадай блоктары белгіленеді: информациялық блок; тестілік-информациялық /меңгергенді тексеру/; түзету-информациялық /дұрыс жауап берілмесе -қосымша оқыту/; проблемдік блок /алған білім негізінде есеп шығару/; тексеру және коррекциялау блогы.

Келесі тақырыпты оқу жоғарыдағы бірізділікті қайталайды.

«Болашақ» халықаралық стипендиясы – ҚР Президентінің ҚР азаматтарының шетелдік оқу орындарында күндізгі оқыту нысанында оқуы және мемлекеттік ғылыми ұйымдар мен ЖОО ғылыми қызметкерлерінің әлемнің жетекші ЖОО, ғылыми орталықтары мен зертханаларында тағылымдардан өтуі үшін тағайындайтын стипендиясы.

“Болмайды!” - адамгершілік әдет, мотивтер күресінде негізгі мотив болады, сондықтан бұл әдетті кішкентайынан тәрбиелеу қажет.

Болжау /гипотеза-гр.hypothesis-болжау/ - тексеруді және дәлелдеуді талап ететін, қандай да бір құбылысты түсіндіруге арналған жорамал.

Бойскаутизм /ағыл. boy- бала + scout - барлаушы/ - ХХ ғасырдың басында Англияда балалардың скауттық ұйымдары пайда болуы. Бұл көп тараған мектептен тыс тәрбие жүйесі. Онда азаматтық тәрбиемен бірге /үлкендерді тыңдау, корольге, Отанына берілгендік т.б./ ойын, спорт, туризм, техника, өзіне-өзі жұмыс істеу дағдыларына үйрету, жыл сайын лагерь ұйымдастыру, жорық т.б. формаларды кеңінен пайдаланады.

Брошюра - кезендік емес кітаптық басылым, оның көлемі 4 беттен артық та, 48 беттен кем емес.

Біліктілік /квалификация/ - бітірушінің білім туралы құжатында көрсетілген кәсіптік қызметті орындауға немесе білімін жалғастыруға деген кәсіби даярлығының түрі мен дәрежесі.

Білім - шындықты танып білу процесінің нәтижесі, оның адам санасында елес, ұғым, пікір, ой тұжырымы, теория түрінде сәйкесті көрінісі. Шынайы білім - танудың нәтижесі, қоғамдық-тарихи практикамен тексерілген және логикамен көз жеткізілген. Білім арқылы жеке адам табиғаттың және қоғам құбылыстарының объективті жақтарын зерттейді, түсінеді, ұғады.

Білім беру - қоғам мүшелерінің адамгершілік, интеллектуалдық мәдени және дене дамуы мен кәсіби біліктілігінің жоғары деңгейіне қол жеткізуді мақсат ететін үздіксіз тәрбиелеу мен оқыту процесі. Білім беру ұғымын ең алғаш рет педагогикаға енгізген Иоганн Генрих Песталоцци.

Білім беру жүйелерін басқару ғылыми білімнің саласы ретінде - Білім беру жүйесін басқару - бұл білім беру жүйесінің және оның негізгі бөліктерінің тұрақты жұмыс істеуіне және тиімді дамуына бағытталған шешімдерді жасаудың және жүзеге асырудың циклды түрде қайталанатын процестердің өзара байланысты жиынтығы.

Басқару шешімінің құрылымы:

1 саты - 1 кезең – Мәселені талдаудың кезеңі: міндетті тұжырымдау - жағдайды, материалдық және адамдық қорды (ресурстарды) талдау, міндетті шешудің көптеген варианттарын қалыптастыру.

1 кезең - Шешімнің моральды вариантын бағалаудың және таңдаудың, оптимальды

шешім таңдаудың кезеңі.

II саты - 3 кезең - Шешімді жүзеге асырудың жолдарын жасау.

4 кезең - Қабылданған шешім туралы ақпарат.

5 кезең - Орындаушыларды таңдау және даярлау.

6 кезең - Шешімді орындауға байланысты оперативті жұмысты ұйымдастыру - қажетті құжаттар мен қамтамасыз ету, бүкіл буындардың жұмысын үйлестіру, сәйкесті ахуалды жасау, орындаушылық тәртіпті қамтамасыз ету, шығармашылық бастамашылықты қолдау т.с.с.

7 кезең - Қадағалау және түзету.

8 кезең - Шешімді орындаудың нәтижесін талдау және жаңа мәселелерді анықтау.

Басқарушылық шешімді қабылдаудың тәсілдері

- шешімге деген қызығушылықтың жеткіліксіздігі;
- авторитарлық ұстаным бойынша;
- көпшілікпен;
- көпшіліктің қарсылық көрсетпей, азшылықпен қабылдануы;
- бірауыздан шешім қабылданды;
- келісімге келу арқылы шешімнің қабылдануы.

Шешімді қабылдаудың тиімді шарты мониторинг болып табылады. Мониторинг - шешімді орындалуының барысын тұрақты түрде бақылау. Оның мақсаты - шешімнің қойған нәтижеге немесе бастапқы болжамға сәйкестігін анықтау.

Білім беру жүйелерін басқарудың ұстанымдары:

- демократизация және гуманизация;
- жүйелілік және тұтастық;
- жеке басқарудың және өзін-өзі басқарудың өзара байланысы;
- ғылымилығы;
- құзырлығы (компетентность);
- оптимальдығы.

Білім беру мекемесіндегі басқарушылық еңбек.

Басқару - ұйымның жұмыс істеу мақсатын тұжырымдауға және орындауға мүмкіндік беретін жоспарлаудың, ұйымдастырудың, себептендірудің және қадағалаудың жүйелі процесі.

Басқару еңбегінің ерекшеліктері:

- әрекеттің үш түрінен тұратын ақыл-ой еңбегі болады;
- ұйымдастырушылық - әкімшілік және тәрбиелеушілік;
- талдаушылық және конструктивтік;
- ақпараттық- техникалық;
- материалдық игіліктерді жасауға қатысады және басқа қызметкерлердің еңбегі арқылы қызмет көрсетеді;
- еңбек заты - ақпарат;
- еңбек құралы - ұйымдастырушылық және есептеу техникасы;
- еңбек нәтижесі — басқару шешімі;
- негізгі функциялары: жаспарлау, ұйымдастыру, себептендіру, қадағалау.

Білім беру жүйелерін басқарудағы ақпарат

Білім беру жүйелерін басқарудағы ақпарат - талапқа сай тұтастық педагогикалық процесті жүзеге асыруға септігін тигізетін статистикалық, психолого-педагогикалық және сапалы мәліметтердің қатаң анықталған кешені.

Басқарушылық ақпаратқа қойылатын талаптар: объективтілігі; толықтығы және жан-жақтылығы; уақытына сәйкестігі; тұжырымның анықтығы; оперативтілігі.

Білім беру мекемелеріндегі басқару еңбегінің ерекшелігі:

- әрбір білім беру мекемесі өз жұмысында жекелігі мол болады;
- басқару еңбегі оқшауланған бола алмайды;
- білім беру басшысының еңбегіне оны құрайтын әр түрлі көптеген бөліктері тән;
- жұмыс барысының ырғағының күрделілігі, ауырлығы, күтпеген стресстік, тартыстық жағдайлардың пайда болуы;
- басқару объектісінің ерекшелігі;
- басқарудың объектісінің бірі (педагогикалық ұжым) сонымен қатар басқарудың субъектісі де болады;
- қарым-қатынас арнасы кең - педагогтар, техникалық персонал, әртүрлі жастағы балалар, ата-аналар, жұртшылық т.б.
- педагогтың жұмысының ерекшелігі мол, сондықтан ол қатаң программдауға және объективті бағалауды қиындатады;
- педагогикалық ұжым ерекше типтегі еңбек коллективіне жатады.

Білім беру жүйелерін басқарудың әдістері: нормативтік; ұйымдастырушылық-әкімшілік (ұйымдастырушылық-тұрақтандырушы; жарлықты; ынталандырушы әсер ету әдістері); педагогикалық; әлеуметтік-психологиялық; экономикалық; психологиялық.

Білім беру мазмұны - ғылыми білімнің, іскерліктің және дағдының жүйесі. Осы жүйенің негізінде оқушылардың ақыл-ойы, қабілеті дамиды, ғылыми-материалистік көзқарасы, мінезі қалыптасады.

Білім беру процесінің мониторингі - білім беру процесінің информациясын жинау, өңдеу компьютерлік технологияны пайдалану негізінде оның барысын, нәтижесін және пәрменділігін үздіксіз қадағалау, байқау.

Білім берудегі авторитаризм - оқытушылар мен оқушылардың өзара әрекетінің түрі. Оқушылардың еркін және көзқарасын сөзсіз және қатаң зорлап, беріп жатқан білімнің мазмұнын, әлеуметтік құндылықтарды және мінез-құлық нормаларын сенімге алу талабымен сипатталады.

Білім беру мекемелері - білім беру процесін жүзеге асыратын мекемелер, яғни жастарды оқытып және тәрбиелеуді қамтамасыз ету. Оларға кіретіндер: мектепке дейінгі; жалпы орта білім /жалпы бастауыш, жалпы негізгі, жалпы орта білім беру/; мектептен тыс тәрбие мен оқыту; кәсіптік бастауыш білім беру, кәсіптік орта білім беру, кәсіптік жоғары білім беру; арнаулы, яғни дамуында ауытқушылықтары бар балаларды оқыту мен тәрбиелеу; қосымша білім беру мекемелері; жетім балалар, ата-аналарынан қорғансыз қалған балаларға арналған мекемелер т.б.

Өздерінің құқықтық-ұйымдастырушылық формаларына қарай білім беру мекемелері мемлекеттік, мемлекеттік емес (жеке, қоғамдық және діни ұйымдардың) болуы мүмкін.

Білім беру мекемелерін лицензиялау - эксперттік комиссиясының шешімі негізінде білім беру басқару ұйымдарының білім беру іс-әрекетін жүргізу құқығын беретін лицензиясы. Ведомстволық бағыныстылығы мен меншік нысандарына қарамастан, білім беру ұйымдарының білім беру қызметі Қ.Р. лицензиялау туралы заңдарына сәйкес лицензиялануға тиіс.

Білім беруді информатизациялау - білім беру жүйесін микропроцессорлық техникаға негізделген ақпараттық өніммен, құралдармен және технологиялармен қамтамасыз етуге бағытталған шаралардың комплексі.

Білім берудің стандарттары - ағыл.стандарт: орнатылған үлгі, норма, өлшем әрбір білім беру деңгей бойынша: білімнің мазмұнына; оқып және тәрбиеленіп жатқандардың оқу жүктемесінің ең көп көлеміне; білім сапасын мемлекеттік бақылаудың ережелері мен рәсімдеріне; білім алушылардың даярлық деңгейіне; білім алушылардың белгілі бір білім беру бағдарламаларын меңгеруін куәландыратын құжаттардың нысандарына қойылатын жалпы талаптардың жиынтығын айқындайтын білім берудің мемлекеттік жалпы міндетті стандарттары белгіленеді.

Білім беру деңгейлері - білім беру бағдарламаларының үздіксіздігі мен сабақтастығы принципі негізінде мынадай білім беру деңгейлері белгіленді: мектепке дейін тәрбиелеу мен оқыту; орта білім беру; кәсіптік жоғары білім беру; жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білім беру.

“Білім туралы” Заң - білім беру саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейді, осы аядағы мемлекеттік саясатының негізгі принциптерін белгілейді және Қ. Р. азаматтарының білім алуға конституциялық құқығын қамтамасыз етуге бағытталған құжат. 2007-ші жылы қабылданды.

Заңның тараулары: 1 – жалпы ережелер; 2 – білім беру жүйесін басқару; 3 – білім беру жүйесі; 4 – білім беру мазмұны; 5 – білім беру қызметін ұйымдастыру; 6 – білім беру қызметінің субъектілері; 7 – педагог қызметкердің мәртебесі; 8 – білім беру саласындағы мемлекеттік реттеу; 9 – білім беру жүйесін қаржылық қамтамасыз ету; 10 – білім беру саласындағы халықаралық қызмет; 11 – ҚР білім беру саласындағы заңнамасын бұзғаны үшін жауаптылық.

Заңдағы жаңалық – педагог қызметкерлердің мәртебесі туралы норманың негізделуі.

Заңда 12 жылдық білімнің құрылымы анықталды. Ол: бастауыш білім – 4 жыл, 1-4 сыныптар; негізгі орта білім – 6 жыл, 5-10 сыныптар; жалпы орта білім – 2 жыл, 11-12 сыныптар.

Кредиттік технологияға негізделген жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің үш деңгейлі моделі (бакалавриат – магистратура – докторантура PhD) заңнамасымен бекітіліп отыр.

Білім беру процесіне қатысушылардың жауапкершілік шараларын күшейтуге бағытталған принцип өзгерістер мен толықтырулар «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» ҚР Кодексіне енгізілді. Ол 5-тен 50 есеге дейінгі айлық есептік көрсеткіштегі айыппұл қарастырылған мынадай жаңа 20-1 тараумен толықтырылды. Олар: педагог қызметкерлердің педагогикалық этика нормаларын бұзуы; білім беру саласындағы заңнамада қарастырылған ата-аналар орындауға жатпайтын міндеттер; білім беру ұйымдары басшыларының оқушылар мен қызметкерлердің денсаулығына жеңіл залал келген жағдайда орындауға жатпайтын міндеттері; лицензиялық талаптар деп мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын бұзушылық.

ҚР «Білім туралы» заңына сәйкес Қазақстанның әлемдік білім беру кеңістігіне кіру міндеті: білім берудің құрылымы мен мазмұнын жаңарту; оның технологиясын жетілдіру; білім беру сапасының ұлттық бағалау жүйесін дамыту жолдары арқылы шешіледі.

Білім алушыларды қортынды мемлекеттік аттестаттау - олардың тиісті білім деңгейінің мемлекеттік жалпы міндетті стандарттарын меңгеру дәрежесін анықтау мақсатымен жүргізілетін, нәтижелері бойынша білімі туралы құжат (куәлік, аттестат, қызмет куәлігі, диплом) берілетін рәсім.

Білім беру мекемелерін аттестациялау - білім беру мекемелерін бітіріп шығарушылардың даярлығының мазмұнының, дәрежесінің және сапасының мемлекеттік білім беру стандарттарының талаптарына сәйкестігін орнату.

Б.Б.М.А. - тиісті білім беру деңгейінде олар көрсететін білім беру қызметінің мемлекеттік жалпы міндетті талаптарына сәйкестігін бақылау мақсатымен жүргізілетін рәсім.

Білім туралы құжаттарды нострификациялау - басқа мемлекеттерде, халықаралық немесе Қазақстан Республикасында құрылған шетелдік оқу орындарында /олардың филиалдарында/ білім алған азаматтарға берілген құжаттардың баламалалығын анықтау мақсатымен жүргізілетін рәсім.

Білім беру гранты - білім алушыларға кәсіптік білімге төлеу үшін тегін берілетін нысаналы ақша сомасы.

Білім мекемелерінің кадрларын аттестациялау - белгілі бір критерийлер бойынша педагогикалық кадрларды бағалау. Ол 7 разрядтан 14 разряд аралығында болады. 12 разряд - 11 санатты, 13 разряд- 1 санатты, 14 разряд-жоғары санатты мұғалімге сай келеді.

Білім беру саясаты - білім беру жүйесін ұйымдастырудағы және білім беру ісін жүзеге асырудағы мемлекет өкімет ұйымдарының әрекеті. Б.Б.С. заң шығарудағы, қаржы саясатын, білім беруді басқаруды және жоспарлауды қамтиды. Б.Б.С. методологиялық негізі- заң ғылымы, құқық, экономикалық теория және басқару теориясы.

Білім беру жүйесін реформалау /лат.реформа-қайта құру, өзгерту/ - оның бағыттары: білім берудің мазмұны, оқу бағдарламалары, оқулықтар, білім берудің құрылымы, басқару мен жоспарлау, білім берудің сапасы, жеке тұлғаны тәрбиелеу және дамыту, педагогтік білім беру.

Білім беру мекемесінің жарғысы - оның жұмысының тәртібін анықтайтын негізгі құжат, онда Б.Б.М.аты, орны, мәртебесі, құрылтайшысы, білім беру процесінің мақсаты, ұйымдастырылуы т.б. көрсетіледі.

Білім беру кредиті - білім алушыларға кәсіптік білім алуға төлеу үшін берілетін нысаналы кредит.

Білім беру қызметі – білім беру субъектілерінің мақсаты, педагогтік негізделген, дәйекті өзара іс-қимылы барысында жеке адамды оқыту, дамыту және тәрбиелеу міндеттері шешілетін процесс.

Білім беру ұйымының филиалы - білім беру ұйымының одан тыс жерде орналасқан және білім беру бағдарламаларын толық көлемінде іс жүзінде асыратын құрылымдық бөлімшесі.

Білім беру жүйесі - елде білім беру-тәрбиелеу жұмысын жүзеге асыруға арналған өзара әрекеттегі мекемелердің жиынтығы; олардың іс-әрекетінің мазмұны; білім беру мекемелерін басқару мүшелері.

Білім беру технологиясы - қатысушылардың комфорттық жағдайды қамтамасыз етіп, нақты нәтижеге жету мақсатындағы білім беру процесін жобалаудағы, ұйымдастырудағы, бағдарлаудағы және коррекциялаудағы мұғалімдер мен

оқушылардың бірлескен іс-әрекетінің процестік жүйесі. Б.Б.Т. кіретіндер: мақсаттық бағытталғандық, сүйенетін ғылыми жүйесі, нәтижені бағалаудың өлшемдері, нәтижесі, қолданудағы шектеуліктер.

Білім беру философиясы – білімді аксиология, онтология, гносеология, антропология тұрғысында әлеуметтік-мәдени гуманитарлық практиканың ерекше бір саласы деп қарастыратын жалпы теория.

Білімді, іскерлікті, дағдыны тексерудің функциялары - тексерушілік, оқытушылық, тәрбиелеушілік, дамытушылық, ынталандырушылық т.б. қойлатын талаптар – объективтілік, жекелік, ұдайлық, жариялылық, жан-жақты тексеру, саралаушылық, формасының әртүрлілігі, этикалық нормаларды сақтауы.

Білімді меңгеру процесінің құрлымы - қабылдау, түсіну, ұғыну, жинақтау, бекіту, қолдану.

Қабылдау – адамға тікелей әсер ететін заттардың немесе құбылыстардың адам санасында бейнелеу процесі. Сабақ үстінде оқушылардың жаңа материалмен танысуы түйсіктен және қабылдаудан басталады. Ал түйсік сананың сыртқы әлемімен байланысты. Сезім мүшелерімізге әсер етіп, оның миымызға бейнеленуін түйсік деп атайды.

Түсіну – белгісіздің, жаңаның белгілімен байланыс орнатылуының процесі; не туралы болса да дұрыс ұғымның құрылуы.

Ұғыну – бұл сапалы түрде ғылыми білімді, заңдылықтарды ұғу, фактілерді жинақтау процесі, қорытынды шығару. Ұғыну процесінде оқылатын материал терең ойластырылады, дәлелденеді және белгіленеді.

Бекіту – бұл оқушылардың білімді берік ұғынуының тиімді тәсілі. Сабақта жаңа материалды алғашқы бекіту қолданылады. Өткен оқу материалын еске түсіну үшін мұғалім күнделікті қайталауды жүргізіп отырады.

Білім, іскерлікті және дағдыны (БІД) практикада қолдану. Білімді жан-жақты меңгеру, оны практикада қолдануды қажет етеді. БІД сапасы мен нәтижесінің көрсеткіші – практика. Егер оқушы білімді практикада қолдана алмаса, бұл оның білімді үстірт қабылдағаннан, жете түсінгеннен болады.

В

“Вальдорф педагогикасы” - адамның дамуын денелік, рухани және жандық факторлардың өзара әрекетінің тұтастығы деп қарастыратын антропософтық интерпретацияға негізделген тәрбиенің және оқытудың әдістері мен тәсілдерінің жиынтығы. ”В.П.” методологиялық және дидактикалық- әдістемелік негіздерін Р.Штайнер жасады. “В.П.” міндеттері: рухани еркін адамды тәрбиелеу, адамның табиғи нышандарын барынша дамыту.

Валидность - әдістемеге /тестіге/ кешенді сипаттама, онда зерттейтін құбылыстар аясындағы мәселелер және бұл құбылыстарға диагностикалық процедуралардың сәйкестігі көрсетілген. В. бізге “тест өлшейтінін және ол оны қаншама жақсы орындайтынын” көрсетеді.

Валеология - /лат.valeo-денсаулық, сау болу/ - денсаулық жайындағы ғылым, салауатты өмір салтының ғылыми негізі, сауықтырудың, өмір іс-әрекетінің заңдылықтарын, адамның сауығу әдістерін қарастырады.

Вербалдық (лат.verbalis-сөздік) - белгі материалының формаларын көрсететін психологияда қолданатын термин.

Вербалдық оқыту - білімді хабарлауда сөздік тәсілдердің басым болудағы оқытудағы кемшілік. В.О. көрнекілік, белсенділік және саналылық, теорияны практикамен байланыстыру принциптерін жүзеге асыруға кедергі көрсетіп, нәтижесінде оқушылардың білімі формальды, толық болмай шығады.

Вербалдық қарым-қатынас - сөздік қарым – қатынас, оның процесінде белгі жүйе ретінде сөз қолданылады.

Вертуалды шындық - адамның ақпарат қарым-қатынас жүйесі, онда шындықтың көрінісін суреті /өтірік шындық/ шындыққа жақын қабылданады. Оқу бағдарламаларын жасаудың болашағы бар бағыттардың бірі.

Г

ГЕН - (гр.genos-туды,пайда болды) - қандай да бір белгінің пайда болуын қадағалайтын, тұқым қуалаушылықтың құрылымдық және функционалдық бірлігі.

Гендер – қазіргі кезде ерлер мен әйелдердің арасындағы ұқсастық пен айырмашылықтарды, олардың әлеуметтік ролдерін және т.б. талдаған кезде қолданылатын термин.

Генотип - (гр.genos-туы, пайда болуы+typos-үлгі) -организмнің тұқым қуалаушылық негізі, сол организмге және бүкіл гендердің жиынтығы.

Геронтология – қартаю процесін және қарт адамдарды зерттеу. Бұл салада өмірдің физиологиялық, әлеуметтік, психологиялық, медициналық, экономикалық және т.б. жақтары қарастырады.

Герменевтика /гр.hermenetikos/ - түсіндіретін, пайымдау, ұғындыру - құбылыстарды және процестерді танып білудің және түсіндірудің әдістерінің жиынтығы, оның негізінде рационалдық-логикалық пайымдау жатпай, түсінушілік, жекелік-субъективтік пайымдау, сезімдену, өнердің тілінің, дінінің, ойлы мәнін құралдарына негізделу болады.

Гимназия - негізгі және қосымша жалпы білім беру бағдарламаларын іске асыратын, оқушылардың олардың бейімділігі мен қабілетіне сәйкес тереңдеп, салаға бөліп, саралап оқытуды көздейтін, жалпы орта білім беретін оқу орны.

Гигиенасы мектептің (гр.hygeinos-денсаулық әперетін, шипалы) - оқушылардың денсаулығын сақтаудың және нығайтудың жолдары мен құралдары туралы ғылым және осы мақсатты орындаудағы практикалық шаралардың жиынтығы. М.Г. басты мәселелері:

- 1) Оқушылардың денсаулығын және денсаулық дамуының жағдайы;
- 2) Оқытудың және тәрбиелеудің гигиенасы;
- 3) Денелік тәрбиенің гигиенасы;
- 4) Оқушылардың еңбегінің және демалысының күн тәртібі;
- 5) Балалар арасындағы инфекциялық аурулардың алдын алу;
- 6) Оқушыларға гигиеналық тәрбие беру.

Глоссарий - (гр.glossa-тіл)-қолданылған терминдердің мағынасын ашатын сөздік.

Гомогендік – біртекті, бірдеңгейдегі.

Герогогика – кексе және кәрі адамдарды тәрбиелеу туралы ғылым.

Гуманистік педагогика - тәрбиелеушіні өз мүмкіндігінде дамытатын, оқу-тәрбие процесінің белсенді, тең қатысушы ролінде бекітетін, ғылыми теориялардың жүйесі.

Гуманитарландыру - ол ізгілендіру мақсатына жету құралы, яғни зиялылықты қалыптастыруды, сезім, көңіл-күй мәдениетін тәрбиелеуді, өмірлік құндылықтар

мен бағдарламалардың, белгілі бір жүйесін орнықтыруды көздейтін сан қырлы процесс.

Білім беруді гуманитарландырудың басты міндеті - бүкіл тәрбие, білім беру, оқу-ағарту және мәдениет кешенін гуманистік бағдардағы адам тәрбиелеуге саяды. Гуманитарлық білім беру, соның ішінде гуманитарлық пәндерді оқыту адамның әлеуметтік - мәдени тұрпатын сомдау тәсілі ретінде көрінеді, өйткені ол жеке тұлғаның дамуындағы сыңаржақтылық пен толымсыздықты еңсеруге жәрдемдеседі, әр кісінің азаматтық тұғырын табуына жетелейді, сол арқылы оның ішкі әлейетін ашуына деген мүмкіндігін кеңейтеді.

Гендер – бұл ерлер мен әйелдердің мінез-құлқын, сондай-ақ олардың арасындағы әлеуметтік өзара қарым-қатынасты айқындайтын, олардың әлеуметтік және мәдени нормалары мен рөлдерінің жиынтығы. Гендер сөз ағылшын тілінен аударғанда жыныс (еркек, әйел) дегенді білдіреді.

Гендердік саясат – қоғамдық өмірдің барлық салаларында ерлер мен әйелдердің теңдігіне қол жеткізуге бағытталған мемлекеттік және қоғамдық қызмет.

Ғ

Ғарыш психологиясы - психологияның жаңа саласы, адамның ғарышқа ұмтылуына байланысты пайда болды. Ғ.П. даралау қажеттілігі ғарышта ұшу негізінде адамның тәні ғана емес, психикалық күйі үшін де жер бетінде жоқ ерекше жағдай жасаудан туындайды. Ғ.П. космонавтардан еріктік және моральдік даярлығы мәселелерімен, білім беру мен жаттықтыру тәсілдерін психологиялық негіздеумен шұғылданады.

Ғылым - ақиқаттығы қоғамдық тәжірибемен тексерілетін және дәлелденетін қоршаған орта жөнінде тарихи қалыптасқан және үнемі дамып отыратын адам білімінің логикалық жүйесі. Ғылым ерекше тану процесі болып табылады. Ғылым қызметі қоршаған орта туралы ақиқат білім жинау және теориялық жүйеге келтіру болып саналатын адам қызметінің бір саласы.

Ғылыми педагогикалық зерттеу – жаңа біліммен қаруландыру процесі, оқыту, тәрбиелеу, дамытудың объективті заңдылықтарын ашуға бағытталған танымдық іс-әрекеттің түрі. Ғ.з. үш деңгейі баршылық: эмпирикалық – ғылымда жаңа фактілер белгіленеді; теориялық – бұрын ашылған фактілерді түсіндіруге және олардың дамуын болжауға мүмкіндік беретін негізгі, жалпы заңдылықтар ұсынылып қалыптастырылады; әдістемелік-тәжірибелік-зерттеулер негізінде құбылыстарды зерттеудің жалпы қағидалары мен әдістері, теория құрылымы қалыптасады.

Ғылыми зерттеудің логикасы (алгоритмі).

1. Зерттеудің тақырыбын, мәселесін, мақсатын, объектісін және міндеттерін анықтау.
2. Зерттеудің жоспарын құру.
3. Зерттеу мәселесі бойынша әдебиет тізімін құру.
4. Зерттеудің жалпы әдістемесін және әдістерін, зерттеу базасын анықтау.
5. Сұрақтың теориясын және тарихын зерттеу, базалық ұғымдарды талдау.
6. Осы мәселенің практикада шешілу тәжірибесін зерттеу.
7. Констатациялайтын (барды есепке алады) материалдарды жинау.
8. Алынған нәтижені талдау және жалпылау және олардың негізінде болжам құру.
9. Болжамды тексерудің әдістемесін жасау.

10. Тәжірибелік-эксперименталдық жұмысты өткізу.
11. Арасында тексерушілік-қадағалаушылық жұмыстарын жүргізу.
12. Алынған нәтижелерді талдау және жалпылау, теориялық негіздемелерді жасау.
13. Практикалық ұсынбаларды даярлау.
14. Мәтінді безендіру және әдеби редакциялау.

Ғылымдық қағида - табиғат, қоғам, мәдениет, ойлау дамуының заңдылықтарын білуді талап етеді. Ғ.Қ. оқу бағдарламаларын, оқулықтарды жасағанда еске алынып, оқыту процесінде жүзеге асырылады. Ғ.Қ. оқушылардың оқыту қабілеттерінің дамуына, дүниеге көзқарасының және жоғары адамгершілік қасиеттерінің қалыптасуына әсер етеді.

Ғылымтану - ғылымның дамуын және қызмет ету заңдылықтарын қарастыратын зерттеулер саласы. Ғылыми қызметтің құрылымын және динамикасын, ғылымның басқа қоғамдық институттарымен, қоғамның рухани және материалдық салаларымен қарым-қатынасын зерттейді.

Ғылыми-педагогикалық зерттеудің объектілері - педагогикалық жүйелер, құбылыстар, процестер (тәрбие, білім беру, даму, ұжымды, жеке адамды қалыптастыру) болып табылады.

Ғылыми-педагогикалық зерттеудің пәні - педагогикалық объектінің нақты аясындағы элементтердің, байланыстардың, қатынастардың жиынтығы. Онда шешімін табуға тиісті мәселе бөлініп шығарылады.

Ғылыми-зерттеу институты - білімнің белгілі бір саласында ғылыми қызметті жүзеге асыратын коммерциялық емес ұйым.

Ғылыми және ғылыми-педагог кадрларды мемлекеттік аттестаттау - ғылым кандидаты және ғылым докторы ғылыми дәрежелерін, доцент және профессор ғылыми атақтарын беру жөніндегі, бұларды алу үшін ізденушілерге бірыңғай талапты қамтамасыз ететін бағалау жұмыстарының жүйесі.

Ғылым докторы - ғылым кандидаты ғылыми дәрежесі бар ізденуші көпшілік алдында диссертация қорғағаннан кейін, диссертациялық кеңестің жасаған ұсынысы негізінде ғазакстан Республикасының мемлекеттік аттестаттау органы беретін ғылыми дәреже. Ұ.д ғылыми дәрежесі жаратылыстану, гуманитарлық және техникалық ғылымдар саласында іргелі проблемаларды әзірлегені, ірі және аса маңызды теориялық және қолданбалы проблемаларды шешкені үшін, сондай-ақ енгізілуі қоғамның ғылыми-техникалық прогресін жеделдетуге елеулі үлес қосатын техникалық, экономикалық және технологиялық шешімдерді ғылыми негіздегені үшін беріледі.

Ғылым кандидаты - жоғары арнаулы білімді маман біліктілігіне немесе магистр академиялық дәрежесіне ие ізденушінің көпшілік алдында қорғаған диссертациясы негізінде диссертациялық кеңес беретін және Қазақстан Республикасының мемлекеттік аттестаттау органы бекітетін ғылыми дәреже. Ұ.к.ғылыми дәрежесі тиісті ғылым саласы үшін елеулі мәні бар, ғылымның маңызды қолданбалы міндеттерін шешуді қамтамасыз ететін міндеттерді шешкені үшін беріледі.

Д

Дальтон-жоспар (лабораториялық жоспар) – ХХ ғ. басында АҚШ пайда болған жекелендіріп оқытудың формаларының бірі. Авторы – Е.Паркхерст. Д-ж. оқушыны

өзінің жұмысын ұйымдастырудың тиімді тәсілдерін іздеуге ұмтылдырды, оқытудың қарқынын әрбір оқушының мүмкіншілігін сәйкестендірді.

Данышпандық (гениальность, лат.genius-рух) - жалпы (интеллектуалдық) және арнайы қабілеттердің дамуының ең жоғарғы дәрежесі. Д. туралы жеке адамның шығармашылық іс-әрекеті қоғам өмірінде дәуірлік болса Д. туралы айтуға болады.

Даралық /индивид/ - өзіндік өзгешелігі бар жеке адам. Даралық интеллектілік, эмоциялық, еріктік сфераларда немесе психикалық іс-әрекеттің барлық саласында көрінеді.

Дарындылық - қабілет аясына кешенді сипаттама. Оған кіретіндер:

1. қабілеттердің интеграциясы, ол адамның кең мүмкіндігін шарттандырады;
2. ақыл-ой мүмкіндігі, оқуға деген танымдық мүмкіншілігіне және қабілеттеріне тұтас сипаттама;
3. нышандардың жиынтығы, қабілеттің табиғи алғышарттарының жарқын көрінісі;
4. таланттылық, ұлы жетістіктерге жетудің ішкі шарттары.

Дарынды балалар - жалпы немесе арнайы дарындылыққа (сазға, сурет салуға, техника т.б.) ие балалар.

Дағды - жаттығу нәтижесінде автоматтандырылған әрекет.

Дағды - қайта-қайта орындалатын практикалық әрекетке машықтандыру. Мысалы: тез оқу **дағдысы**-жүйелі түрде жаттығу нәтижесі. Дағды сенсорлық, ақыл-ой /ойлау, еріктік/ және қозғаушылық /психомоторлық/ деп бөледі.

Дағдарыстары жастық - бір жастық кезеңінен екіншіге өтудің шартты атауы. Мысалы: “Үш жастағы дағдарыс”, “Жасөспірім жасындағы дағдарыс” /11-12жас/. Бұл жастық кезеңдерде ересек адамдармен қатынастың жаңа типі, жетекші іс-әрекеттің ауысуы т.б. жүріп жатады.

Дамытып оқыту - оқушылардың таным іс-әрекетін барынша дамыту, яғни олардың ой-өрісін дамыту, өз бетімен жаңа білімді іздеп табуға және оны еркін игеруге үйрету.

Дамыта оқыту тұжырымдамасының негізін салған: Л.В.Занков. Ол оқытудың дамытушылық әдістеріне ең бірінші, оқыту процесінің өзін жетілдіру арқылы қол жеткізуге болады деп тұжырымдайды. Л.В.Занковтің тұжырымдамасы бойынша, оқыту жүйесінің негізін, өзара байланыстағы ұстанымдар құрайды: қиыншылықтың жоғарғы деңгейінде оқыту, бағдарламалық материалды оқытудың жоғары қарқындылығы, бастапқы теориялық білімнің маңызды ролі, оқушылардың оқу процесін ұғынуы, барлық оқушыларды дамыту мақсатына бағытталған жүйелі жұмыс жүргізу.

Даму – адамның немесе жүйенің жаңа белгілерге ие болуы, прогрессивті өзгеруінің тәсілі.

Даму – бұл организмнің психологиясының, әлеуметтік және денелік сандық және сапалық өзгерісінің көрінісі.

Дамуы тұлғаның - тәрбиенің және білім берудің негізгі мақсаттарының бірі, адамды белсенді іс-әрекетке және әлеуметтік қатынастарға қатыстыру негізінде тұлғаның белгілерінің құрылуы.

Дәстүр - бұл тарихи қалыптасқан бір буыннан екінші буынға беріліп отыратын, тұрақты, жалпыланған қоғамдық өмірдегі, ұжымдағы адамдардың қатынастарын көрсететін нормалар мен принциптер, олар қоғамдық пікір арқылы сақталады.

Мектеп өміріндегі дәстүр түрлері: Білім күні, Абай күндері, Мұғалімдер күні, Отан қорғаушы күні, Жеңіс күні т.б.

Дәстүрлі оқыту - ең алдымен оқытуды ұйымдастырудың кластық-сабақтық жүйесі тусініледі. Ол Я.А.Коменский белгілеген дидактика принциптеріне негізделіп ХVIII ғ. қалыптасып, дүние жүзінің мектептерін де осы күнге дейін оқытуды осылай ұйымдастыру басым болып келеді.

Оқытудың дәстүрлі жүйесіндегі басты ролді білім беру, мұғалімнің іс-әрекеті атқарады. Оны Я.А.Коменскийдің, Н.Пестолоцци, И.Гербарт секілді педагогтардың тұжырымдамасы құрайды.

Дәстүрлі емес сабақ - бұл орнатылмаған құрылымы бар импровизациялық оқу жұмысы. Түрлері: интегралды сабақтар, аукцион, парламенттегі дебаттар, ойын, саяхат, музыкалық-театрландырған, сайыс т.б. сабақтар.

Дәріс /лекция/ - белгілі-бір тақырып бойынша материалды ауызша баяндау. Ж.О.О. жаңа білімді хабарлаудың жетекші әдісі және мектептің жоғары сыныптарында оқытудың әдістерінің бірі.

Демократияландыру /гр.demokratia-халық өкіметі/ - тұлғаның жан-жақты дамуының мақсаты мен құралы, бұл мектептің ведомстволық мүддеден қоғамның және тұлғаның мүддесі мен мұқтаждығына қарай бет бұруы, бұл мектептің ашықтығы, оған қоғамдық күшті және қоғамдық факторларды /мемлекет, қоғам/ қатыстыру.

Дедуктивтік /лат.шығару/ - жалпыдан жекеге, дербестікке қарай жүретін ойлау процесі, таным әдісі.

Дербес /жеке/ **ерекшелік** - түйсік, қабылдау, ойлау өзгешеліктері, жеке адам бойындағы мінез-құлық, темперамент, қабілет сияқты қасиеттері жатады.

Декан факультеттің - жоғары оқу орнындағы факультеттің жетекшісі.

Деонтология (гр.deontos – міндетті және логия) – 1. борыш пен борышкер проблемасын қарастыратын әдептану бөлімі; 2. қызметкерлердің өз жұмысына қатысты мінез-қылықтарының ережелері мен заңды, кәсіптік және моральдық міндеттері туралы ілім.

Депрессия - /лат.depresso-басылу/ – аффектілік жағдай, теріс эмоционалдық фонмен, себептендіру аясының өзгеруімен, іс-әрекеттің, қылығының бәсеңдеуімен сипатталады.

Детерминизм /лат.determino-анықтаймын/ - табиғи, қоғамдық және психикалық құбылыстардың материалдық шартталғандығын толық көлемді себептендіру туралы ілім.

Дене тәрбиесі - оқушылардың белсенді танымдық және дене шынықтыру-сауықтыру іс-әрекетін жан-жақты ұйымдастыру процесі болады. Ол арқылы дене тәрбиесі және спортпен айналысуға сұранысы нығайтылады, олардың психологиялық, физиологиялық негіздерін ұғындырады, денсаулығын және денелік күштерін дамытады, санитарлық-гигиеналық дағдыларды және салауатты өмір сүруді орнықтырады.

Дене мәдениеті - мәдениеттің құрамдас бөлігі, рухани және материалдық құндылықтардың жиынтығы болатын әлеуметтік іс-әрекеттің аясы. Ол адамның денелік дамуын, оның денсаулығын нығайту және қозғалу белсенділігін жетілдіру мақсатында құрылады және пайдаланылады.

Дене шынықтыру - қоғам адамның дене бітімін дамыту, оның денсаулығын нығайту мақсатында жасап, пайдаланатын, адамның үйлесімді дамуына ықпал ететін рухани және материалдық құндылықтар жиынтығы болып табылатын әлеуметтік қызмет саласы.

Диссертациялық кеңес - республиканың ірі ғылыми орталықтарының, ғылыми ұйымдарының және жоғары оқу орындарының жанынан Ғазақстан Республикасының мемлекеттік аттестаттау органы құратын, ғылым кандидаты немесе ғылым докторы ғылыми дәрежесін алуға ұсынылған ғылыми жұмыстарды қарайтын кеңес.

Девианттық мінез-құлық - девианттық /фр. ауытқу/; балалар мен жасөспірімдердің әкімшілік жазалау шараларын қолдануға әкеп соғатын құқық бөзушылықтарды үнемі жасауы, оқудан, жұмыстан қасақана жалтырауы, отбасынан немесе балаларды оқыту-тәрбиелеу ұйымдарынан үнемі кетіп қалуы, сондай-ақ олардың қылмыстық жауаптылыққа жататын қылмыс белгілері бар, қоғамға қауіпті әрекеттер жасауы.

Дефиниция – заттың немесе құбылыстың мәнді белгілерін көрсететін қандай да бір ұғымның қысқаша анықтамасы.

Диагностика психологиялық-педагогикалық – тұлғалық сапаларын, белгілердің даму дәрежесін, оқытудағы, дамудағы, қарым-қатынастағы, кәсіпті меңгерудегі қиыншылықтарды анықтайтын процесс және тәсілдері, сонымен бірге психологиялық жүйелерді, технологияларды, әдістемелерді, педагогикалық жобалардың дамуын және қызмет істеуінің тиімділігін анықтайды.

Дидактика - оқытудың және білім берудің теориялық және әдістемелік негіздерін зерттейтін педагогика ғылымының саласы.

«Дидактика» терминін ең бірінші рет неміс педагогы Вольфганг Реткенің (Ратхия) (1571-1635) шығармасында оқыту өнері мағынасында қолданылған.

Дидактика ғылым ретінде пән өрісінде әрекет ететін заңдылықтарды зерттейді. Оқыту процесінің барысын және нәтижесіне жағдай жасайтын тәуелділіктерді сараптайды, жоспарланған мақсат, міндеттердің жүзеге асырылуын қамтамасыз ететін әдістерді, ұйымдастыру формалары мен құралдарын анықтайды.

Қазіргі заманғы дидактика – оқыту, оқушылардың белсенділігіне сүйене отырып білім жүйесін қалыптастыру және тұлғаның дамуын қадағалаудағы басшылығы деп түсінеді.

Дидактика теориялар мен тұжырымдамалар: танымдық тұжырымдамаларды дамыту тұжырымдамасы (Г.И.Шукина т.б.), дамыта оқыту тұжырымдамасы (Л.В.Занков т.б.), проблемалық оқыту тұжырымдамасы (М.И.Махмутов т.б.), ақыл-ой әрекетін кезеңді қалыптастыру теориясы (Л.Я.Гальперин т.б.), білім беру мазмұны теориясы (Л.Я.Лернер т.б.), мазмұнды толықтыру теориясы (В.В.Давыдов т.б.), оқу процесін тиімдендіру теориясы (Ю.К.Бабанский), оқушылардың танымдық іс-әрекетін белсендіру теориясы (Т.И.Шамова т.б.), оқыту әдістерінің теориясы (М.Н.Махмутов, В.А.Онищук т.б.), өзіндік жұмыстарды ұйымдастыру теориясы (М.А.Зорина, М.К.Журавлев т.б.), біртұтас педагогикалық процесс теориясы (Н.Д.Хмель т.б.), оқытудың тұжырымдық теориясы (В.Дьяченко т.б.).

Дидактикалық ойын - оқитын жүйелерді, құбылыстарды, процестерді имитациялық модельдеудегі белсенді оқу іс-әрекеті. Дидактикалық ойын кезеңдері: дербес сабаққа даярлану; басты міндетті қою; объектінің имитациялық моделін таңдау; оның негізінде міндетті шешу, тексеру, коррекция; қабылданған шешімді

іске асыру; оның нәтижесін талдау; алған нәтижені талдау және бар тәжірибемен синтездеу; тұйық технологиялық циклмен кері байланыс.

Дидактикалық жүйе /гр.systema-тұтас, бөліктерден құралған/ - бұл белгілі бір критерийлер бойынша бөлінген тұтас құрылым. Д.Ж. құрылымының ішкі тұтастығымен сипатталады, ол мақсат, принцип, мазмұн, форма және әдістердің бірлігінен құралған.

Дидактогения /гр.didaktikos оқытушылық, genos-пайда болу/ - тәрбиелеушілердің педагогикалық әдепті сақтамау нәтижесінде оқушыларда пайда болатын жағымсыз психикалық күй (қорқыныш, фрустрация т.б.), ол өз кезегінде тәрбиеленушілердің іс-әрекетіне және өзара қатынасына жағымсыз әсер етеді.

Диктант (лат.dicto-қайталаймын, қайта айтамын) - орфография мен пунктуация оқытуда қолданатын жаттығудың типі, оқушылардың орфографиялық және пунктуациялық дағдыларын тексерудің тәсілі. Түрлері: алдын алу, түсіндірмелі, шығармашылық, оқытушылық, тексерушілік.

Динамикалық стереотип - сыртқы әсердің көптеп қайталауынан болатын, үлкен ми жарты шарының қыртысында шартты рефлекторлық байланыстардың қандай да бір тұрақты жүйесі. Д.С. қалыптасуы- жоғарғы нерв қызметінің негізгі заңдарының бірі, ол қандай да бір өмір салтына, іс-әрекетіне үйретіп, орын табуында, үйлесуінде көрінісін табады. Д.С. өзгерту нерв жүйесіне қиыншылық түсірумен сипатталады, сондықтан жағымсыз эмоционалдық жағдайлармен жүзеге асады.

Дипломдық жұмыс - жоғары оқу орнын бітіру кезінде қорғалатын студенттің дербес жазба жұмысы.

Диссертация - ғылыми дәреже алуға ұсынылған және диссертанттың көпшілік алдында қорғайтын ғылыми жұмыс. Д. зерттеудің нәтижесі ғылымға және практикаға үлес қосып, ғылымның алдыңғы шебі болады.

Диссертацияның авторефераты - ғылыми дәреже алуға ұсынылған, автордың өзінің зерттеу жұмысына құрған рефераты болатын, брошюра түріндегі ғылыми басылым.

Дистанциялық оқыту /алыстан білім беру/ - оқыту нысандарының бірі, электрондық және телекоммуникациялық құралдар арқылы білім беру ұйымдарынан алыста орналасқан адамдардың оқу-танымдық қызметі мен дамуына нысаналы және әдістемелі түрде ұйымдастырылған басшылық жасау.

Докторантура - оқу орындары мен ғылыми мекемелерде біліктілігі жоғары ғылыми және ғылыми-педагог кадрлар даярлау нысаны.

Доминанта /лат.dominans- басым/ - орталық нерв жүйесінде уақытша қозу ошағы. Д. ойлаудың және қылықтың бағытын анықтайды, зейіннің физиологиялық негізін құрайды.

Достық - адамдардың арасындағы тұрақты, жекелік-таңдаушылық қатынастардың түрі, оған қатысушылардың өзара құштарлығымен, бір-бірін таңдауымен сипатталады.

Доцент - жоғары оқу орнының оқытушысының ғылыми атағы.

Дүниеге көзқарас - адамның өзін қоршаған ортаға және өзіне деген қатынасы, шынайы дүниеге және ондағы адамдардың орнына, көзқарастың жүйесі. Адамдардың осы көзқарастармен шартталған негізгі өмірлік позициялары, олардың сенімдері, таным және іс-әрекеттің ұстанымдары, құндылық бағытталғандықтары.

Дүниетаным /мировоззрение/ - жеке адамның табиғи және әлеуметтік құбылыстарын түсіндіру арқылы пайымдауы, ой тұжырымы.

Дүниетаным - объективті дүниеге және ондағы адамның алатын орнына, адамның өзін қоршаған шындыққа және өзіне қатынасы туралы көзқарастар жүйесі, сонымен қатар осы көзқарастарға тәуелді адамдардың өмірлік позициясын, олардың сенімдері, мұраттары, таным және іс-әрекет принциптері, құндылық бағдарлары. Дүниетанымның құрамды бөліктері: ғылыми білім жүйесі; көзқарастары; сенім; адам мұраты.

«Дүниетаным» - дүниеге деген нақты-тарихи маңызы бар көзқарастың, табиғат пен қоғам дамуының заңдылықтарына, өмірдің әлеуметтік-экономикалық құрылысына, адамның белсенді өмір көзқарастарын анықтайтын қоғамдық-саяси қатынастар жүйесіне қатысты ғылыми негізделген сенімдердің органикалық бірлігі, тұтастығы.

Ғылыми дүниетаным – қоғамдық сананың ең жалпы, ең жоғарғы, айрықша формасы.

Дүниетаным компоненттері: ғылыми білім жиынтығы, сенім, ерік-жігер, арман-мұрат (идеалы), көзқарасы.

Е

Егіздік зерттеу /близнецовые/ - тұқым қуалаушылықтың және ортаның ролін анықтауда егіздердің ұқсастығын орнатуға қолданылатын әдіс.

Елес - қазіргі сәтте сезім мүшелеріне әсер етпейтін заттар мен құбылыстар бейнесінің мида пайда болуы. Түрлері: көру, иіс, сипап сезу, қозғалыс.

Қазіргі сәтте сезім мүшелеріне әсері жоқ, бұрын қабылдаған заттар, құбылыстар, шындық фактілер бейнелерінің адамда сақталуы.

Еліктеу - әлденені өзіне пір тұтып, саналы не санасыз түрде соған ұқсамақ болу. Еліктеу негізделген тәрбие әдісі – оң үлгі-өнеге.

Еңбек тәрбиесі - бұл оқушыларға өндірістік тәжірибені, еңбек іскерліктері мен дағдылар минимумын берудегі, оларда жұмыс адамының санасын, шығармашылық практикалық ойлауды, еңбексүйгіштігін дамыту мақсатындағы оқушыларды әрқилы педагогикалық ұйымдастырылған қоғамдық пайдалы еңбектің әр түріне қатыстыру процесі.

Еңбекті ғылыми ұйымдастыру - ғылымның жетістіктері және озық тәжірибе негізінде еңбекті ұйымдастыруды жетілдіру процесі.

Ерік - адамның қиындықтарды жеңуді талап ететін мақсатты әрекеттер мен қылықтарды жүзеге асыру қабілетінен көрінетін сананың реттегіштік жағы. Е. қасиеттері: мақсатқа ұмтылушылық, батылдық, табандылық, ұстамдылық, дербестік.

Ес - адам тәжірибесін есте тұту, сақтау және қайта жаңғырту.

Түрлері: қимылдық, эмоциялық, сөздік, бейнелендіру.

Есірткі /наркотик: гр. Narkotikos-ұйықтататын/ - есірткілік қуаты бар медициналық дәрі.

Ж

Жақын даму аймағы – оқыту бала дамуының негізі болып табылады. Бұл ретте көрнекті психолог Л.С.Выготскийдің жақын даму аймағы туралы идеясын еске алған жөн. “Жақсы оқыту” деп, ол – бала дамуынан ілгері жүретін, оны жетекке

алатын оқытуды айтады. Л.С.Выготский баланың кешегі күнгі дамуына емес, ертеңгі күнгі дамуына қарау керек деп ескертеді. Осыған орай, ол – бала дамуының “екі зонасы” болатынын айтады. “Бірінші зона” бала дамуының қазіргі қол жеткен сатысы, осыған қанағаттанып қоймай, мұғалім оқушыларды болашақтағы дамудың ең жақын аймағына /“екінші зонаға”/ жеткізуге міндетті.

Жалпылау - ойлау іс-әрекетінің өнімі, шындық құбылыстарының жалпы белгілерінің және сапаларының бейнеленуі.

Жаттығу - нысаналы түрде сан рет қайталап орындалатын әрекет, ондағы мақсат осы әрекетті жетілдіре түсу.

Жариялану /публикация/ - әртүрлі басылымдарда шыққан (кітап, газет, журнал т.б.) ғылыми текст.

Жас кезеңдері – жас –жекелік дамудың уақытша сипаттамасы. Кезеңдер жастық ерекшеліктердің бөлінуіне негізделеді.

Педагогикалық жастық кезеңдер:

1. Нәрестелік шақ /өмірінің 1-ші жылы/
2. Ерте сәбилік шақ /1 жастан 3 жасқа дейін/
3. Мектепке дейінгі балалық шақ /3 жастан 6 жасқа дейін/
4. Кіші мектеп жасы /6-10 жас-балалық шақ/
5. Орта мектеп жасы /11-16 – жеткіншектік шақ/
6. Жоғары мектеп жасы /17-18 – жасөспірімдік шақ/

Жастық кезеңдер (Д.Б.Эльконин бойынша)

Жастық кезең	Жетекші іс-әрекет	Танымдық әрекеттің объектісі	Психиканың қайсысы басым дамиды	Жастың жаңа құрылымдары
Нәрестелік 0-1 жас	Тікелей эмоционалдық қарым-қатынас	Қатынастар	Тұлғалық (сұраныстық-мотивациялық)	Қарым-қатынасқа деген сұраныс Эмоционалдық қатынастар
Ерте сәбилік 1-3 жас	Заттық-қозғалыстық	Заттар	Танымдық процестер	Сөйлеу және көрнекілік-әрекеттік ойлау
Мектепке дейінгі балалық шақ 3-6 жас	Сюжеттік-ролдік ойын	Қатынастар	Тұлғалық (сұраныстық-мотивациялық)	Қоғамдық-мәнді және қоғамдық-бағалаушылық әрекетке сұранысы
Кіші мектеп жасы 6-10 жас	Оқу-танымдық	Ғылым бастамалары	Интеллектуалдық-танымдық	Өз бетімен әрекеттің ішкі жоспары. Өзін өзі қадағалауы. Рефлексия.
Жеткіншектік шақ 10-16	Оқыту және еңбек процесіндегі қарым-қатынас іс-әрекеті	Ғылым негіздері. Әртүрлі жағдаяттардағы қатынастардың жүйесі	Тұлғалық (сұраныстық-мотивациялық)	«Ересектікке» ұмтылыс
Жоғары мектеп жасы 17-18 жас	Оқу-кәсіптік	Ғылымдардың және кәсіптік әрекеттің негіздері	Интеллектуалдық-танымдық тұлғалық (сұраныстық-мотивациялық)	Дүниетаным. Кәсіптік қызығушылықтары

Жастық ерекшеліктерді есепке алу. Кіші мектеп жасындағы балалармен оқыту-тәрбие жұмысын тиімді ұйымдастыру үшін олардың мынадай ерекшеліктерін есепке алған жөн: сөз бен істің сәйкесті болуын талап етеді; жөнсіз кінәлаудан жиіркену сезімі туады; ересектердің жіберген қателігін тез байқайды; арманшыл, қиялшыл болады; ұйымшыл келеді; сенімді серік іздейді; өз мүмкіндіктерін, күшін асыра бағалайды; түрлі спорт ойындарына өте ықыласты болады т.б. Кіші мектеп жасындағы оқушының белгілі бір нәрсеге қатынасын анықтауда ең алдымен мұғалімнің пікірі әсер етеді.

Жеткіншек шақта баланың ағзасының және тұлғасының дамуында тез сандық өзгерістер және сапалық қайта құрулар болып жатады. Ересектер бұл кезеңді «өтпелі», «қиын» тіпті кейде «дағдарыстық» деп атап жатады.

Бұл балалармен жұмыс істегенде мынадай ерекшеліктерді есепке алу керек: ағза мүшелерінің тез жетіле бастауы; үлкендермен қарым-қатынас; мүмкіншіліктерін ескермей, ойланбай асығыс шешім қабылдау; қоғамға пайдалы істерге ықыласты; ұжымшыл, жолдастық, достық сезім нығаяды; кітап оқуға, кинофильмдерді көруге ынталы, спортпен айналысқанды ұнатады т.б.

Жасөспірімдік жас – бұл дүниеге көзқарас, сенім, мінез және өмірлік өзін-өзі анықтайтын кезең. Бұл жастағы балалар өмір жолына көз жібереді, өздерінің келешек мамандығын саналы түрде таңдап алуға тырысады. Олардың мамандыққа ықыласының бірте-бірте қалыптасуы түрлі іс-әрекеттеріне жауапкершілігін арттырады.

Жас ерекшелігінің психологиясы - психология ғылымының саласы. Пәні- адам психикасының жас ерекшелігі динамикасы, даму үстіндегі адамның психикалық процестері мен психологиялық қасиеттерінің онтогенезі.

Жастық ерекшеліктері - бір жастағы көптеген адамдарға тән денелік, танымдық, интеллектуалдық, себептік, эмоционалдық қасиеттері.

Жастар – ҚР 14 жастан 29 жасқа дейінгі азаматтары.

Жазалау - педагогикалық ұғым ретінде жеке адамды немесе топты тәрбиелеудің тәсілі болады. Ж.-бұл балаға қоғамдық талап қою, оның мінез-құлқында байқалатын теріс қылықтарды тежеу тәсілдері. Түрлері: мұғалімнің ескертуі, оқушыны парта жанында тұрғызу, оқушыны сыныптан шығарып жіберу, сөгіс, мектептен шығару.

Жалпы білім - табиғат, қоғам және адам баласы туралы ғылымдар негізінің білімдерін оқушыларда қамтамасыз етеді. Барлық мамандық иелері үшін кәсіптік даярлықтың негізін салып береді.

Жалпы білім беретін мектеп - негізгі және қосымша жалпы білім беру бағдарламаларын іске асыратын, әрқайсысы дербес жұмыс істей алатын үш сатыдан: бастауыш, негізгі және жоғары сатылардан тұратын жалпы орта білім беретін оқу орны.

Жарғы (устав) білім беру мекемесінің – оның жұмысының тәртібін анықтайтын негізгі құжат, онда ББМ аты, орны, мәртебесі, құрылтайшысы, білім беру процесінің мақсаты, ұйымдастырылуы т.б. көрсетіледі.

Білім беру мекемесінің іс-әрекетін, құрылымын анықтайтын ережелер жиынтығы.

Жаңашыл – мұғалімдер – жаңа педагогикалық жүйелердің авторы, жаңартуды және жаңалықтарды жасаушы, жүзеге асырушы.

Кеңес дәуірінде жаңашыл мұғалімдердің баланы оқыту, тәрбиелеу және дамытуда өзіндік жаңалықтары болды. Ш.А.Амонашвили бастауыш сынып

оқушыларын гуманистік-тұлғалық педагогика арқылы оқыту мен тәрбиелеуді жүзеге асырды.

И.П.Волков творчестволық дамытатын оқытудың технологиясын жасап жүзеге асырды, осыған сай тұлғаның творчестволық қабілеттері баланың оқудан тыс іс-әрекетін еркін таңдап алу негізінде бірізді қалыптасады. В.Ф.Шаталов тірек схемаларын, сигналдарын т.б. қолданып жасаған әдістемелік жүйесі әрбір оқушыны оқу-іс әрекетіндегі белсенділікке қатыстыруға, дербес ерікті танымдықты тәрбиелеуге, әрбір жеке оқушыда өзінің адамгершілігі сезімін, өзінің күштері мен қабілеттеріне сенімділігін нығайта түсуге мүмкіндік берді. Жаңашыл-мұғалімдердің қатарына С.Н.Лысенкова, М.П.Иванов т.б. жатқызамыз.

Қазақстанда жаңашыл-педагог ретінде Қ.О.Бітібаева, Қ.Айтқалиев, Е.А.Очкур, Ю.П.Фокин т.б. айтамыз.

Жаһандану /глоболизация/ - ғаламдасу, әлемдік ауқымдану. Глоболизация /ағыл. Global/ әлемдік дүниежүзілік, жалпы/ - жаңа жалпы әлемдік саяси, экономикалық, мәдени және ақпараттық тұтастық құрылуының үрдісі және әлемдік өркениеттің аса маңызды өлшемдерінің жалпы адамзаттық өлшемге ие болуы.

Жеке адам (тұлға) /личность/ - қоғамда белгілі бір жағдайға ие және белгілі бір қоғамдық роль атқаратын, саналы индивид. Ол өзінің өмір жолын таңдай алады. Тұлға -қоғамдық-тарихи категория. Оның қоғамдық мәні мен әлеуметтік функциясы жеке адам сипаттамасының ең басты көрсеткіштері болып табылады. Жеке адам тарихы, философия, социология, этика, эстетика, психология, педагогика т.б. зерттеу объектісі.

Жеке адамның өмірлік позициясы - бағытталғандықтың негізгі компоненті. Ол жеке адамның іс-әрекетінің мотиві болған сенімдерін, принциптерін, құндылық бағытталғандығын анықтайды.

Жеке адамның ішкі дүниесі - оның ішкі дүниесін анықтайтын, жеке адамның меңгерген, ие болған мазмұндылығы.

Жеке адамның (тұлғаның) дамуы - бұл сыртқы /табиғат және әлеуметтік орта, тәрбие, ұжымдық іс-әрекет, қарым-қатынас/ және ішкі /анатомо-физиологиялық алғы шарттар, жеке адамның өзінің белсенділігі/, басқарылатын /тәрбие және өзін-өзі тәрбиелеу/ және басқаруға келмейтін /ортаның объективті, стихиялық әсері/ факторлардың әсерімен шарттасқан адамның организміндегі, психикасындағы, интеллектуалдық және рухани аясындағы сандық және сапалық өзгерістердің процесі.

Жеке адамның шығармашылық қабілеттері - бұл мәселерді дербес көруі. Талдаушылық ойлау: білім, іскерлік, дағдыны және ақыл-ой әрекеті тәсілін жаңа жағдайға көшіре білу; бұрын меңгерген іс-әрекеттің тәсілдердің жаңаға комбинациялау, синтездей білу іскерлігі.

Жеке адамның ерекшеліктері - түйсіктердің, қабылдаудың, еске сақтаудың, қиялының өзіндігі, қызығушылығының, ынтасының, қабілетінің, темпераментінің, мінезінің ерекшеліктері.

Жеке адам белгілері - әртүрлі жағдайларда адамның тұрақты, қайталанатын қылығының ерекшеліктері.

Жеке оқыту /индивидуальное обучение/ - оқу процесін ұйымдастырудың формасы, моделі, онда

1) мұғалім тек бір оқушымен өзара әрекет жасайды;

2) бір оқушы тек оқыту құралдарымен өзара әрекет жасайды/кітаптар, компьютер т.б./.

Жекелік тұрғы, ыңғай - 1) педагогиканың принципі. Ол бойынша оқыту-тәрбиелеу жұмысы процесінде мұғалім жекелеген оқушылармен жеке модель бойынша өзара әрекет жасайды, олардың жекелік ерекшелігін есепке алады;

2) баламен қарым-қатынасын оның ерекшелігіне сай құрады:

3) оқыту процесінде баланың жеке ерекшелігін есепке алады.

Жеке тұлғаға бағытталған оқыту – Оқушының барлық жағынан қабілеті мен мүмкіншілігін, жеке-дара ерекшелігінің дамуына қажетті шартын құру процесін қамтамасыз ететін оқытуды ұйымдастыру.

Жеке адамның құндылық бағытталғандығы - экономикалық әлеуметтік және идеологиялық факторлардың әсерімен қалыптасқан жеке адамның өзін-өзі ұстауын, мінез-құлқын себептендіретін іс-әрекет, өмірлік көзқарасының жүйесі, ал оның негізіне әлеуметтік құбылыстармен немесе өзі сияқтылармен қарым-қатынасқа түскен жағдайда көрініс табатын қоғамдық және жекелік тандаудың бағалау дәрежесі жатады.

Туынды ұғымдар дәрежелелігі, талаптану дәрежесі, эстетикалық талап т.б.

Ж.А.Қ.Б.- қарама қатынастың маңызды факторы, өзінің құрылымында ойлау және эмоционалдық компоненттерді біріктіреді, сонымен бірге жеке адамның адамгершілік және құқықтық қабілетінің маңызды компоненті.

Жеке адам мен іс-әрекеттің өзара байланысы - жеке адам іс-әрекетте көрінісін тауып, оның себебі болады, бірақ іс-әрекетте қалыптасып, оның салдары болады; іс-әрекет жеке адамның көрінісі ретінде-оның салдары, оны қалыптастырудың факторы ретінде - себебі.

Осы заманғы ұлттық мектептің методологиялық қағидасы жеке тұлға болмысын түсінуге бағытталған іс-әрекет туралы ілім болып табылады.

Жеке педагогикалық қызмет - жеке нысанда білім беру қызметін көрсетуге бағытталған қызмет.

Жекелік ыңғай /индивидуальный подход/ -тәрбиеленушіге жеке адам ретінде тәрбиелік өзара іс-әрекеттің субъектісі ретінде қатынасты орнатады; баланы тәрбиелеуде оның жекелік ерекшелігін есепке алудағы психология ғылымының принципі.

Жетекші идея - алынған мәліметтерді, фактілерді түсіндіреді, зерттеу қызметінің нақты мазмұнын, нысаны және әдістерін белгілейді.

Жетекші іс-әрекет - әрекет, оны орындау адамның осы даму сатында негізгі психологиялық жаңа құрылымдардың пайда болып және қалыптасуын анықтайтын.

Онтогенезде мынадай Ж.І.-бөледі:

1) нәрестенің ересектермен тікелей қарым-қатынасы;

2) ерте жастағы заттық- қозғалыстық іс-әрекеті;

3) мектеп жасындағылардағы сюжеттік-ролдік ойын;

4) төменгі сынып оқушыларында оқу іс-әрекеті;

5) орта сынып оқушыларында қоғамдық пайдалы іс-әрекет;

6) жоғары сынып оқушыларында кәсіптік-оқу іс-әрекеті.

Жобалар әдісі – оқытудың жүйесі, онда оқушылар біртіндеп күрделенетін практикалық тапсырмаларды – жобаларды жоспарлау және орындау барысында білімдер мен іскерліктерге ие болады. АҚШ-та, ХІХ ғ. Екінші жартысында пайда

болды. XX ғ. 20-шы жылдарында советтік мектептерде қолданылды. Қазіргі кезеңде тұлғаның шығармашылық өзіндік дамуының тәсілі ретінде қайтадан кеңнен қолданылуда.

Жоғары нерв қызметінің бірінші сигналдық системасы - И.П.Павловтың /1849-1936/ айтуынша, тері, көз, құлақ т.б. сезу мүшелері арқылы түйсіну, қабылдау, елестету жануарлар мен адамға ортақ және екінші сигналдық системаның негізі болады.

Жоғары нерв қызметінің екінші сигналдық системасы - И.П.Павловтың енгізген термині мен ұғымы. Сөз адам баласына ғана тән және ЕСС жатады. Заттар мен құбылыстардан тікелей алынатын сигналдарды алмастыратын сөз. Сондықтан И.П.Павлов сөзді сигналдың сигналы деп атады. ЕСС ойлау мен сөйлеудің физиологиялық негізі. ЕСС бірінші сигналдық системамен өзара әрекеттесіп, ойлау іс-әрекеті және бақылаумен, ес және сезіммен тікелей байланысты қызметтердің де физиологиялық негізі болады.

Жоспар – іс-әрекеттің негізгі түрлері мен бірізділігі алдын ала жобаланып көрсетілген іс-шаралардың жүйесі берілген. Ж. құру принциптері: ғылымилығы; іс-әрекеттің, нақты шаралардың қажетті және жеткілікті мөлшерде болуы; нақтылығы; перспективтілігі; Ж. құруға ұжымның белсенді қатысуы.

Жоспары сабақтың – шынайы оқу уақыты барысындағы мұғалім мен оқушылардың өзара әрекетінің жалпы ойша немесе жазбаша моделін құруы. Оған мұғалімнің оқу-тәрбие іс-әрекетінің мақсаты, міндеттері, ұстанымдары, әдістері, мазмұны және оқушылардың оқу материалының мазмұнын меңгерудегі дамуы мен тәрбиеленудегі олардың оқу-танымдық іс-әрекеті негіз болады. Сабақтың конспектісінде барлары: сабақтың тақырыбының, міндеттерінің қойылуы, сабақтың кезеңдері, жабдығы, әр кезең бойынша оқушыларға берілетін тапсырма, тапсырманы орындаудың алгоритмі, мұғалімнің сөзінің бөліктері немесе жаңа материалдың толық мәтіні.

Жоспар-конспект: тақырыбы, сабақтың міндеттері, сабақтың кезеңдері, оқушыларға тапсырмалар.

Жүйе – элементтердің жиынтығы, олар белгілі бір тұтастық, бірлік құратын бір бірімен қатынаста және байланыста болады.

Жұмабаев Мағжан /1893-1938/ - бір туар әмбебап зиялы қайраткер болды. Қазан төңкерісінен кейін тәлім-тәрбие ғылымына терең үңіліп педагогиканы жалпы мәселелерімен қатар, адамның жан дүниесінің әр түрлі жақтарын сипаттайтын «Педагогика» /1922/ атты еңбегі сол кезеңдегі ана тілімізде жазылып, «Жазылашақ оқу құралдары һәм мектепте ана тілін оқыту жолы» /1925/, «Сауатты бол» /1926/, «Әліппе» /1929/ еңбектерінде әдістемелік мәселелерді қозғайды. «Педагогика» атты еңбегінде педагогиканың жалпы мәселелерін қарастырып, онда психология пәніне төте кең орын беріп, оны барынша зер сала қарастырады және ғылымның бұл саласында өз білімдарлығын көрсетеді. М.Ж. тілдің ролін жоғары бағалаған. «Ұлттың тілі – кеми бастауы» - деп жазды ол, - ұлттың құри бастағанын көрсетеді. Оның туған халқының тәлім-тәрбиелік бай мұрасын игеру жөніндегі бағыт бағдары да құптарлық. «Ұлт тәрбиесі – деп жазды ол, - бағыдан бері сыналып келе жатқан тақпақ жол болғандықтан, әрбір тәрбиеші сөз жоқ, ұлт тәрбиесімен таныс болуға тиіс. Сол ұлт тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті». М.Ж. педагогикасы – аса сезімтал, саясаттан тыс, бала жүрегін жараламайтын адамгершілікті педагогика.

Жұмыс жоспары мектептің – шешімдердің үйлестірілген жүйесі, мектеп жұмысының әрекетінің мақсатты бағытталған бағдарламасы. Ол мазмұны, уақыты, ұйымдастырушылық формалары және жүзеге асыру жолдары белгілі бір дәрежеде нақтыланған және белгілі бір мерзім ағымында (апта, ай, жыл және одан көп) мектепті тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз етеді. Жоспарлаудың ұстанымдары: ғылымилығы, болашаққа бағытталғандығы және мақсатының айқындығы, жүйелілігі, істердің нақтылығы, орындаушылардың жауапкершілігі және уақытының шынайылығы; осы мектептің ерекшелік жағдайын есепке алу, жоспар жасаудағы ұжымшылдық, тәрбиелеу және оқыту аясындағы қазіргі жетістіктерге бағытталғандығы.

Жүйелілік /система,гр.systema-тұтас, бөліктерден құралған/ - зерттелген организмнің оның жекелеген бөліктерімен және оны қоршаған ортамен өзара байланысын қоса тұтас қарастыру.

Жүйелілік ыңғай /системный подход/ - объектіні тұтастай ашып көрсету, оның ішкі байланыстарын және қатынастарын анықтау; зерттелген организмді /мәселені/ оның жекелеген бөліктерімен және оны қоршаған ортамен өзара байланысын қоса тұтас қарастыру көптеген өзара байланысты, функция мен мақсаттарының ортақтығымен бірлескен, басқару және істі атқаруының бірлігі бар объектілерді талдауға қолданылатын әдіс.

Мектептегі оқу-тәрбие процесінің іс-атқаруының және дамуының көп жақты, әртүрлі элементтері, қатынастары, ішкі және сыртқы факторларының болуы, оны жүйелілік ыңғаймен зерттеуді талап етеді.

Жүре пайда болған иммунитет тапшылығының белгілері /СПИД/ - ХХ ғасыр обасы деп аталған ауру. Адам денесінде Т-лифоцит қан клеткаларының айрықша бір түрінің саны күрт төмендейді, соның салдарынан организмде иммунитет жетіспеушілік пайда болады. Ол өз кезегінде ауру қоздырғыштары-микробтар мен вирустар өкпе қабынуы, миды зақымдау, қанға тарау, ісік ауруларының пайда болуына мүмкіндік жасайды. Дүние жүзінде СПИД-тен сақтану шаралары белгіленен.

Жыныстық тәрбие – балаға тәрбиелік және ағартушылық әсердің кешені, ол оның қоғамда қабылданған жыныстық ролдер жүйесін және қоғамдық, жекелік өмірде жыныстардың өзара қатынасына баулуға бағытталған. Кең мағынада жыныстық әлеуметтену процесімен бағыттас болады. Тар мағынада жыныстық тәрбие баланы сексуалдық өмірге даярлық деп түсінеді, яғни оған сәйкесті ақпаратты беру арқылы.

Жіктеу – арнайы белгілері арқылы құрастырылған жүйе.

3

Заң - шынайы дүниенің жалпы, қажетті, мәнді, салыстырмалы тұрақты және қайталанатын байланыстарды көрсетуі, ал олар өз кезегінде тиісті жағдай болғанда дамудың сипатын, бағытын және нәтижесін анықтайды. Заң мен заңдылық арасында өзгешелік бар. Негізінен олар бір типті, бір дәрежедегі ұғымдар, себебі оларда шындықтың ішкі байланыстары және дамуы көрсетіледі. Сонымен бірге заң заңдылықтың белгілі бір жағы іспетті. Ал заңдылық сол шындықтың аясындағы заңдардың ісінің жиынтық нәтижесі сияқты. Заңдылық қажетті процесс болып, онда заңдардың тұтастай жиынтығы іс атқарады.

Заңдылық - қандай да бір процестің кезеңін де немесе қоғамдық өмірдің кез келген аясындағы объективті түрде бар, қайталанатын, мәнді байланыстағы құбылыстар. Оқыту заңдылықтары нақты жағдайда заңдардың әрекетінің көрінісі ретінде қарастырылады, яғни оқыту процесінің компоненттерінің құрамдас бөліктерінің арасындағы объективті, мәнді, тұрақты, қайталанатын байланыстары.

Тәрбие з.: тәрбиенің қоғамдық мұқтаждық пен талаптарға үйлесімділігі; тәрбие, оқыту, білім беру және жеке дамуы процесстерінің өзара тәуелділігі; жеке адам қарым-қатынасы мен тәрбиесіндегі іс-әрекеттің анықтаушы ролі; тұтас тәрбие процесіндегі мақсат, мазмұн, әдістермен тәрбие формаларының бір-біріне тәуелділігі т.б.

Оқыту з.: оқытудың қоғамдық қажеттілік пен үйлесімділігі; оқытудың оған жасалған жағдайға тәуелділігі; біртұтас оқу процесіндегі оқытудың мақсаты, мазмұны, әдістері мен формалары арасындағы шарттылық.

Зейін - сананы белгілі бір объектіге шүйліктіріп, оның айрықша айқын бейнеленуін қамтамасыз ету. З. пайда болуына қажетті шарттар: объектіні бөліп алу, оған назар шоғырландыру және басқа тітіркендіргіштерге аландамау. З. қасиеттері: аумағы, бөлінуі, шоғырлануы, тұрақтылығы, ауысуы. Ырықты З.-әрекет әсерінен туған объектіге саналы түрде көңіл аудару. Ырықсыз З. –сананы объектіге, сол объектінің тітіркендіргіш ретіндегі ерекшелігі шамасында шоғырландыру. Ы.З. ынтаны көмегі тиетін сабақты құрудың жалпы психологиялық принциптері: материалдық мазмұндылығы, тартымды әңгімелесу, жұмыс түрлері мен әдістері сан алуандығы, мұғалімнің іске бірілгендігі, сабақтың жандылығы мен эмоциялық қанықтылығы.

Зерттеу әдістері - құбылыстарды зерттеуге және алуан түрлі ғылыми мәселелерді шешуге арналған әдіс, тәсілдердің жиынтығы. Педагогикалық процестерді талдау әдістері: анкетілеу, әңгіме, рейтинг, бақылау, эксперимент т.б.; теориялық көздерді зерттеу әдістері: монографиялық, документациялық, салыстырмалы тарихи т.б.; мәліметтерді өңдеу және талдау әдістері: статистикалық, статистикалық емес өңдеу т.б.

Ғылыми-педагогикалық зерттеу әдістері - шындықтың құбылыстарын эмпирикалық және теориялық танудың, зерттеудің тәсілдері, процедуралар және операциялары. Ғ-П.З.Ә бөлінуі: жалпы ғылымдық, өзінің педагогикалық және басқа ғылымдардың әдістер; констатациялайтын және өзгертетін; эмпирикалық және теориялық; сапалық және сандық; жекелік және жалпы; болжау, түсіндіру және суреттеу әдістері; жекелеген педагогикалық ғылымдарда қолданатын арнайы әдістер; зерттеу нәтижесін өңдеу әдістері т.б.

Түрлері: анкетілеу, әңгіме, мектеп құжаттары, бақылау, эксперимент, салыстырмалы тарихи, статистикалық өңдеу әдістері, контент-талдау т.б.

Бақылау – заттар мен құбылыстарды мақсатты зерттеу, мағлұматтарды іріктеп жинау, көзбен көргенді сезім мүшелерімен қабылдау және санада бұл ақпаратқа талдау жасау; зерттеу объектісінің сыртқы жақтары, қасиеттері мен белгілері туралы мәлімет алу. Бақылау әдісі – зерттелетін объект туралы нақты деректер алу үшін қолданылатын педагогикалық құбылыстарды мақсатты түрде қабылдау.

Әңгіме-сұхбат – еркін диалог, онда әңгімелесушілер арасында бейресми және еркін қатынастар орын алады. Зерттеуші оның жоспарын құрады, өзіне қажет мәселелерді бөліп алады, әңгіме-сұхбатты тіркейтін құралдарды дайындайды (бейнетаспа, аудиотаспа, стенограмма).

Әңгіме – зерттеушінің зерттелушімен сөйлесу негізінде ақпарат алудың әдісі. Оған қатысушылар зерттеу бағдарламасы бойынша сұрақтарға жауап береді. Жеке және топтық, стандартталған, яғни қатаң алдын ала белгіленген сұрақтар негізінде, стандартты емес, яғни сұрақтардың тізбегі жағдайға байланысты әңгіме деп бөледі.

Анкета – онда көрсетілген ереже бойынша сұралынатын кісінің өздігінен толтыруға арналған сұрақ беті. Анкета сұрақтары мазмұнына қарай былай бөлінеді: іс-әрекеттің мотиві, пікірлері, бағалаулары туралы сұрақтар т.б. формасына қарай: ашық /мазмұнын, формасын, сұрақтарын анықтамайды/ және жабық /альтернативті, таңдауға келетін бірнеше жауабы бар/.

Мұғалімдердің, жаңашыл-педагогтардың тәжірибесін зерттеу. Озат педагогикалық тәжірибені зерттеуде мұғалімнің баяндамалары, ғылыми мақалалары, әдістемелік жұмыстары көрнекілік құралдары, компьютердегі педагогикалық тәжірибе мағлұматтарын зерттеу, сабақтарға, педагогикалық оқуларға, сыныптан тыс шараларға қатысу, сынып жетекшісімен, ата-анамен әңгіме оны зерттеудің көзі бола алады.

Құжаттарды зерттеу – медициналық-педагогикалық кесте, психологиялық-педагогикалық мінездеме, жеке құжаттары, педагогикалық кеңес мәжілісінің, әдістемелік кеңес хаттамалары, сынып журналдары, есеп беру құжаттары.

Оқушылардың жазбаша, графикалық және шығармашылық жұмыстарын зерттеу зерттеушіге оқушылардың интеллектуалды-даралық ерекшеліктері мен қабілеттері туралы мағлұмат беретін әдістің бір түрі.

Педагогикалық құжаттарды зерттеу – оқу жоспарлары, бағдарламалары, оқулықтар, мұғалімнің сабақ жоспарлары, сынып журналдары, мұғалімнің есеп берулері т.б.

Әдебиет көздерін зерттеу – зерттеуші ғылымның осы саласында оған дейін қандай мәселелер зерттелгенін анықтау үшін, зерттеу мәселесінің бұрынғы мен қазіргі жай-күйін және оған қатысы бар барлық мәселелерді түсіну үшін таңдап алған тақырыбы бойынша әдебиеттермен танысуы қажет.

Талдау мен синтез. Талдаудың эмпирикалық материалды механикалық бөлу; тұтастық құралындағы элементтердің өзара қатынасы формаларын анықтау; білім құрылысын ашу; зерттеу объектісінің сипаты мен динамикасын айқындау сияқты түрлері бар. Талдау мен синтез диалектикалық түрде бір-бірімен тығыз байланысты.

Индуктивті және дедуктивті – эмпирикалық деректер қорытындыланып, жекеден жалпыға қарай және керісінше жалпыдан жекеге қарай қисынды салдарлар айқындалады.

Модельдеу – зерттеу объектісі өзімен ұқсастық қатынастағы басқа бір объектімен алмастырылатын зерттеу әдісі. Зерттеуші модельді зерттеп, алған нәтижелерін ұқсастық және үйлестік заңы бойынша түпнұсқаға көшіреді. Модель ұқсастық ретінде түпнұсқа, оны жетілдіру, қайта құру және оны басқару туралы білімді зерттеу, сақтау және кеңейту үшін қолданылады.

Математикалық және статистикалық әдістер. Олар педагогикалық құбылыстар мен олардың сапалық өзгерістері арасындағы сандық тәуелділікті анықтау үшін қолданылады.

Тіркеу әдісі – зерттеу объектісінің белгілі бір қасиеттерін ашып, зерттеп, белгілі бір белгісі бар не жоқ құбылысты өлшеу үшін қолданылады.

Тізбектеу (ранжирование) әдісі – деректердің, құбылыстардың, қасиеттердің, белгілердің өсуі немесе төмендеуін анықтау үшін қолданылады. Өлшеудің бұл әдісі ретке келтіру әрекетіне негізделген, яғни зерттеу объектілері немесе құбылыстары белгілі бір белгісінің мөлшерінің ұлғаюы немесе төмендеуі тәртібі бойынша орналастырылады.

Сандық тізімі (шкалирование) – сандық көрсеткіштерге сапалық талдау жасауға мүмкіндік береді. Орташа мөлшерді анықтау әдісі орташа сандық көрсеткіштерге, бағаларға талдау жасап, нәтижелері мен оларды дәрежесі бойынша орналастыру, өзара үйлесімділік коэффициенттерді есептеу үшін қолданылады, бұл зерттеушінің математикалық статистика және мүмкіндік теориясы саласында арнайы дайындығын талап етеді.

Зерттеу жұмысының логикасы және құрылымы – зерттеудің көкейтестілігі, қарама-қайшылық, зерттеу проблемасы, зерттеу мақсаты, объектісі, пәні, болжамы, міндеттері, жетекші идея, зерттеудің әдіснамалық негізі, зерттеу көздері, әдістері, зерттеудің ғылыми жаңалығы мен теориялық мәнділігі, практикалық мәнділігі, қорғауға ұсынылатын негізгі қағидалар, зерттеу нәтижелерінің дәлелдігі мен негізділігі, зерттеу нәтижелерін сынақтан өткізу және өндіру, зерттеу базасы.

Зерттеудің математикалық әдістері – педагогикада зерттеу нәтижесінде алынған мәліметтерді өңдеу, сандық көрсеткіштерін белгілеу қажет. Кең таралған түрлері: ренжирлеу, тіркеу, шкалалау.

Зерттеудің статистикалық әдістері – орташа коэффициентін, медианы құру. Оларды есептеу, шығару үшін арнайы формулалар мен анықтама кестелері бір. Нәтижесі сызба, диаграмма, кесте түрінде көрсетіледі.

Зерттеу оқушылардың іс-әрекет нәтижелерін – жазба, шығармашылық, графикалық, бақылау жұмыстарын, суреттерін, сызбаларын, пән бойынша дәптерлерін және т.б. Олардың көмегімен оқушылар даралығына, оның жұмыстануы, білім мен іскерлік деңгейін т.б. анықтауға болады.

Зерттеу педагогикалық құжаттары – оқушылардың жеке іс-қағаздары, сынып журналы, медкарталар, күнделік, жиналыс хаттамалары және т.б. үрдісінің ұйымдастырылуын сипаттайтын объективті мәліметтермен қаруландырады.

Зерттеудің елтану тәсілдері - жеке бір немесе бірнеше шетелдің білім беру жүйесін зерттеуді қамтиды.

Зерттеудің тарихи тәсілі - білім берудің бір елде, сол сияқты бір аймақта немесе дүние жүзінде дамуына тарихи талдау жасаудың өте қажеттілігін білдіреді. Тарихи зерттеу қазіргі құбылыстың түптамасын анықтау, терең түсіну үшін қажет. Құбылыстың хронологиялық шегін анықтау белгілі шамамен ғана мөлшерленеді. Өткен мен бүгінгінің шегі тез өзгеріске түседі, көбінесе білім берудің дамуының жаңа кезені қарастырылады. Кей жағдайда жаңа тенденциялар оларға жан-жақты және объективті талдау жасауға мүмкіндік беретіндей деңгейді қолданылмай жатады. Ондай жағдайда белгілі мәселеге өткенді шолу өте пайдалы болады.

Зерттеудің этномәдениет тәсілі - халыққа білім берудің, мәдениеттің, жеке елде, аймақта немесе жалпы дүние жүзінде дамуының жалпы заңдылықтарымен қатар ұлттық ерекшеліктерін де анықтауды көздейді.

Зерттеудің индукциялық тәсілі /жекеден жалпыға қарай/ - салыстырмалы педагогикалық зерттеуді деректерді жинаудан бастап, оны жүйелеп талдау және оған теориялық түсініктеме беру болып табылады.

Зерттеудің дедукциялық тәсілі /жалпыдан жекеге қарай/ - мәселені талдау, болжау және соны дәлелдейтін немесе жоққа шығаратын деректер жинауды білдіреді.

Зерттеудің экономикалық тәсілі /білім берудің экономикасы/ - білім беру жүйесі дамуының экономикалық жайын: ғылыми-техникалық прогресс және экономика, маман жұмыс күшін толтыру; білім беруге қаражат жұмсаудың сандық мөлшері, ұлттық және мемкеттік есебі және т.б. анықтайды.

Зерттеудің негіздемесі - практикалық әрекет жөнінде шешім қабылдау, пікір түйю немесе баға беру үшін белгілі білім, ереже не анықтама негізінде ойлау процесі ретінде болады. З.Н. бөліктері:

- 1) зерттеу тақырыбының маңыздылығы;
- 2) мәселедегі қарама-қайшылық;
- 3) зерттеу проблемасы;
- 4) зерттеу мақсаты, объектісі, пәні, міндеттері, болжамы, жетекші идеясы, әдіснамалық негізі.

И

Идентификация /лат. identificatio-теңдестіру, бірдей ету/- бірнеше ерекше мәні бар:

- 1) таным процесінің психологиясында- тану, қандай да бір объектілердің тепе-теңдігін орнату;
- 2) әлеуметтік психологияда-адамның басқа адамдармен ұқсастандыруы. И. барысында басқа адамның құндылықтары, нормалары, адамгершілік сапалары т.б. менгеріледі;
- 3) бір нәрсені, кімді болса да тану;
- 4) немен болса да, кіммен болса да теңдестіру, бірдей ету.

Идеология – адамдардың, таптардың, топтардың, партиялардың шындыққа қатынасын көрсететін көзқарастардың, идеялардың жүйесі. Оны теоретиктер, идеологтар жасайды. Идеология қоғамға және жекелеген тұлғаға белсенді әсер етеді.

Имманентті (лат. immanentis – неге болса да тән, неде болса да болатын) – қандайда бір құбылысқа іштей тән, ол оның табиғатынан, мәнінен шығады.

Императив (лат. imperatives - бұйрықты) – бұйрық, қатаң талап, міндетті болу.

Имплицитті – айқын, ашық көрінбейтін, үстірт бақылауда көрінбейтін. Қарама қарсы ұғым – эксплицитті.

Индивид (лат. individuum – бөлінбейтін) – 1. адам бірліктегі табиғи жан ретінде, Homo sapiens түрінің өкілі, филогенетикалық және онтогенетикалық дамудың өнімі, туа біткеннің және ие болғанның бірлігі, оны басқа адамдардан өзгешелендіретін жекелік ерекше белгілердің алып жүрушісі; 2. адамзат қауымының жеке өкілі.

Индифферентность (лат. indifferens – парықсыз) – бейтараптылық, селқос, қатынаспаушылық.

Инварианттылық (фр. invariant - өзгермейтін) – жағдай өзгерсе де объектінің қасиетінің өзгермейтіндігі.

Инварианттар педагогикалық – қайта қарауға жатпайтын педагогикалық шындықтар. Педагогикаға терминді фр. педагогы С.Френе енгізді. Ол гуманистік педагогика негізінде 30 инвариантты ұстанымдарды жасады: баланың табиғаты ересек адамның табиғатымен бірдей; баланың мектептегі қылығы оның психологиялық құрылымы және денсаулық жағдайына байланысты; бала да ересек

те өзіне бұйырғанды жақтырмайды; әрбір адам жетістікке ұмтылады; сәтсіздік жұмысты тежейді және ынтасынан айырылтады.

Индукция /лат.-шығару/ - ойдың жекеден жалпыға, деректерден жинақтауға процесімен байланысты.

Инновация /лат. - жаңарту. жаңалық, өзгерту/ - жаңаның мазмұны және ұйымдастырылуы. Педагогикалық И. бағыттары: білім берудің жаңа мазмұның қалыптастыру; балалардың даму жүйесін, әдістемесін, педагогикалық технологияларын жасау және жүзеге асыру; оқу орындарының жаңа түрлерін құру т.б.

Инновациялық қызмет - нәтижесі экономикалық ұсу мен бәсекелестік қабілетілігі үшін пайдаланылатын жаңа идеяларды, ғылыми білімді, технологияларды және өнім түрлерін үндірістің түрлі салаларына және қоғамды басқару салаларына үңгізуге бағытталған қызмет.

Инсайт – шешімін ұзақ іздеуде жүргенде, мәселенің шешімінің күтпеген жерден табылуы, аңғарылуы, пайда болуы.

Институт /лат. - орнату, мекеме/ - кәсіптік жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын және қолданбалы сипаттағы ғылыми зерттеулерді жүзеге асыратын жоғары оқу орны.

Инстинкт /лат.-сезімнің оянуы/ - генетикалық шарттасқан мінез-құлқының, қылығының немесе оның қосындысы — керісінше жауап қайтаруының формасы, оның физиологиялық механизмі шартты емес рефлекс болады. И. шартты рефлеке негізінде жүзеге асырылатын дағды мен іс-әрекеттен осылай айрықшалынады. Инстинкт (лат. *instinctus* – талаптану, сезімнің оянуы) – туа біткен күрделі реакциялардың (қылығы актілерінің) жиынтығы, ол сыртқы ортада организмнің мақсатқа сәйкестілік қылығын анықтайды. Түрлері: өзін сақтау, текті жалғастыру, зерттеушілік, еркіндікті және абыройды сақтау.

Институционалдық белгі бойынша тәрбие түрі – отбасылық, мектептік, мектептен тыс, кәсіптік, тұрған орны бойынша тәрбие, балалар және жастар ұйымдарындағы, арнайы балалар мекемелеріндегі тәрбие.

Интроверт - ағылшын психологы З.Айзенк енгізген термин, ол арқылы бағытталғандығы «Мен» деген дамумен ішкі дүниеммен көбіне анықталатын жеке адамның типі. Ол көбіне өзіне бағытталған.

Интернаттық ұйымдар - белгілі бір санаттағы азаматтарға жататын орын бере отырып, білім беру құқығына мемлекеттік кепілдікті қамтамасыз ететін орта білім беру жүйесінің ұйымдары.

Интериоризация - сырқы әрекеттің ішкі амалға ауысуы.

Интервью - интервью алушы зерттеушіден мақсатты бағытталған әңгіме арқылы ақпарат алудың әдісі.

Интерактивті оқыту /ағыл. *inter*-өзара, *act*-әрекет жасау/- бұл диалогты оқыту, оның барысында мұғалім мен оқушылардың өзара әсері жүзеге асырылады. И.О. формалары: «үлкен шеңбер», «аквариум», «ой шабуылы», «дебат» т.б.

Интернатура - медициналық жоғары оқу орындарының студенттерін нақты мамандық бойынша бір жылдық даярлау нысаны.

Интеграцияланған білім беретін оқу бағдарламалары – білім беру деңгейі мен мазмұнының үздіксіздігін және сабақтастығын ескере отырып білім беретін оқу бағдарламалары.

Инициация-жас жігітті ересек адамдар қатарына қосуға арналған жора мен рәсімдер.

Интеллект /лат.intellectus-ұғыну, түсіну, танып білу/ - жеке адамның ақыл-ой қабілетінің салыстырмалы тұрақты құрылымы. Интеллект коэффициенті (ағыл. Intelligence Quotient. IQ)– интеллект тестісі арқылы өлшенетін, интеллектуалдық дамудың дәрежесінің сандық көрсеткіші. И.К. формуласы=ақыл-ой жасы/хронологиялық жасы *100

Интуиция /лат.intueri-тесіліп, зейінді қарау/- жолын және оны алудың шартын ұғынбай пайда болатын білім.

Инфантилизм жеке адамның (лат. infantilis - сәбилік, балалық) - ересек адамның психикасында және қылығында балалық жасқа тән ерекшеліктердің сақталуы.

Инстинкт – биологиялық қажеттіліктерді қанағаттандырумен байланысты мінез-құлық актілері. И. туа бітеді.

Инсайт – шешімін өзақ іздеуде жүргенде мүселеніө шешімініө күтпеген жерден табылуы, аөғарылуы, пайда болуы.

Интуиция – логикалық жағынан жасалынбаған, даярланбаған, күрделі жағдайда дұрыс бағыт-бағдар алу қабілеті. Алдында болған тәжірибелердің нәтижесі.

К

Календарлық-тақырыптық жоспар – бір оқу пәні бойынша құрылатын жоспар. Оған кіретіндер: тақырыптардың тізімі, олардың оқудың міндеттері, тақырыптарға бөлінетін сағаттардың саны, сабақтың типін анықтау, пәнаралық байланыс, әдістемелік жағынан қамтамасыз ету. Календарлық жоспар бойынша жұмыс оқу бағдарламасын орындаудың кепілі болады.

Категория /ұғым; гр.-пікір, белгі/ - шындықтың белгілі бір құбылысының ең мәнді қасиеттерін және қатынастарын көрсететін ғылыми ұғым. Ғылымның тілін түсіну үшін категорияларды білу қажет.

Кафедра меңгерушісі - жоғары оқу орнындағы кафедраны басқарушы лауазымы.

Кәмілеттік жас (18 жасқа толғанда) – адамзаттың өз ақылымен, сапасымен өмір сүретін, заңды некеге тұруға және өз қылығына, жасаған қылмысына толық жауап бере алатын жағдайға жеткен жасы.

Кәсіп /профессия/ - адамның білімі туралы тиісті құжаттармен расталған кәсібінің, еңбек қызметінің негізгі түрі.

Кәсіптік мектеп /профессиональная школа/ - жалпы орта, кәсіптік бастауыш білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын және еңбек қызметінің түрлі бағыттары бойынша білікті еңбек қызметкерлерін даярлауды қамтамасыз ететін орта оқу орны.

Кәсіптік лицей /профессиональный лицей/-жалпы орта, бастауыш кәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын және біліктілігі жоғары деңгейдегі жұмысшы кадрларын даярлауды жүзеге асыратын оқу орны.

Кәсіптік білім - белгілі бір кәсіп иесі үшін қажетті арнаулы дағды, іскерліктерді меңгертеді. К.Б. алған адамдар белгілі мамандық алып шығады.

Кәсіптік бағдар беру - кең өрісті жалпы, политехникалық және еңбекке дайындау негізінде оқушылардың жеке бейімділігін, қабілеттерін және қоғамдық қажеттіліктерді есепке ала отырып, дер кезінде еңбектік іс-әрекеттің түрлерімен таныстыруға бағытталған мектептің оқу-тәрбие процесінің құрамды бөлігі.

Кәсіптік бағдар білім алушының кәсіптік қызығушылықтарына, жеке қабілеттері мен психикалық-физиологиялық ерекшеліктеріне сәйкес білім беру және кәсіптік мүмкіндіктер саласында, мамандық пен оқитын орнын еркін және саналы тандау құқықтарын іске асыруына ақпараттар мен консультациялық көмек беру.

Кәсіптік диагностика - кәсіптік бағдар беру мақсатына байланысты әрбір оқушыны зерттеу.

Кәсіптік білім беру - әр түрлі мамандықтар және сол мамандықтардың адамға қоятын талаптары жөнінде шешім қабылдауға көмектесетін кәсіптік бағдардың формасы.

Кәсіптік кеңес-оқушыға мамандық талаптарына сәйкес өзінің дербес бейімділігін, психофизиологиялық мүмкіндіктерін анықтайтын, сол мамандыққа жарамдылығы жөнінде шешім қабылдауға көмектесетін кәсіптік бағдардың формасы.

Кәсіптік іріктеу - еңбек экспертизасының формасы, жастардың белгілі бір мамандыққа жарамдылығын немесе жарамсыздығын қабілетіне, тәжірибесіне, моральдық белгілеріне қарай анықтау. К. І. міндетіне қарай психологиялық, медициналық, физиологиялық және педагогикалық деп ажыратады.

Кәсіптік бейімделу /адаптация/ - әр түрлі оқу орындарында оқитын және кәсіпорындарда жұмыс істейтін жастардың кәсіби еңбек ету жағдайына бейімделу жүйесі.

Кинетикалық қарым-қатынас - вербалдық /сөздік/ емес құралдардың, көмегімен қарым-қатынас: қол сермеу, мимика /бетінің бұлшық қозғалыстары, пантомимика /дененің айқындау, мәнерлі қозғалыстары/.

Классификация (лат. classis – разряд, класс, fasio – жасаймын, орын орнына қоямын) – белгілі бір негіздеме бойынша белгілерге тәуелді қылып объектілерді, құбылыстарды, ұғымдарды кластарға, бөлімдерге, разрядтарға бөлу.

Критерий /гр. - пікір үшін құрал, ерекше белгі/ - белгі, ол арқылы нені болса да бағалау жүзеге асырылады; өлшем, ол арқылы затты өлшеу жүзеге асырылады және оның негізінде баға беріледі.

Кроссмәдени (кросскультурные) зерттеу (ағыл. cross - перекрестный) - әртүрлі мәдениеттің өкілдерінің арасында біртекті құбылыстарды зерттеу. Мақсаты – мәдениеттің осы құбылыстарға әсерін орнату.

Креативтілік – тұлғаның салыстырмалы орнықты сипаттамасын құрайтын шығармашылық дарындылықтың деңгейі, шығармашылыққа қабілеттілігі.

Кредиттік оқу технологиясы – білім алушының және оқушының оқу жұмысының көлемін өлшеудің сәйкестендірілген бірлігі ретінде кредитті пайдалана отырып, білім алушылардың пәндерді оқып зерделеу дәйектілігін тандауы және дербес жоспарлауы негізіндігі оқыту.

Концепция /тұжырымдама/ - лат. - түсіну, жүйе; көзқарастар жүйесі, құбылыстарды, процестерді олайша және былайша түсінуі, оларды ашып көрсетудегі жетекші идея: іс-әрекеттің жетекші ойы; негізгі идеяға топтастырылған зерттеу объектісіне қатысты көзқарастардың жүйесі.

Коменский Я.А. (1592-1670) – XVI ғ. мен XVII ғ. аралығындағы жаңа педагогиканың негізін қалаушы ұлы славян педагогы. Еңбектері: Тілдер мен барлық ғылымдардың ашық есігі (1631), Ұлы дидактика (1657), Әлемді суреттеп бейнелеу, Жақсы ұйымдастырылған мектептің заңдары т.б.

Я.А.Коменский педагогиканың өз алдына бөлек ғылыми жүйе ретінде алғаш тұжырымдалуына үлес қосты. Я.А.Коменский адам өзінің жетілуіне жалпы табиғатқа қатынасты Заңдарға тәуелді деп есептеді, осыған сәйкес құрылатын тәрбиенің, оқытудың жалпы принциптерін іздестірді. Кейіннен бұл идея педагогикада «табиғатқа сәйкестік принципі» деп аталды.

Я.А.Коменский «Ұлы дидактика еңбегінде «бәрін, барлығында оқытудың әмбебап өнері» мағынасында оқытудың жолын жаңа негізге салу мақсатын қойды.

Дидактиканың жүйелі және бірізділік принципіне байланысты Я.А.Коменский оқытудың «жақыннан алысқа», «белгіліден-белгісізге», «нақтылыдан абстрактылығыға», «жеңілден ауырға» қарай көшіп отыратын негізгі ережесін құрды. Я.А.Коменский пікірі бойынша «Дидактиканың алтын ережесі» - көрнекілік принципі.

Я.А.Коменский білім беру ісінің ұйымдастыру түрлерін түбірімен бір тәртіпке келтіруді ұсынды. Педагогика тарихында тұңғыш рет оқу жұмысын ұйымдастырудың негізгі түрі, теориялық жағынан негізделіп сыныптық – сабақтық жүйесі ұсынылды.

Я.А.Коменский балаларға тәлім-тәрбие беріп, ұстаздық көрсететін мұғалімді өте жоғары бағалады.

Оның ойынша, мұғалім – «мәңгі нұрдың қызметшісі. Ол барлық ой мен қимыл әрекетіне ақылдың дәнін сеуіп, нұр құятын танамсыз лаулаған жалын иесі». Мұғалімнің балаға әсер ету күшіне ешбір күш тең келе алмайды: «Мұғалімдерге ең тамаша міндет жүктелген, Күн астында одан жоғары тұрған ешнәрсе жоқ».

Я.А.Коменский оқу-тәрбие жұмысында жас ерекшеліктерін ескеруді алғаш рет ұсынған.

Комплекстік ыңғай, тұрғы /комплексный подход/ - оқыту мен тәрбиелеу тәжірибесін ұйымдастырудағы тұрғы. Ол арқылы тәжірибені тұтастық және жүйелілік позициясынан қарастырады.

Коммуникация /лат. - хабарландыру, байланыс/ - ақпарат /информация/ алмасу мақсатындағы қарым-қатынас актісі.

Колледж - орта кәсіптік білімі бар мамандар даярлаудың білім беру бағдарламаларын іске асыратын оқу орны.

Коллоквиум /лат.colloquium - әңгімелесу/ - жоғары оқу орнындағы оқытудың формасы, онда оқытушы баға қоймай сөйлесу арқылы студенттің білім деңгейін анықтайды; ғалымдардың жиналысы, онда белгілі бір тақырып бойынша баяндамалар тыңдалынып, бағаланады, талданады.

Конформдық /лат.conformis - ұқсас, сәйкестілік/ - адамның топтың шынайы немесе елестеткен, ойша қысымына көнуі, сөйтіп өзінің қылығын және ұстанымдарын өзгертіуі.

Контекст-аяқталған мәндік мағынасы бар ауызша немесе жазбаша сөз. Ол арқылы оның құрамына кіретін бөліктердің (сөздердің, текст бөліктерінің) мағынасын және мәнін анықтауға болады.

Когнитивті – танымға, ойлауға қатысы бар.

Контент – анализ (талдау) (ағыл. contents - мазмұн) – зерттеу әдісі. Оның мәні бойынша мәтіндерде және басқа да ақпарат көздерінде (видеожазбалар, телевизиялық және радиохабарлар, сауалнама, ашық сұрақтарға жауап, балалар жұмысы, мектеп құжаттары және т.б.) ерекшелік сипаттамаларды анықтауда және

бағалауда болады, онда зерттеу мақсатына сәйкесті мазмұнның белгілі бір мәнді бірліктері және ақпарат формалары бөлінеді.

Космополитизм (гр. дүние жүзінің азаматы) – идеологиялық ағым, ол бойынша адамзат тегі бірлігі үшін ұлттық суверенитеттен, ұлттық дәстүрлерден және мәдениеттен бас тарту қажет.

Көңіл күйі - адамның барлық толғанис тебіреністері мен әрекетіне өң беретін біршама ұзақ эмоциялық күй.

Көрнекіліктің түрлері – көрнекілік принципінің оқыту материалдарын, әсіресе, теориялық ережелерді терең оқуда, берік еске сақтауда алатын орны ерекше.

Көрнекіліктің түрлері – табиғи көрнекілікке коллекциядағы кептіріліген өсімдіктер, хайуандар мен құстардың тұлбы, минералдар және т.б.;

- заттар және бейнелеу көрнекілігі: муляж, геометриялық фигура, макет, портреттер, архитектура, кесіндеме және мүсін үлгілері, жер бетінің бедері т.б.

- символикалық көрнекілікке карталар, картограммалар, схемалар, диаграммалар, кестелер /хронологиялық, синхрондық, тақырыптық, графикалық/ жатады;

- экранды – динамикалық көрнекілік шындық дүниені бейнелейді. Олар: диапозитивтер, диафильмдер, эпипроекциялар, оқу киносы, оқу теледидары;

- дыбысты техникалық көрнекілікке грампластинкалар, магнитофильмдер, радиоқабылдағыштар жатады.

Көп мәдениетті тұлға /поликультурная личность/ - тұлғаның қз мәдениеті арқылы басқасына бағытталуы, ол үшін өз мәдениетін терең білуі басқасына деген қызығушылықтың фундаменти, ал көбімен тыныс болуы – рухани баюдың және дамудың негізі. К.М.Т. болу үшін екі тілді (үш, төрт б.б.) білу керек. К.М.Т. мынадай саналардың түрлеріне ие: лингвистикалық, тарихи, географиялық, өнер.

Куррикулум – 1. Сабақты өткізудің жалпы жоспары, оған сабақтың мазмұны, оның мақсаты, әдістері және нәтижесі кіреді; 2. Оқу мазмұнының, жоспарының, әдісінің, құрылымының, оқулықтардың, көрсетілімдік материалдардың, көрнекілік және техникалық құралдардың бүкіл түрлерінің, компьютерлік бағдарламалардың және т.б. жиынтығы.

Кіріспе - кітаптың, оқулықтың, ғылыми текстінің кіріспе бастапқы бөлімі. К. мақсаты - оқырманды материалды кейінгі баяндауда және қабылдауда бағыт-бағдар беру. Жұмыстың сипатына қарай кіріспеде мәселеге қысқаша тарихи очерк, әдеби көздеріне шолу, тақырыптың өзектілігін, тандалынуын негіздеу, негізгі терминологияларды түсіндіру, тақырыптың мақсатын, міндеттерін, әдістерін т.б. көрсету.

Қ

Қабілет - жеке адамның жекелік-психологиялық ерекшеліктері, ол қандай да бір өнімдерді, іс-әрекетті нәтижелі орындаудың шарты болады. Қ. дамуы мен көрінісінің ең жоғары деңгейі “талант”, “дана”. Нышан Қ. бастапқы табиғи негізі болады..

Қалыптастырушы эксперимент-педагог-зерттеуші тұтас педагогикалық процестің мазмұнын, ұйымдастыру формаларын, принциптерін мен әдістерін жанадан құрады.

Қазақстан Республикасының жоғары аттестациялық комиссиясы - ғылыми және ғылыми-педагогикалық қызметкерлерге ғылым дәрежесін және ғылыми атақ беретін республикалық мемлекеттік орталық ұйым. Докторлық және кандидаттық

диссертация қорғайтын диссертациялық кеңестер құрады, кандидаттық және докторлық ғылыми дәрежені, доценттік және профессорлық атақты береді.

Қажеттілік /потребность/ - өмір мен дамудың белгілі бір жағдайларында адамның міндетті түрде керек ететін қажетсінушілері. Қ.адам бойындағы белсенділік сезімін оятады, ойлау қызметін тудыратын негізгі күш. Түрлері: материалдық, рухани, танымдық, эстетикалық, қоғамдық, еңбектік, қарым-қатынас жасау т.б.

Қатынас /отношение/ - философиялық категория, белгілі бір жүйенің элементтерінің өзара байланысын сипаттайды.

Объективті Қ. әртүрлі формаларда сандық немесе сапалық өзара байланыста көрінеді: математикалық, физикалық, физиологиялық, қоғамдық /мысалы, өндірістік/, жеке адамдар арасындағы Қ.

Субъективті Қ. - сананың атрибуты /қасиеті/: еңбекке Қ., эмоционалдық Қ., жекелік Қ., т.б.

Еңбекке Қ. - жеке адамдық қатынастың жоғары формасы және еңбек тәрбиесінің нәтижесі.

Эмоционалдық Қ. - адамдар тобына, адамға және жануарларға тән психологиялық қатынастың қарапайым формасы және эмоция түрінде көрінісін табады.

Басқа адамға деген Қ. – гуманизм. Өз өзіне деген Қ. – қадір-қасиет. Отанға деген Қ. – отансүйгіштік, патриотизм. Табиғатқа деген Қ. – табиғатқа қамқорлық. Көркемдікке деген Қ. – көркемдікті эмоционалды-эстетикалық түрде қабылдау қабілеті.

Қазақстан Республикасындағы білім беру жүйесінің кестесі

ДОКТОРАНТУРА

Кәсіптік жоғары білім беретін жоғары оқу орындары: университет, академия, институт, консерватория, жоғары мектеп, жоғары училище
МАГИСТРАТУРА
БАКАЛАВРИАТ

Орта білімнен кейінгі кәсіптік білім беру: 2 жылдық, 1 жылдық, 1 айдан 6 айға дейін.

Орта білім беру				
Жалпы білім беретін мектеп	Лицейлер, лицей сыныптары	Гимназия, гимназия сыныптары	Жеке мектептер	Техникалық және кәсіптік білім беру: кәсіптік мектеп, кәсіптік лицей, колледждер, училищелер

Негізгі білім беру 5-10 сыныптар

Бастауыш білім беру 1-4 сыныптар

Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту

Қарым-қатынастың проксемикалық құралдары - мән алып жүруші, кеңістік және уақыт, яғни кеңістікте қарым-қатынас адамдарының орналасуы, қарым-қатынасты өткізу уақыты.

Қабылдау - адамға тікелей әсер ететін заттардың я құбылыстардың адам санасында бейнелеу процесі. Сабақ үстінде оқушылардың жаңа материалмен танысуы түйсіктен және қабылдаудан басталады. Ал түйсік сананың сыртқы әлеммен байланысы. Сезім мүшелерімізге әсер етіп, оның миымызда бейнелеуін түйсік деп атаймыз.

Қалыптасу - тұқым қуалаушылықтың ортаның, мақсатты бағытталған тәрбиенің және жеке адамның өзінің белсенділігінің объективті әсерінің нәтижесіндегі жеке адамның құрылуының процесі.

Қазақстандық патриотизм - Қазақстан Республикасының дамуының және өмір сүруінің негізгі принциптерінің бірі. Оның көп жақты мазмұны бар. Республиканың азаматтары Қазақстанмен генетикалық, тарихи және құқықтық байланыс пен шарттасқан терең әлеуметтік-психологиялық сезімге ие. Бұл сезім Қазақстанды өз Отаны деп қарастыруға, оған деген сыйлаушылығын және сүйіспеншілігін елінің дамуына және дүние жүзілік қауымдастықтың алдында беделін өсіруге деген іс-әрекеттерінде, қылықтарында өз көрінісін табады. Қ.П. құрамдас элементіне Республикада құрайтын адамдардың тарихи дәстүрлі достығы және өзара шыдамдылығы, әртүрлі ұлттардың ерекшелігіне және салт-дәстүрлерін сыйлаушылығы жатады. Қ.П. тәрбиеленген адам қоршаған ортаға өзіне сын көзбен қарайды, еліне бүлдіруінің, кесел келтіретіннің бәріне батыл және дәйекті түрде қарсы шығады. Ол қазақ жерінің тарихи ескерткіштерін және мәдени жетістіктерін, елдің табиғи байлығын аялап сақтайды, өзінің еркін саналы түрде Отан және оның азаматтарының алдындағы борышқа тәуелді қылады.

Қиын балалардың тәрбиесі – бұлар оқуға, еңбекке, қоғамдық өмірге ықыласы жоқ балалар. Олардың белгілері:

- 1) Аномальды сұраныс–олар ішкілік, нашақорлық, ұрлық жасау, төбелес т.б.
- 2) Теріс қасиеттердің тұрақтылығы–бұл мейірімсіздік, каталдық, жалғандық, жалақорлық, өзімшілдік сезімі т.б.
- 3) Ата-аналар және мұғалімдермен тартыс жағдайының тұрақтылығы.
- 4) Сыртқы ортаның көмегінсіз өзін-өзі жүндеуге, реттеуге қабілетсіздігі.

Қайта тәрбиелеудің алгоритмі - мінез-құлықтың дұрыс емес стереотипін қайта құруға бағытталған тәрбиеленушінің бірізділік әрекеті және ол мыналарды қамтиды:

- 1) оқушының мінез-құлқындағы және дамуындағы ауытқушылықтың себебін анықтау;
- 2) оны тәрбиелеудегі мәселелерді тұжырымдау, қалыптасқан мінез-құлық стереотипін қайта құруға әсер ете алатын факторларың жолдарын және құралдарын анықтау;
- 3) оқудағы және бос уақытында санасын және іс-әрекетін белсендету,
- 4) тәрбиелеудің ойластырылған әдіс және тәсіл жүйесін қолдану;
- 5) қайта тәрбиелеудің нәтижесіне ағымдық және кейінгі бақылауды жүзеге асыру;
- 6) тәрбиеленушінің іс-әрекетін коррекциялау.

Қиял - бұл елестерді қайта құру және солардың негізінде бейнелер қалыптастыру, оның жүзеге асуы жаңа материалдық және рухани байлық жасауға әкеледі; қиял

сондай-ақ өмірде бар, бірақ адамның жеке тәжірибесінде кездеспеген объектінің бейнесін жасау.

Қосымша білім беру - азаматтардың қоғам мен мемлекеттің білімге деген қажеттерін жан-жақты қанағаттандыру мақсатымен барлық деңгейдегі қосымша білім беру бағдарламаларының негізінде жүзеге асырылатын тәрбиелеу мен оқыту процесі.

Құрылым (структура) – объектінің бөліктерінің (компоненттерінің) арасындағы орнықты байланыстарының жиынтығы, осылай олардың тұтастығы қамтамасыз етіледі.

Құрылымы педагогикалық процестердің – педагогикалық жүйенің компоненттеріне сәйкесті, оның бөліктерін құрайтын жиынтығы. Компоненттері: мақсаттық, мазмұндық, операциялық-әрекеттік, бағалаушылық-нәтижелік (мақсат, міндеттері, ұстанымдары, мазмұны, формалары, әдістері, нәтижесі).

Құрылымы сабақтың – сабақтың тұтастығын қамтамасыз ететін, сабақтың элементтерінің жиынтығы. Құрылымдық элементтері: сабақтың басталуын ұйымдастыру, сабақтың мақсатын және міндеттерін қою, түсіндіру, бекіту, қайталау, үй тапсырмасы, сабақты қорытындылау.

Құнанбаев Абай /1845-1904/ - ұлы ойшыл ақынның поэтикалық шығармалары мен “Ғаклия” сөздері пәлсапалық, этикалық, эстетикалық, психологиялық және педагогикалық ой пікірлерге толы.

Табиғаттың санадан тыс, тәуелсіз өмір сүруді, өмір ақиқатын түйсікпен қабылдануы, адамдар жаратылысының бірдей еместігі, ғылымның ақылмен, жан құмарымен алынатындығы, қоғамдық қатынастар тұрғысындағы пікірлері, жастарды халқының әдет-ғұрпы, салт-санасы, дәстүрінен тәлім-тәрбие алуға шақыруы, оның педагогикалық көзқарастарының дүниежүзілік педагогика классиктерінің ой-пікірлерімен терең қабысып жатқандығын айтады. Абай адам мінезінің қалыптасуы тәрбие байланысты екенін дәлелдеді. Өзінің отыз жетінші сөзінде: “Мен, егер заң қуаты қолымда бар кісі болсам, адам мінезін түзеп болмайды деген кісінің тілін кесер едім” – деді. Ол жастардың белгілі бір мамандық игеруін уағыздады, олардың жұбайлық өмірге алдын ала даярлықпен баруына ерекше мән берді. Абайдың педагогикалық көзқарасындағы басты нысана “Атаның баласы болма, адамның баласы бол... жақсы көпке ортақ, пайдаң еліңе, халқыңа тисін” деген гуманистік ой-пікірді қуаттау болды. Абай психологиялық арнайы еңбек жазбаса да оның өлеңдері мен қара сөздерінде психологияның негізгі мәселесі – жан мен тәннің арақатынасы, адамның психологиялық даму жолындағы тәрбие мен білімнің атқаратын қызметі, сондай-ақ бала психологиясы мен қоғамдық психологияның жекелеген мәселелері де /адамның жеке басына және жас деңгейіне байланысты ерекшеліктер әдеп, үлгі-өнеге, өзін-өзі тәрбиелеу жайлы, өсумен үйретудің психологиялық негіздері, ұлттық мінез-құлық т.б./ көрініс тапқан.

Абай ұрығын сепкен оқу, өнер-білім, адамгершілік, әдеп, мораль мәселелері егеменді еліміздің рухани қазынасына айналып отыр.

Қоғамдық пікір - әлеуметтік өмір фактілері, ұжымдық қызмет және жеке адамдардың іс-әрекеті жөніндегі бірыңғай баға.

Қортынды - ғылыми жұмыстың аяқтайтын бөлімі, онда жалпылау және қорытынды жасалады, нәтижесі шығарылады.

Қызығу - жеке адамның объектіге, оның өмірлік мәні мен эмоциялық тартымдылық күшіне қарай тандамалы қатынасы. Қ.түрлері: материалдық, рухани, қоғамдық.

Қосымша білім беретін білім беру мекемелері - азаматтардың, қоғамның, мемлекеттің білім алуудағы сұранысын қанағаттандыру мақсатындағы әртүрлі бағыттағы қосымша білім беру бағдарламаларын жүзеге асыратын білім беру мекемелерінің типі.

Түрлері: кадрлардың біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау мекемелері, кәсіптік бағдар беру орталықтары, курстар, саз және көркемөнер мектептері, жас техниктердің, туристердің, натуралистердің станциялары мен базалары, шығармашылық сарайлары, үйлері, орталықтары, кешендері, студиялары т.б.

Л

Лицей - негізгі және қосымша жалпы білім беру бағдарламаларын іске асыратын, жоғары сатыдағы оқушыларды кәсіби бағдарлап оқытуды жүзеге асыратын жалпы орта білім беретін оқу орны. Лицей – негізгі орта білім берудің және жалпы орта білім берудің жаратылыстану-ғылыми, физика-математикалық бейіндері бойынша жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын білім алушылардың бейімділігі мен қабілетіне сәйкес іске асыратын оқу орны.

Логопед - сөйлеудің кемшілігін анықтайтын, диагностикалық және осындай кемшілігі бар адамдарды оқытатын маман.

Лонгитюдтық зерттеу - бір объектіні ұзақ уақыт бойы зерттеу.

Локомация /лат.-орны+қимыл/ - жануарлар мен адамның кеңістікте белсенді қозғалып жүрудің қамтамасыз ететін қимылдар жиынтығы.

Логикалық - ақылдың бұл сапасы ой процесінің өзінің барысын сипаттайды және алдымен талдау-синтездеу арақатынасымен анықталады. Л.ойлау процесінің бағытының айқындығы, оның бір ізділігі, қойылған мәселеге сай келушілігі, барлық ірі және ұсақ детальдарды салыстыра білушілік адамға болашақ (немесе бұрын болған) құбылыстың барысын анықтауға мүмкіндік береді.

Логикасы психологиялық - педагогикалық зерттеудің - қойылған міндеттерді шешуді қамтамасыз ететін іздеушілік қадамдардың мазмұны және бірізділігі.

Лабораториялық әдіс - оқушылардың өздігінен зерттеу, эксперимент жасауына негізделеді және физика, химия, биология пәндерін оқығанда кеңінен қолданады.

Л.Ә. құралдармен жұмыс істеу іскерлік және дағдыны меңгеруге, өлшеу, нәтижені өңдеу, салыстыру сияқты практикалық іскерліктерді меңгеруге мүмкіншілік береді.

М

Магистр – лат.magister–мұғалім, тәлімгер; жоғары кәсіптік білімнің тиісті білім беру бағдарламаларын меңгерген адамдарға берілетін академиялық дәреже мен біліктілік.

Мадақтау – бұл баланың жағымды мінез-құлқын ынталандыру құралы. Түрлері: құрметті міндеттер тапсыру/лаборанттық, мұғалім ассистенті т.б./көтермелеу сыйлықтары, құрметті және мақтау грамоталары, ұжымдық және жеке алғыс, стипендиялар, “Алтын белгі” белгісімен марапатталуы т.б.

Мамандық (специальность) – білімі туралы тиісті құжаттармен расталған белгілі бір қызмет түрі үшін қажетті, мақсатқа сай даярлау және жұмыс тәжірибесі арқылы алынған білім, шеберлік және дағдылар кешені.

Мазасыздану /тревожность/ - адамның тынышсыздыққа, үрейлілікке әсерленуге деген бейімділігі.

Макаренко А.С. (1888-1939) – аса көрнекті совет педагогы. 1920 ж. Полтавадан 6 км. жердегі заң бұзушы жас балалар колониясын ұйымдастырды. Кейіннен А.М.Горький атымен аталған осы колонияны 8 жыл басқарады.

1920-1935 жылдарда Харьковтағы Ф.Я.Дзержинский атындағы еңбек коммунасын басқарды. 1939 жылы Еңбек Қызыл Ту орденімен наградталады.

Еңбектері: Педагогикалық дастан, Мұнара үстіндегі тулар, Ата-аналар үшін кітап, Балаларды тәрбиелеу туралы лекциялар.

Ұжым ішінде, ұжым үшін, ұжым арқылы тәрбиелеу М. тәрбие жүйесінің негізгі және орталық идеясы болды. Сынып ұжымын, бүкіл мектеп ұжымын оқушылардың тәрбиелік бірлестігі деп қарастырды. Жоғары ұйымдасқан топ ретіндегі ұжымның белгілерін анықтады: жалпы әлеуметтік мәнді мақсат; бірге іс-әрекет істеуі; ұжым мүшелері арасындағы жауапкершілікті қатынас; жалпы сайланған басқарушы органдардың болуы.

«Талап» өлшемін негізге ала отырып ұжымның дамуын 3 сатыға бөлген. Бірінші сатыда талапты тек мұғалім қояды, екінші сатыда белсенділердің ықпалы артады, үшінші сатыда талапты әр оқушы қоя алады. Ұжымды тәрбиелеуге байланысты дәстүрлерді, перспективаларды жасап шығарды.

М. тәрбие процесінде тәртіп бұзушы тәрбиеленушілерге қарсы кең түрде балалар ұжымының осы мәселеге байланысты «параллельді ықпал ету» әдісін шебер қолданған. Бұл әдіс бойынша тәртіп бұзған кінәлі оқушыларға әр уақытта тікелей педагогтың араласуы міндетті емес. Мұндай жағдайда тәрбиеші тәрбиеленушілерге ұжым мүшелері, белсенділері арқылы ықпал етуді ұйымдастырады.

Маргиналдар (лат. – шетте тұрғандар) - әртүрлі әлеуметтік институттар, топтар, ұлттардың арасындағы орын алған тұлғалар. Олар нақты біреуіне жатудың белгілеріне айырылған.

Мангеймдік мектеп жүйесі - саралап (дифференциялап) оқытудың жүйесі. Ол Германиядағы халық мектептері үшін XX ғ. басында пайда болды. 4 түрлі сыныптардан тұрды: орташа қабілетті балалар үшін; қабілеті төмен балаларға – дамыту сыныптары; ақыл-ой кемістілерге – көмекші сыныптар; реалдық мектептерде, гимназияларда оқимын деген балалар үшін сыныптар.

Мектепішілік қадағалау - мектепішілік қойылған міндетке сәйкесті бүкіл жұмысты үйлестіру мақсатындағы мектептің оқу-тәрбие процесін жан-жақты зерттеу және талдау, сөйтіп білім берудің жоғары сапасына қол жеткізеді. Білім беру сапасы - білім мекемесінің білім беру процесіне әр түрлі қатысушылардың күткеніне қанағаттанғанның дәрежесі.

Мектепішілік қадағалаудың ұстанымдары:

- жоспарлылығы
- теориялық және әдістемелік даярланғандығы мен негізделгендігі
- жүйелілігі
- мақсатқа бағытталғандығы
- жеделдігі

- жан-жақтылығы және тереңділігі
- объективтілігі
- тартушылығы

Мектепішілік қадағалаудың түрлері:

- Қадағалаудық объектілерінің қамтылуына қарай: шолушылық, жекелік, тақырыптық, фронтальдық, сыныптық-жалпылаушы;
- Орындаушыға қарай: ұжымдық, өзара қадағалау, әкімшілік (жоспарлы және жоспардан тыс);
- Логикалық бірізділігіне қарай: ағымды, алдын-ала, аралық, қорытынды;
- Мезгіліне қарай: эпизодтық, мезгілдік, әрдайым.

Қадағалау әдістері:

- бақылау;
- мектептің құжаттарын зерттеу;
- ауызша, жазбаша, графикалық, аралас тексерулер;
- сабақтарға, сыныптан тыс сабақтарға қатысу; әңгімелесу;
- шкалалау және рейтингілеу;
- оқушылардың жұмыстарын зерттеу.

Қадағалаудың мазмұны:

- мектептің оқу-тәрбиелеу процесінің барлық жақтары мен қызметкерлерінің бүкіл іс-әрекеті.

Қадағалаудың нәтижелілігінің шарттары:

- оқу жоспарының әрбір пәні бойынша бағдарламаның талаптарын білу;
- қадағалаудың перспективалылығы;
- мұқият даярлық іскерлігі.

Мектеп кеңесі – мектептің өзін-өзі басқару құрылымындағы алқалық (коллегиялық) басқарудың жаңа органы. Басқа өзін-өзі басқару органдарына қарағанда оның өзіндік ерекшеліктері бар: заңшығармашылық әрекеті (жарғы, ереже жиынтығы, нұсқаулар); мектеп процесінің ұйымдастырушылық – заңдық параметрлерін бекіту және жүзеге асыру (жұмыс режимі, оқушыларды қабылдаудың тәртібі, мадақтау және жазалау шаралары, киім түрі, мұғалімдердің қосымша еңбегін төлеу тәртібі т.б.); тартыстардың алдын алу және қарама-қайшылықтарды шешуге бағытталған келістіруші әрекет т.б.

Мектепті басқарудың принциптері – демократияландыру және ізгілендіру, жүйелілік және тұтастық, алқалық (коллегиялық), басқарудағы жекелік, ашықтығы және жариялылығы, міндеттерді бөлу, еркіндігі және шығармашылығы.


Мектептегі басқару жүйесінің деңгейлері – мектеп директоры, мектеп директорының орынбасарлары, мұғалімдер, оқушылар.

Мәндік кедергі /барьер, фр. barriere - кедергі, тосқауыл/ - адамдардың бірін-бірі түсінбеуі, оның себебі бір құбылысқа олар әр түрлі мән береді.

Медитация /лат. meditatio - размышление ойлау, ойға шомылу/ - бір объектіге шоғырлану арқылы, затқа, идеяға т.б. қарқынды, тереңге баратын ойлау, ойға шомылу. М. - мәдени-тарихи ортаға тәуелді әртүрлі формада болатын, психикалық жаттығудың тәсілі.

Мектеп реформасы - мектеп жүйесін өзгертуге бағытталған заңдық және әкімшілік кешендердің шаралары. Олар қоғамның даму дәрежесі мен және оның әлеуметтік-экономикалық ұйымдастырылуымен анықталады.

Мектепті басқару моделі
Мектепті басқарудың ұйымдастырушылық құрылымының сызықтық (линейно)-функционалдық моделі



Мектептегі өзін-өзі басқару құрылымы



Мемлекеттік емес білім беру мекемелері – мемлекеттік мекемелер жүйесіне кірмейтін білім беретін мекемелер.

Мәселе/проблема, гр. problema қиыншылық, міндет, тапсырма/ - бұл ғылыми білімнің формасы, онда орнатылған шындықтың шекарасы анықталады және жаңа білімді дамытудың жолдары болжанады.

Мәселеге мынадай бағалаушылық сипат беріледі: ғылыми, фундаментальды, өзекті, маңызды, қажет, жетекші, өткір, жекелік, ғаламдық, ойдан ала салынған шешілмейтін.

Мектептен тыс білім және тәрбие беру мекемелері - балалардың қабілеттілігі мен бейімділігі дамыту, қоғамдық белсенділігін арттыру, еңбекке, кәсіби бағдар беруге, ғылым мен техникаға, өнерге, әдебиетке, спортқа, ұлттық дәстүрлерге құштарлығын тәрбиелеу, олардың мәдени демалысын, бос уақытын, дұрыс ұйымдастыру мақсатындағы мекемелер.

Түрлері: балалар клубтары мен парктер, кітапханалары, театрлары мен кино, жас техниктер, жас натуралистер станциялары, спорт, өнер, саз мектептері, оқыту және тәрбиелеу орталықтары т.б.

Мектепте оқуға деген даярлығы: жүйелі ұйымдасқан мектептің оқуына сәтті ұтуді қамтамасыз ететін мектеп жасына дейінгі баланың морфофизиологиялық және психологиялық ерекшеліктерінің жиынтығы. Баланың М.О.Д.мына компоненттерден тұрады: мотивациялық, еріктілік, ақыл-ой, қарым-қатынасқа даярлығы, сөйлеуі т.б.

Менталитет /ұлттық менталитет/ – менталитет ағыл.”mentality” – ақыл-ой-қабілеті, ақыл-ой дамуы, психика; халықтың интеллектуалдық, ақыл-ой, психологиялық қабілетінен шығатын, олардың өмірінің тарихи, геосаяси, климаттық, этнографиялық, этникалық және тұрмыстық жағдайымен берілген, ерекше тән белгілердің жыйынтығы.

Методология /гр.methodos-зертеудің немесе танып білудің жолы, теория ілім және logos-сөз, ұғым/ – теориялық және практикалық іс-әрекетті құрудың және ұйымдастырудың принциптері мен тәсілдерінің жүйесі; танып білудің ғылыми әдісі туралы ілім; қандай да бір ғылымда қолданатын әдістердің жиынтығы.

Мектептану – білім беру ісін ұйымдастырудың және басқарудың, соның ішінде мектепшілік басқарудың мәселелерін зерттейтін педагогикалық ғылымның саласы.

“Мен” - өзін-өзі реттеу қызметін атқарады: іс-әрекеттің күшейе түсуі немесе әлсіреуі, өзін-өзі бақылау, әрекеттер мен мінез-құлықтардың түзетілуі, өмір мен іс-әрекетті жоспарлау.

Менеджмент - өндірісте және мекемелерде ұйымдастырушылық жүйелерді басқарудың заңдары туралы ғылым. Менеджмент педагогикалық – бұл ұйымдастыру нормаларының және технологиялық тәсілдердің білімділік процесті басқару тиімділігін арттыруға бағытталған принциптердің, әдістердің кешені.

Ми - адамның және жануарлардың нерв жүйесінің орталық бөлімі, психикасының басты органы.

Мимика - қарым-қатынас кезіндегі беттің құбылысы.

Мнемоника /гр.mnemonic-еске сақтау өнері/ - жасанды ассоциациялар құру арқылы еске сақтауды жеңілдететін және еске түсірудің көлемін ұлғайтатын әртүрлі тәсілдердің жүйесі.

Мектеп – негізгі және қосымша жалпы білім беру бағдарламаларын іске асыратын әрқайсысы дербес жұмыс істей алатын үш сатыдан: бастауыш, негізгі және жоғарғы сатылардан тұратын жалпы орта білім беретін оқу орны.

Меланхолик – темпераментінің типі, эмоциялық қозуы шабан, күшті, тұрақты. Ол момақан, тұйық, жасқаншақ, мінезі баяу, көңілі жабырқау, кейде үрейленіп жүреді. Өзін ұжымнан оқшау ұстайды, іске бірден кіріспейді, бастап кетсе аяқтап шығады.

Моральға жатпайтын қылық және іс-әрекет – адамгершілік принциптері және нормаларына қарсы қылық пен іс-әрекет.

Моделдеу /фр. Modele - үлгі/ - күрделі объектілердің мәнді қасиеттерін көрсететін моделдерді, схемаларды, белгілік немесе шынайы ұқсасын жасаудың процесі. Прототиптің /түп тұлға, түпнұсқа/ жекелеген тұстарын, астарларын және қасиеттерін зерттеудің зерттеушілік құралы болады.

Монография - бір мәселені немесе тақырыпты толық және жан-жақты қарастыратын кітап түріндегі ғылыми басылым. Басқа ғылыми еңбектерден

айырмашылығы мәселені терең және тұтас қарастырады. М.түрлері: теориялық-логикалық, теориялық-эксперименталдық және тарихи-педагогикалық.

Мониторинг - ортаның жағдайын үздіксіз, өзекті бақылау және адамдарға дер кезінде ақпарат беру арқылы оны басқару.

Модульмен оқыту /лат.modulus-өлшеуіш/ - педагогикада модульмен оқыту идеясын 1969 жылы АҚШ професоры С.Н.Постлезвейт қолданды. Модуль – іс-әрекеттің мақсатты бағдарламасы белгіленген деңгейіне жету үшін сұрыпталған, дидактикалық өңделген білім, білік, дағдының белгілі мазмұнының бірлігі және оның әдістемелік нұсқауы, яғни аяқталған оқу ақпараты болып табылатын модульмен оқытудың негізгі құралы. Ол модульге ену және одан шығу бақылауымен қамтамасыз етіледі. М.О.-толық немесе жекелей түрде модульге негізделген оқыту.

Модульдік оқыту /модульное обучение/ – блоктық оқытуды дамыту ретінде болады. Модульдік оқыту-оқыту процесін ұйымдастыру, онда оқушы мақсаттық, информациялық, оқыту мақсатына жетуге деген практикалық жетекшілік /операциялық/, білім тексеру модульдерінен тұратын оқу бағдарламасымен жұмыс істейді. Әрбір модуль аяқталғандықпен сипатталып және салыстырмалы дербестікке ие, бірақ бірлестіктегі тұтастық болып, қажетті нәтижеге жетуге мүмкіндік береді.

Мотив /фр. - түрткі, қозғаушы, себеп/ – адамның объективті сұранысы мен ынтасын бейнелейтін әрекетіне ішкі талаптануы. Демек, сұраныс пен ынта мотивация негізі болады. Мотивтің түрлері: тікелей мен перспективті талаптану, танымдық, әлеуметтік, т.б.

Мұғалім – мұғалімдік қызмет атқаратын адамдар мұғалім қызметкерлер болып есептеледі.

Мұғалімнің еңбек құралдарының өзіндік сипаттары болатындары: білімділігі, біліктілігі, тұлғалық қасиеттері.

Мұғалімнің негізгі функциялары: белгілі бір оқу материалын игеру барысындағы оқушының оқу іс-әрекетін басқару. Педагог іс-әрекетінің объектісі – педагогикалық процесс.

Мұғалімдерді аттестациялаудағы мақсат: олардың кәсіби шеберлігінің деңгейін айқындау. Мұғалім басты тұлға болу үшін оған қойылатын талаптар – педагогтық әдеп және ұстаздық шеберлік.

Педагог тұлғасына қойылатын талап – білікті маман болуы. Педагогикалық іс-әрекет мәні: әлеуметтік тәжірибені беру, оқушыны дамыту және өмірге дайындау жағдайын жасауды ұйымдастыру.

Пән мұғалімінің шығармашылық ізденісінің мақсаты – педагогикалық процесті жетілдіру болып табылады.

Мұғалімнің жеке тұрғыдан білімін жетілдірудің негізгі түрі - өзіндік білімін жетілдіру.

Мұғалімнің шешімі тиімді болмайды, егер ол диагностикада жинақталмаса.

Педагог қызметіндегі негізгі функция басқарушы функция болып табылады.

Мұғалімнің сөйлеу мәдениеті – мұғалімдер мен оқушылардың өзара іс-әрекетін, қарым-қатынсын өнімді қылады; оқушылардың сенімдерін, іс-әрекет мотивін түзеу, қалыптастыру мақсатында мұғалімдердің олардың санасына, сезіміне, іс-әрекетіне жағымды әсері; оқыту процесінде білімді толық қабылдауды, ұғынуды, бекітуді; оқушылардың оқу және практикалық іс-әрекетін тиімді ұйымдастырады.

Мұғалімнің ақпараттық даярлығы – оның құрамына информатика негіздерінің аясындағы білімдер мен іскерліктер кіреді. Мұғалім білуге тиісті: білім беру аясындағы негізгі құжаттардың типін және басылымдардың турлерін; ғылыми-педагогикалық ақпарат алудың каналдары мен көздерін; құжаттарды өндеудің аналитикалық-сеинтетикалық әдістерін, ақпараттық-іздеушілік тілдерді; кітапханаларда және мәліметтер базасында құжаттарды іздеудің тәсілдерін. Мына іскерліктерді меңгеруге тиісті: библиографиялық каталогтарды, корсеткіштерді және картотекаларды пайдалану; кітап және сөздіктердің құрлымдарында бағдарлануға; зерттеп жатқан мәселе бойынша компьютердің көмегімен фактілер және библиографиялық базасын жасау.

Мұғалімнің ақпараттық сұраныстары – өзінің кәсіптік даярлығының дәрежесін арттыруға қажетті, педагогика және психология, жеке әдістеме аясындағы білімдерді толықтырып және жетілдіруге, мәдени және ой-өрісі дәрежесін арттыруға мұғалімнің ақпарат алуға деген сұранысы. Ақпараттық сұраныстар қоғамдық мәнге ие, себебі ол өзінің іс-әрекетінің қоғамдық мәнін ұғыну нәтижесінде пайда болады. Сонымен бірге ортаның талабы нәтижесінде онда ақпараттық сұраныс қалыптасады.

Мұғалімнің беделі – оқушылардың мұғалімнің құндылық мәнділігін мойындап және осыған негізделген оның тәрбиелік және білім берушілік әсерінің күші. Мұндай құндылықтар қатарына енетіндері: үйірсектік, әділдігі, балаға деген сүйіспеншілігі, педагогикалық шеберлігі т.б.

Мұрат /идеал/ - адам тап қазір басшылыққа алатын және оның өзін-өзі тәрбиелеу жоспарын анықтайтын образ. Жоғары адамгершілік мұраттың болуы адамның жоғары дәрежеде даму деңгейін көрсетеді, оның ниетінің түзулігін және іс-әрекеттегі мақсаттылығын танытады.

Міндет – мақсаттың бөлігі, оның құрамдасы, қосындысы. Міндет мақсатқа жалпы қозғалыстың басқышы, бұл іс-әрекеттің нәтижеге жетуінің бөлігі, онсыз жалпы нәтижеге қол жету мүмкін емес. Мақсатты қосынды элементтерге бұлгенде міндет пайда болады.

Мінез - күрделі синтетикалық құрылым, онда адамның рухани өмірінің мазмұны мен формасы бірлікте көрініс танытады. М. жеке адамды толық сипаттай алмайды, алайда оның қасиеттерінің, бағыттылығы мен еркінің, интеллектілік және эмоциялық сапаларының темпераменттен байқалатын типологиялық ерекшеліктерінің күрделі жүйесін құрайды.

Мінез-құлық (поведения) – адамның генетикалық ерекшеліктеріне байланысты болып, өмір жағдайларына сәйкес және олардың ықпалымен байқалып отыратын тұрақты психикалық ерекшеліктерінің жиынтығы. М-Қ адамның өзіне, басқа адамдарға, тапсырылған іске қалай қарайтынынан байқалады. Ол оның бүкіл тәртібіне әсер етеді. Адам м-қ бастапқы көрінісі – қылық. Мұнда тұлғаның беталысы, адамгершілік талғам-сенімі көрініс береді.

Міндет /танымдық, оқу, тәрбиелеушілік, зерттеушілік/ - мақсатқа деген қозғалыстың буыны, кезеңі, жағдайды қзгертуді талап ететін, нақты берілген мақсат. Міндетке мынадай бағалаушылық сипат беріледі: бірінші кезектегі, жақын, ақырғы, қойылған, белгіленген, іргелі, негізгі, басты, ерекше, нақты, анықталған.

Н

Нашақорлық /наркомания/ – наркотиктерді /есірткіні/ қолдану әдеті, физиологиялық жағынан жүйке жүйесінің патологиялық өзгеруіне, педагогикалық жағынан жеке адамның азуына әкеліп соқтырады.

Невроз /гр. neuron-нерв/ - нервтік-психикалық бөзылуының кеңінен тараған тобы. Оның негізінде әр түрлі қайшылықтардың нәтижесіз шешілуі, сұраныстардың қанағаттанбауы, өмірлік мақсаттардың орындалмауы т.б. жатады.

Никотин – темекі түтіні құрамындағы уытты /токсикалық/ зат.

Нышан /задатки/ – организмнің анатомиялық-физиологиялық ерекшелігі, соның ішінде алдымен орталық нерв жүйесінің, ал ол өз кезегінде қабілетті дамытудың алғышарты болады.

Ноосфера /гр. ноос - ақыл және сфера/ – қоғам мен табиғаттың өзара әрекеттестігін ойдағыдай ұйымдастырып, қоршаған ортаның нашарлануына әсер ететін, талантаражға салатын жыртқыштық, апатты әрекетке жол бермеу. Ол биосфераның жаңа сапалық күйі. Ол оған деген цивилизацияның ақылды “әлемдік” /В.И.Вернадский/ іс-әрекеттерінің нәтижесі болады. Ноосфера жоғары жүйе ретінде табиғатты әлеуметтік қамтуды қамтамасыз етеді және аз дәрежедегі /елдер, халықтар, т.б./ жүйелерге әсер етеді. Адамзат – биосфераның функциясы, ал адамзаттың өзіне берілген функция – жерде және әлемде өмірді сақтау және дамыту. В.И.Вернадскийдің биосфералық-ноосфералық тұжырымдамасы дүниежүзілік ұйымдарда стратегиялық жоспарлауда және болжауда барған сайын есепке алынууда.

О

Объект–ғылымның зерттейтін шындықтың аясы/область/.

Объект – бұл процесс немесе құбылыс, олар мәселелік жағдайды туғызады және зерттеуге таңдалынып алынады. Объект (лат. objcio – алға тастаймын, қарама-қарсы қоямын) – 1. Шындықтың элементі, оған субъектінің заттық-практикалық және танымдық әрекетінің белсенбілігі бағытталған; 2. Бізден тыс және біздің санамыздан тәуелсіз өмір сүріп жатқан сыртқы дүние объектісі зерттеудің – педагогикалық кеңістік, аясы шеңберінде зерттелетіннің жатуы, орналасуы. Педагогика ғылымының зерттеу объектісі адамдарды оқытудың және білім берудің аясы болып табылады, ал пәні – сол аяда болып жатқан процестердің заңдылығы болады. Зерттеудің объектісі шеңберінде зерттеудің әртүрлі пәндері туралы айтуға болады.

Ой - ойлаудың негізгі бірлігі, “клеткасы”. Ойда қоршаған ортаны, басқа адамдарды және өзін түсінудің процесі көрінісін табады.

Ойлау - адамның танымдық әрекетінің процесі, шындықты (бейнелеу) жалпылып және жанамалылық бейнелеумен сипатталады. О. кешенді, пәнаралық зерттеудің пәні болып табылады. О. түрлері: интуитивті, көрнекілік-әрекеттік, көрнекілік-образды, практикалық, сөздік-логикалық, шығармашылық, теориялық. О. формалары: пікір және ой қортындысы.

Ойлау операциялары – салыстыру, абстрактылау, нақтылау, топтастыру, жүйелеу, жинақтау, тасымалдау, аналогия.

Жинақтау – мәнді белгілерінің ұқсастығы және екінші кезектегі, мәнді емес белгілерінен дерексіздену негізінде заттар мен құбылыстарды ойша біріктіру.

Салыстыру – неғұрлым қарапайым, бірақ аса мәнді ойлау операциясы, оқушының анализдік-синтездік қызметінің маңызды жағы.

Ойын - адамның және жануардың іс-әрекетінің түрлерінің бірі. Балалар О.-олардың ересек адамдардың әрекетін және олардың арасындағы қарым-қатынасты қайталап, жүзеге асыру, қоршаған ортаны танып білудің жолы.

Түрлері: ролдік, ереже бойынша.

Ойбөліс /дебат/ - түрлі тақырыптарға сөздік сайыстар. О. сөйлеу мәдениеті, өзін-өзі ұстай білуі, шыдамдылығы, ойын тиянақты жеткізуі ескеріледі. Қатысушылар О. ережесін қатаң сақтауы тиіс.

Ойталқы /диспут/ - белгілі бір тақырыпқа пікір таластыру.

Оқу /умение/ – іс-әрекеттің түрі, оның процесінде жеке адамды оқыту жүзеге асырылады және оның оқығандығына/обученность/ қол жетеді. Оқу–оқушылар іс-әрекеттерінің, яғни объективті әлемді танудың ерекше формасы.

Оқу пәні – қандай да бір ғылым негіздерінің педагогикалық тұрғыдан ойластырылған, бейімделген мазмұны (білімдердің, іскерліктердің жүйесі) және осы білімдерді және іскерліктерді меңгерудегі және пайдаланудағы сәйкесті іс-әрекет.

Оқу пәні – білім мақсатына жету әрекетіндегі қандай да бір ғылымның, өнердің негіздері бойынша дидактикалық сараптаудан өткен білім жүйесі.

Оқыту тәсілдері – оқыту әдісінің құрамды бөлігі.

Оқу-танымдық процесінің менеджері – оқушының оқу-танымдық іс-әрекетін басқару жүйесінің субъект сапасында болатын оқытушы болып табылады. Білім беру процесінің менеджерінің еңбек пәні басқарылатын субъектінің іс-әрекеті болады, еңбек нәтижесі–ақпарат, еңбек құралы – сөз, тіл, сөйлеу. Менеджердің еңбегінің нәтижесі – оқушылардың оқығандық, тәрбиелегендік, дамығандық дәрежесі болады. Оқу-тәрбие процесінің менеджері – педагогикалық қызметкерлердің оқу-тәрбие іс-әрекетін басқару субъектісі сапасында болатын оқу орнының жетекшісі /директор, оның орынбасарлары/ болады.

Оқу орнының имиджі /ағыл. имидж-образ, сәулелену/ -оның іс-әрекетінің ішкі мазмұнын, міндеттерін ұжым оқушылар, ата-аналар, жұртшылық үшін оларға ұнайтын, қызықтыратын оң образ жасау үшін көп еңбек сіңіреді. Зерттеулер өркениетті елдерде оқушылар мен ата-аналар мектепті таңдағанда, олардың 70% оқу орнының оң имиджі ететінін көрсетіп отыр.

Оқушылардың дербестік өнімді іс-әрекеті - олардың оқу мүмкіншілігіне қарай 4 дәрежеге бөледі:

- а) берілген үлгі бойынша қайталанатын іс-әрекет;
- ә) репродуктивті іс-әрекет, мұнда танымдық іс-әрекеттің амалдары мен әдістерін жалпылау, оларды типті болса да күрделі тапсырмаларды орындауға пайдалану;
- б) өнімді іс-әрекет, мұнда алған білімді дербес қолдануға мүмкіншілігі бар;
- в) дербес іс-әрекет, мұнда жаңа жағдайларда шешім табуға деген мүмкіншілігі бар.

Оқушыларды мектептен шығару - бұл оқушының ерекше бір теріс қылығы үшін қолданылатын ең ауыр шара. 16 жасқа дейін оқушыны мектептен шығаруға болмайды.

Оқушының күнделігі - мектеп оқушыларына арналған бақылау құжат, оған күнделікті үй тапсырмалары жазылады және алған бағалары қойылады. Жеті сайын ата-ана күнделікке қол қойып отырады. О.К. ата-анаға - мектеп пен отбасы

арасындағы байланыс көпірі. Бірақ отбасы күнделікті қадірлесе ғана, ол өз ролін атқара алады. Педагогикалық ұжым да О.К. маңызды құжат екенін ұғынуға тиіс.

Оқушының сөйлеу мәдениеті - жалпы тілдік нормаларды сақтаумен, сөйлеудің мазмұндылығымен, логикалығымен, лексикалық байлығымен, образдылығымен сипатталады.

Оқушылардың белсенділері /актив/ – актив лат. *activus* – әрекетті/ – оқушылардың ең әрекетшіл және тәртіпті бөлігі, балалар ұжымының өмірінде олар жетекші рөлдерді атқарады.

Оқыту – оқушылардың біліммен, іскерлік және дағдылармен қаруландыратын, олардың санасы мен құлқына әсер ететін, оқушылардың белсенді таным-білім әрекетінің, олардың жан-жақты дамуының процесі.

Оқыту теориясы /дидактика/ – ғылыми пән, оның объектісі өзара байланысты сабақ беру мен оқуды енгізетін оқыту процесі болады, ал пәні – сол процесте қызмет ететін заңды байланыстары мен қатынастары, білім беру мазмұны, принциптері, ұйымдастыру формалары, оқыту мақсатын жүзеге асыратын тәсілдері мен құралдары.

Оқытудың әдіснамалық негіздері

Оқытудың әдіснамалық негізін таным философиясының объективті заңдылықтары құрайды (гносеология).

Оқытудың әдіснамалық негізі төмендегі әдіснамалық ережелерді біріктіреді: танымдық жалпы әдісі ретінде диалектикалық әдіс, объективті ақиқаттық құбылыстарын сараптаудың тарихи тәсілі, қарама-қайшылықтың қозғалысындағы, дамуындағы процесті қарастыратын таным теориясы; диалектикалық ойлау; абстрактілік және нақтылық; объективтілік және субъективтілік, теория және тәжірибенің бірлігі; анықтылық және белгісіздік, шектеулік және шамалық; қарама-қайшылықтың ролі мен мәні; оқыту теориясындағы тарихилық және логикалық; мән мен құбылыс; мазмұн мен форма; мақсат пен құралдың үйлесімділігі; мүмкіншілік пен ақиқат; оқыту теориясының сапалық және сандық қатынастары; әдіснамалық принциптер (танымдық, объективтілік, теория мен тәжірибенің бірлігі, детерминизм, тарихилық және диалектикалық таным принциптері).

Оқыту әдістемесі /жеке дидактика/ – ғылыми пән, нақты оқу пәнін оқудың және сабақ берудің заңдылықтарын, формаларын, әдістерін және құралдарын зерттейді.

Оқыту әдістері – бұл мұғалім мен оқушылардың оқу тәрбие жұмысының міндеттерін шешуге бағытталған өзара бірлескен іс-әрекетінің тәсілдері.

Оқыту әдістері - әртүрлі негізге байланысты О.Ә. классификациялау.

Білім көзін негізге алып:

- оқытудың сөздік әдістері: әңгімелеу, баяндау, әңгіме, түсіндіру, дәріс, кітаппен жұмыс (оқу, жаттау, реферат құру, жалпы қарап шығу, сілтеме жасау, мазмұндау жоспар құру, конспектілеу);
- оқытудың көрнекілік әдісі: иллюстрациялау (көрсетілімдер): плакаттар, карталар, тақтадағы сызбалар, сурет, ғалымдар портреттері т.б.; демонстрациялау (приборлармен жұмыс, іс-тәжірибе жасау, техникалық құралдар, препараттар т.б.). Оқу киносын, оқу теледидарын пайдалану әдісі.
- практикалық оқыту әдісі: жазба, жаттығу, лабораториялық жұмыс, шеберханадағы еңбек тапсырмасы, өндірістік оқу цехтары, оқушылар бригадасы,

дыбысты жазу және дыбысты көрсету аппаратурасымен жұмыс, оқу машинасымен сабақ өткізу, репетитор және тренажер машинасы т.б.

Танымдық іс-әрекет сипаты негізінде жіктелетін әдістер тобы: түсіндірмелі-иллюстративтік, репродуктивтік, проблемалық баяндау, эвристикалық, зерттеу.

Оқыту процесінде оқушылардың оқу іс-әрекетін стимулдау әдісі: оқушылардың танымдық қызығушылығын қалыптастыру әдісі; оқыту мазмұнына ықпалды байланысты әдістері; танымдық ойындар; оқыту дискуссиясы; өмір ситуацияларын талдау әдісі; білім саласын көтеру ситуацияларын жасау; білімнің қоғамдық қажеттілігін түсіндіру; білімді игерудің қажеттілік әдісі; оқытудағы талап қою әдісі; оқытудағы мадақтау мен жазалау әдісі.

Оқытудағы өзіндік бақылау және бақылау әдістері: оқытуда б.ә.; жаба жұмыстарында б.ә.; лабораториялық б.ә.; машинамен бақылау әдісі; өзіндік бақылау әдісі.

Оқыту ережелері – қандай да бір оқыту принципін қолданудың жекелеген жағын ашып көрсететін басқарушы жағдайы, тәртібі. Ереже оқыту принципінен шығады. Принциптер оқыту ережесі арқылы жүзеге асады. Олар принциптерді жүзеге асырудың құралы болып табылады. Мысалы, саналық және белсенділік принципі мынадай оқыту ережесі арқылы жүзеге асады: істелінетін жұмыстың мақсаты мен міндеттерін анық түсіну саналы оқытудың маңызды шарты; оқушылардың бірін-бірі оқытудың күшін пайдаланыңыз т.б.

Оқу жоспары – оқу пәндерінің құрамын әрбір сынып және пән бойынша апталық сағат санын анықтайтын мемлекеттік құжат.

Оқыту заңдылықтары – табиғаттың, қоғамның, ойлаудың жалпы заңдылықтарын диалектика қарастырады, сонымен бірге тар шеңбердегі құбылыстарды қамтитын ерекше заңдылықтар болады. Міне соларға оқыту процесіне тән заңдылықтар жатады. Оларды жүзеге асыру арқылы оқушыға білім беруде, тәрбиелеуде және дамытуда жетістіктерге жетеді. Оқыту заңдылықтары: оқытудың қоғамдық қажеттілік пен үйлесімділігі; оқытудың оған жасаған жағдайға тәуелділігі; оқыту, тәрбие және даму процестерінің өзара шарттылығы; біртұтас оқу процесіндегі оқытудың мақсаты, мазмұны, әдістері мен формалары арасындағы шарттылық.


Оқытудың қарама-қайшылықтары – танымның қозғаушы негізі қарама-қайшылықтар болады. Оқыту процесінің ең негізгі қарама-қайшылықтарын оқыту кезінде пайда болатын танымдық және практикалық міндеттер мен бурыннан бар білім дәрежесімен, іскерліктермен, ақыл-ой дамуының арасындағы қайшылық оқытудың қозғаушы күші болады. Сонымен қатар оқу материалын баяндау логикасы мен оны оқушылардың игеру процесі аралығындағы; теориялық білімдер мен іс жүзінде оларды қолдану арасындағы қарама-қайшылықтар баршылық.

Оқыту процесі – бұл оқушыларға білім беру, тәрбиелеу және жалпы дамыту міндеттерін шешетін мұғалім мен оқушылардың мақсатты бағытталған, бірзділікпен өзгеріп отыратын бірлескен іс-әрекеті. Оқыту процесі құрылымы: мақсаттық, сұраныстық – мотивациялық, мазмұндық, іс-әрекеттік – операциялық, тексеру-реттеушілік (мақсат, міндеттері, ұстанымдары, мазмұны, формалары, әдістері, нәтижелері).

Оқыту процесінің құрылымы – оқыту процесінің екі жағы бар: педагогикалық оқыту іс-әрекеті және оқушының оқу-танымдық іс-әрекеті. Оқыту процесінің құрылымы мақсаттық, сұраныстық-мотивациялық, мазмұндық, іс-әрекеттік–

операциялық, эмоциялық-еріктік, тексеру-реттеушілік және бағалаушылық-нәтижелік.

Оқыту процесінің құрылымдық моделі (Б.Б.Айсмонтас бойынша)



Оқыту принциптері – оқыту процесінің заңдылықтары оның принциптерінде бейнеленеді. Принцип: лат.–негізгі, бастапқы. Оқытуға қойылатын талаптардың бастапқы белгілі жүйесін оқыту процесінің принциптері деп атайды.

Оқыту принциптері (ұстанымдары) оқытудың мазмұнына, ұйымдастырылуына және әдістемесіне қойылатын талаптар жүйесін анықтайды.

Оқыту принциптеріне жататындар: көрнекілік, ғылымилық, шамаға лайықтық, сапалық және белсенділік, теорияның практикамен байланыстылығы, жүйелілік, бірізділік және шешенділік, күрделіліктің жоғары деңгейінде оқыту, білімді, іскерлікті және дағдыны меңгеру беріктілігі, оқытудың топтық және жеке тәсілдері.

Оқытуды ұйымдастыру формасы – мұғалім мен оқушылардың арнайы ұйымдастырылып, белгіленген тәртіп пен белгілі режимде өтетін жұмысы.

Түрлері: сабақ, факультатив, семинар, практикум, экскурсия, кеңес, қосымша сабақ, үй жұмысы.

Оқытуды ұйымдастыру формалары (түрлері): сабақ, экскурсия, практикум, семинарлар, оқушылардың үйдегі жұмысы, сынақ, кеңес беру, емтихан, қосымша сабақ.

Оқытуды ұйымдастырудың фронталдық формасы – сабақта мұғалімдер мен оқушылар бірдей, жалпы істі атқарады, бүкіл сынып болып оны талқылайды, салыстырады және нәтижелерін жалпылайды. Жүзеге асырылу түрлері: проблемдік, информациялық және түсіндірмелі-иллюстративтік баяндау, оның барысында репродуктивтік және шығармашылық тапсырмалар қолданылады.

Оқытуды ұйымдастырудың жекелік формасы – әрбір оқушы өзінің даярлық және оқу мүмкіншіліктеріне қарай дербес орындауға тапсырма алады. Түрлері: оқулықпен және ғылыми әдебиетпен жұмыс; есептерді шығару, баяндама, шығарма, реферат жазу; түрлі бақылауларды жүргізу т.б. Сабақтың барлық кезеңдерінде, түрлі дидактикалық міндеттерді шешкенде; жаңа білімдерді меңгергенде және оларды бекіткенде, іскерлік пен дағдыларды қалыптастырып, бекіткенде, үткенді жалпылап және қайталағанда, зерттеушілік әдістерді меңгергенде т.б. жеке жұмысты қолдануға болады.

Оқытуды ұйымдастырудың топтық формасы – нақты оқу міндетін шешу үшін сабақта оқушыларды топқа бөледі, әрбір топқа белгілі бір тапсырма беріледі. Сабақта жүзеге асырылу түрлері: жаратылыстану-ғылыми пәндерде практикалық жұмыстарды, лабораториялық және практикум жұмыстарын жүргізгенде; шет тілдерінде ауызекі сөйлесу формаларын меңгергенде, текстерді, тарихи документтерді зерттегенде, конструкторлық-техникалық тапсырмаларды орындағанда т.б.

Оқытуды жекелендіру /индивидуализация обучения/

- 1) оқыту процесін ұйымдастыру, онда оқытудың тәсілін, қарқынын таңдау оқушының жеке ерекшелігімен шартталады;
- 2) жекелік тұрғыны қамтамасыз етілетін әртүрлі оқу-әдістемелік, психологиялық-педагогикалық және ұйымдастыру басқару шаралары.

Оқыту бағдарламалары – білім мазмұны сипатталады, пәндер бойынша әр жылға және оқытылатын курс тараулары мен тақырыптарына бөлінетін сағаттар саны белгіленеді.

Оқулық – белгілі бір оқу пәні бойынша бағдарламаға сәйкесті ғылыми білімдердің негіздері баяндалады. Мұғалім оқулықты басшылыққа ала отырып, оқушыларға іскерлік дағды және білім алуының негізгі көзі ретінде пайдаланады.


Оқытудың техникалық құралдары – мұғалімге оқушыларды оқу информациясымен, білімді еске сақтау, қолдану және түсіну процестерін басқаруды, оқыту нәтижесін қадағалауды қамтамасыз етуге күмектесетін жабдықтар. Оқытудың техникалық құралдарының түрлері: информациялық, программалық оқыту, білімді қадағалау, тренажерлер және аралас болуы. Оларға жататындар: кинопроекторлар, диапроекторлар, магнитофондар, видеоманитофондар, телевизиялық комплекстер, жеке компьютерлер және компьютерлік жүйелер /кластар/.

Оқыту технологиясы /педагогикалық технология/ – дидактикадағы бағыт, оптимальды жүйелердің принциптерін анықтаудың және жасаудың, алдын-ала сипаттамалары берілген қайталауға келетін дидактикалық процестерді конструкциялауды ғылыми зерттеу аясы. Оқыту технологиясының негізгі компоненттері: оқыту мақсатын қою; оқығандық /обученность/ дәрежесін алдын ала бағалау; оқыту материалдарын даярлау және оқыту процедураларын жасау; оқыту нәтижесін ағымды және қорытынды бағалаудың, коррекциялаудың /түзетудің/ материалдарын жасау; нәтижені қорытынды бағалау және жаңа мақсат қою. Оқыту технологиясының мәнді белгісі, оның оқыту циклдарын қайталауға болатындығы, яғни әрбір мұғалім оны қайталай алады.

Оқу-тәрбие үрдісін технологияландыру – бұл сапалы деңгейде тәрбие мен оқыту мәселелерін шешуге мүмкіндік беретін объективті құбылыс.

Оқыту құралдары – мұғалім мен оқушылардың жаңа білімді меңгерудегі қолданған материалдық және идеялық объектілер. Материалдық оқыту құралдарына–оқулық, таблицалар, модельдер, макеттер, көрнекілік құралдар, оқу-лабораториялық құралдар, бұлмелік орындар, оқу кабинеттерінің жабдықтары, сабақ кестесі т.б. оқытудың материалдық-техникалық жағдайлары. Идеалдық оқыту құралдарына–мұғалім мен оқушылардың жаңа білімді меңгерудегі қолданатын бұрынғы меңгерген білімдері мен іскерліктері. Олар арқылы оқушы пайымдаудың, талдаудың, дәлелдеудің, есептеудің, еске сақтаудың және түсінудің тәсілдерін алады.

Оқытудың және тәрбиелеудің құралдары



Оқытудың білім беру функциясы - оқыту процесі оқушыларда іс-әрекеттің шығармашылық тәжірибесін, білімді, іскерлікті және дағдыны қалыптастыруға бағытталған.

Оқытудың дамыту функциясы /функция-лат.іс-әрекет/ – оқыту процесінде баланың сөйлеуі, ойлауы, сенсорлық және қозғалу сфералары, эмоционалдық-еріктік және сұраныстық-мотивациялық аяларында даму жүзеге асырылуы. Оқыту дамытушылық сипатта болады, егер де жеке адамды дамытуды мақсат етіп қойса, ол үшін оқыту мазмұнында, оқыту процесін дидактикалық ұйымдастыруда таңдау жүргізіп, жүзеге асыру қажет.

Оқытудың тәрбиелеу функциясы – оқыту процесінде адамгершілік және эстетикалық ұғымдарын, дүниеге көзқарастар жүйесін, қоғамдағы мінез-құлық нормаларын орындау қабілетін, ондағы заңдарды орындау ниетін қалыптастыру. Факторлары: білім мазмұны, оқыту әдістерінің жүйесі; мұғалім мен оқушылардың

қарым-қатынасы, сыныптағы психологиялық ахуал, оқушылардың өзара қарым-қатынасы, мұғалімнің үнегесі т.б.

Оқытудың түрі – оқытуды ұйымдастырудың түрлері негізінен былай жіктеледі: оқушының саны мен құрамы, жұмыс орны, оқу жұмысының ұзақтығы. Оқытудың түрі: жеке; жеке-жұптық; жеке-топтық; өзара бірлесіп оқыту; саралап оқыту; бригадалық оқыту, тапсырманы бригада алады: бір сныпта 5-6 оқушы ұйымдасады, есеп беруші – бригадир; американдық «Винетка-жоспар», «Трамп-жоспар» және т.б.; оқытудың микротоптық жүйесі (фронтальді, ұжымдық жұмыс және т.б.); сыныптық-сабақ жүйесі; проблемдік оқыту; бағдарламаланған оқыту т.б.

Оқытудың ассоциативтік-рефлекторлық концепциясы /И.М.Сеченов, И.П.Павлов, С.Л.Рубин-штейн, Н.А.Менчинская, Д.Н.Богоявлинский, Е.Н.Кабанова-Меллер т.б./ – бастың миының шартты-рефлекторлық іс-әрекетінің негізгі түсініктеріне сүйенеді. Оның мәні: адамның миы сезім органдарының сигналдарын есте қалдыру /запечатлеть/ қабілетіне ие болып қоймай, сонымен бірге ұқсас та, әртүрлі жеке оқиғалардың, фактілердің арасында байланыстарды /ассоциация/ орнатып және қайталай алады. Ассоциативтік-рефлекторлық теория бойынша білімді меңгеру, дағды мен іскерліктерді қалыптастыру оның санасында әртүрлі ассоциалардың құрылу процесі болады. Оқыту процесінде ассоциациялар үздіксіз өзгереді, басқа түрге айналады, кеңиді және ассоциативтік қатарға өзарады. Білімді меңгеру дағды мен іскерліктерді қалыптастыру/ассоциалардың құрылу процесі/ логикалық бірізділікпен, мынадай кезендерден тұрады: оқу материалдарын қабылдау; түсіну; ұғыну; жинақтау; бекіту; қолдану.

Оқытуда мынадай шарттар жүзеге асырылғанда жоғары нәтижеге ие болады:

- а) оқушыларда оқуға деген белсенді қатынасты қалыптастыру;
- б) оқу материалдарын бірізділікпен беру;
- в) ақыл-ой және практикалық іс-әрекеттің әртүрлі тәсілдерін жаттығуларда демонстрациялау және бекіту;
- г) білімді практикада пайдалану.

Оқытудың бихевиористік теориясы /Э.Торндайк, Д.Уотсон, Б.Скиннер т.б./ – меңгерудің жалпы формуласы: ”стимул–реакция–бекіту”. Стимул – бұл қозғаушы себеп немесе ситуация /есеп, сұрақ т.б./, стимулға реакциясы – әрекеттің өзі /денелік, ақыл-ой/, бекіту – орындалған әрекеттің дұрыстығы туралы сигнал /материалдық немесе моральдық стимулдау/. Бұл теорияның бір көрінісі – программалық оқыту.

Он-лайн – он-лайн режимі – тордағы электронды есептегіш машинасының (ЭЕМ) немесе бірлесіп басқа (орталық) ЭЕМ жұмыс режимі. Қазіргі «Он-лайн» бойынша: өзіңнің хабарлауыңа бірден жауап алуға болатын тордағы жұмыс режимі.

Онтогенез - жеке организмнің даму процесі. Психологияда О. адамның бүкіл өмірінде психикасының негізгі құрылымдарының қалыптасуы.

Онтогенезі психиканың /гр.ontos-мәнді, genesis-пайда болу, даму/ - туған моментінен бастап қайтыс болғанға дейін жеке адамның психикасының дамуы. О.П.психиканың филогенезінің қайталану биогенетикалық заңы және оның қоғамдық-тарихи дамуы көрініс табады. П.О.генетикалық, іштей шартталған өсуді /мысалы: жасы өскен сайын мәндік еске сақталудың ролінің артып, механикалықтың кемуін, жыныстық бағытталғандықтың пайда болып, кейін

төмендеуі т.б./ және психиканың орта мен тәрбиенің әсерінен қалыптасатыны ажыратылады. Синонимі /адам үшін/ - жеке адамның дамуы.

Орта білім – азаматтардың ҚР Конституциясымен кепілдік берілген, білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын меңгеруі нәтижесінде алатын білімі.

Отбасы - туысқандық байланыста болатын /күйеуі, әйелі, ата-анасы, әжесі т.б./, бірлесіп, әлеуметтік-тұрмыстық өмір суретін адамдар. Мынадай функциялар жүзеге асырылады: репродуктивтік, яғни балалардың тууы; шаруашылық-экономикалық; тәрбиелеушілік; адамгершілік-психологиялық ахуалды қамтамасыз ету; отбасы ішілік қарым-қатынасты ұйымдастыру; бос уақытты өткізуді ұйымдастыру.

Отбасындағы тәрбие – қажетті нәтижеге жету мақсатындағы ата-аналар және отбасының басқа да мүшелерінің балаларға әсер етуінің жалпы аталуы.

Отбасы тәрбиесінің мазмұны демократиялық қоғамның басты мақсатымен анықталады, яғни жан-жақты және үйлесімді дамыған тұлғаны тәрбиелеу. Оның құрамдас компоненттері – денелік, адамгершілік, ақыл-ой, эстетикалық және еңбек тәрбиесі. Олар экономикалық, экологиялық, саяси, жыныстық білім берумен толықтырылады.

Отбасы мен мектептің педагогикалық процестерінің өзара іс-әрекеттесу формалары



Ө

Өздігінен білім алу – белгілі бір жекелік және қоғамдық мәнді білім алу мақсатына жетуге бағытталған арнайы ұйымдастырылған, дербес, жүйелі, танымдық іс-әрекет. Әдетте, жүйеленген оқыту формасы үлгісінде құрылады, бірақ субъектінің өзі реттеп отырады.

Өздігінен іздену арқылы ақыл-ойын дамытады, дүниетанымын кеңейтеді.

Өзіндік сана-сезім /самосознание/ - сананың өзінді білу мен өзіне қатынастың бірлігі ретінде көрінетін бір түрі. О.С.С.сырқы ортаны және өзінді өзің танудың бейнелеуінен біртіндеп қалыптасады.

Өзін-өзі басқару - жеке адамның өзін-өзі дамыту мақсатындағы, ұжымдық іс-әрекеттің ереше ұйымдастырылуы.

Өзін-өзі басқару мектептік – мектеп субъектілерін (мектеп қызметкерлері, оқушылар, олардың ата-аналары) өзінің мектеп ұжымының өмірлік іс-әрекетін басқару.

Оқушыларда өзін-өзі басқару органдарына жататындар: мектептің оқушыларының жалпы жиналысы, мектептік оқушылар конференциясы, оқушылар кеңесі, оқушылар комитеті, оның комиссиялары, штаттары және басқа да құрылымдық бөлімдері, сынып жиналыстары және оқушылардың сынып кеңестері және т.б.

Педагогтарда: педсовет, методсовет, пән мұғалімдерінің, сынып жетекшілерінің, тәрбиешілердің әдістемелік бірлестіктері және комиссиялары, аттестациялық, құқықтық және басқа да комиссиялар.

Ата-аналарда: әртүрлі деңгейдегі ата-аналар комитеті, комиссиялар.

Өзін-өзі басқарудың бірлескен органдары барлық мектеп субъектілерінің қызығушылықтарына қатысты сұрақтарды шешеді.

Олардың іс-әрекетінің ұстанымдары: тең құқықтығы, ашықтығы және жариялылығы, демократия, алқалылығы және жеке жауапкершілігі, сын және өзін-өзі сынау, өкілеттіктерді бөлу.

Өзін-өзі тәрбиелеу – теріс жекелік белгілерді жеңуге өзін жетілдіруге, өзін дамытуға, өздігінен білім алуға бағытталған адамның саналы, мақсатты бағытталған іс-әрекеті.

Өзін-өзі тәрбиелеу процесінің кезеңдері:

а) мұраттарды анықтау, күнделікті өмірді ұйымдастыру, өзін-өзі бақылау.

ә) мақсатты анықтау, белгіленген жұмысты орындау, жұмыс қорытындыларын жинақтау. Өзін-өзі тәрбиелеуге қажеттілігінің артуы жасөспірімдік кезеңде байқалады.

Өзара оқыту - оқытудың топтық әдісі, мұнда әрбір оқушы топтың мүшелеріне мұғалім ретінде болып, рөзі жақсы меңгерген жадығатты қалғандарына түсіндіреді, сөйтіп оқу жадығатын меңгерудің жалпы деңгейінің орнауына жағдай жасайды.

Өзара әрекет жасау /взаимодействие/ – әртүрлі объектілердің бір-біріне әсер ету процесі, олардың өзара байланысы, өзара шартты болуы, бір-біріне өтуі. Бір объектінің екінші объектіні туғызуы. өзара әрекет жасау – объективті және әр жақты сипатта болады. өзара әрекет жасауға мысал ретінде жеке адам мен іс-әрекеттің, оқыту процесінде мұғалім мен оқушылардың т.б. келтіруге болады.

Өмірде қиын ахуалға тап болған балалар - қалыптасқан мән-жайлардың салдарынан тіршілік етуі бөзылған және мән-жайларды өз бетімен немесе отбасының көмегімен еңсере алмайтын балалар.

Өркениет (цивилизация) – қоғамдық өндірістің мәдени-тарихи типі, материалдық мәдениеттің, ғылымның және техниканың, алмасудың қатынастарының даму деңгейіне сипаттама.

II

Парадигма /гр.–үлгі/ – қатаң ғылыми теория, бастапқы концептуалдық схема; модель, оның көмегі арқылы мәселелер қойылады және зерттеулер жүргізіледі.

Паралингвистикалық қарым-қатынас – дауыстың дыбысын өзгерту арқылы қосымша информация беру: диапазонды, тембрді, т.б.

Патронат - ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы уәкілетті мемлекеттік орган мен баланы тәрбиелеуге алуға тілек білдірген адам /патронат тәрбиелеушісі/ жасасатын шарт бойынша азаматтардың отбасына тәрбиелеуге берген кездегі тәрбиенің нысаны.

Панорамалық сабақ /гр.–өнердің түрі: барлық көлемді үлкен аумақты қамтитын оқиғалардың бейнелеу суреті/ – мұғалім сабақтың тақырыбы және оның мазмұны бірнеше күрделі мәселелерді қамтитын жағдайда және пәннің өзіне жақын пәндермен логикалық байланысы айқын күйінетін жағдайда, кіріспе немесе тарау соңында, қайталау сабақтарында материалдың аумақты көлемін қамту, тұтастығын көрсету мақсатында қолданылады. Панорамалық сабақ өткізуде бірнеше методикалық талаптар ескеріледі: сабақтың тақырыбы, мақсаты, пәндердің өзара байланысы, жоспары т.б. белгіленеді.

Панелдік зерттеу - бір педагогикалық объектіні белгілі бір уақыттық интервалда бір әдістемемен немесе бағдарламамен зерттеу /мысалы: әртүрлі жылдарда оқушылардың білімін бағалау/. Бір сұрақтардың сол адамдарға белгілі бір уақыт аралығында қоюға, нәтижелерді салыстыруға, талдауға мүмкіндік береді.

Пәні /ғылымның/ – ғылымның, объектінің кұру тәсілінің позициясы.

Пәнаралық байланыс – жалпы ғылымдар жүйесінің негізінде дидактикалық мақсаттардан туындайтын оқу программаларының өзара шартты байланыстары. Пәнаралық байланыс педагогика ғылымында философиялық, психологиялық, дидактикалық және методикалық жағынан қарастырылатын күрделі комплексті сала.

Пәнаралық байланыс жеке пәндер арасындағы өзара байланыс негізі болады.

Пәндік әдістемелік бірлестік – мектепте, ауданда, қалада құрылатын қандайда бір пәннің немесе сынып жетекшілерінің әдістемелік жұмысын топтық ұйымдастырудың формаларының бірі.

Ә.б. түрлері: пән мұғалімдерінің ә.б.; бастауыш сынып мұғалімдерінің ә.б.; мұғалімдердің пән аралық ә.б.; мұғалімдердің мектеп аралық ә.б.

Қарастырылатын мәселелер: еліміздің ресми құжаттарын талдау, қарастыру; сабақ беруді жетілдіру; жаңашыл мұғалімнің іс-тәжірибелерімен танысу; сабақта көрнекі, техникалық құралдарда, компьютерді пайдалану т.б.

Педагогика – **Педагогика** (país – бала, ago - жетектеймін) – тәрбиелеу, оқыту және білім беру туралы ғылым. Педагогикалық ой алғашында философиялық білімдер жүйесінде, діни ілімдерде, саясаттануда, заңда, әдебиетте дамыды. Ф.Бэкон (1561-

1626) ағылшын жаратылыстанушысы және философы педагогиканы ерекше ғылым ретінде 1623 жылы (XVII ғ.) философиялық білімдер жүйесінен бөлді. Я.А.Коменский (1592-1670) іргелі теориялық еңбектерімен оның ғылыми тұрғысын одан әрі мәнді бекітті.

Педагогиканың функциялары: ғылыми теориялық, конструктивтік-техникалық, болжамдық.

Педагогиканы ғылым ретінде дамуын анықтайды: қоғам өмірінде тәрбие рөлінің артуы, адамды өмірге дайындау қажеттілігі.

Педагогиканың міндеттері: тәрбиелеудің, білім берудің, оқытудың және осы процестерді басқарудың заңдылықтарын ашу; практиканы, педагогикалық іс-әрекеттің тәжірибесін зерттеу; оқытудың, тәрбиелеудің, білім беру құрылымдарын басқарудың жаңа әдістерін, құралдарын, формаларын, жүйелерін жасау; жақын және алыс болашақта білім беру жүйелерінің дамуын болжау; педагогикалық зерттеулердің нәтижелерін практикаға енгізу; инновациялық процестердің, теория мен практиканың тиімді байланыстарын, зерттеушілік және практикалық іс-әрекеттің өзара біріктірілуінің теориялық, методологиялық негіздерін жасау.

Педагогиканың басқа ғылымдармен байланысы. Педагогикалық ой алғашында жалпы философиялық білімдер жүйесінде дамыды. Философия педагогиканың іргетасы болып табылады. Тәрбиелеу философиясы – бұл тәрбиелік практикада әртүрлі философиялық жүйелердің идеяларын қолданатын білімдердің аясы. Т.ф. міндеті – пәннің және тәрбиелеу әдістерінің мәнін анықтауға мүмкіншілік беретін өлшемдерді анықтау және принциптерді жасау. Кез келген педагогикалық теорияның негізіне қандайда бір философиялық концепция жатады. Философиялық ғылымдармен одақтасу педагогикаға тәрбие мақсатын анықтауға, адамның мәнін танып білуге, табиғат пен қоғамның дамуының заңдарын түсінуге т.б. көмектеседі. Педагогика философия салалары этикамен және эстетикамен тікелей байланысты, сөйтіп олар арқылы адамгершілік және эстетикалық тәрбиенің мәселелерін шешеді.

Қазіргі замандағы педагогика психологиямен тығыз байланысты. Психология адам психикасының дамуының заңдарын, ал педагогика – тұлғаның дамуын басқаруды зерттейді. Ойлаудың, іс-әрекетті мақсаттылықпен өзгерту психологиялық білімдерсіз мүмкін емес. Тұлғаның оқығандығын және тәрбиеленгендігін жүзеге асыру психологияның зейін, темперамент, мінез, қабылдау, қабілет, ерік т.б. білімдерінсіз мүмкін емес. Педагогика өзінің қарастыратын мәселесіне қарай соған сәйкесті психологияның мәселесіне сүйенеді. Ғылымдардың интеграциясы шекаралас салаларының пайда болуына септігін тигізеді, яғни педагогикалық психологияның т.б.

Педагогика физиологиямен тығыз байланысты, себебі физиология организмнің биологиялық мәнін түсінуге, материалды дүниенің түрлілігін, соның ішінде жоғары нерв қызметінің заңдылықтарын ашып көрсетеді. Мұндай білімдерді оқыту – тәрбиелеу процесінде қолдану танымдық іс-әрекет және тұлғаның әлеуметтену процестері табиғатын терең түсінуге мүмкіндік береді. Әрбір жастық кезеңде организмнің дамуының ерекшелігін анықтау, балалардың өмірінің режимін жасауда, іс-әрекеттің әр түрін ұйымдастырғанда, білім беретін мекемелерде заттық-материалдық ортаны безендіруде т.б. есепке алынады.

Педагогиканың социологиямен жан-жақты байланысын өте маңызды. Ол социология қоғам туралы біртұтас жүйе ретіндегі және оның бөліктерінен тұратын

(әлеуметтік жай, топ, және т.б.) ғылым болып табылады. Ол арқылы педагогтар қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық, құқықтық, демографиялық және мәдени ортаның жағдайы туралы біле алады.

Педагогика тарих, этнология, этнография, юриспруденция, экономика, демография, экология және т.б. ғылымдармен де байланысты.

Синергетика, жүйелер теориясының негізі, кибернетика, информатика, басқару теориясының негіздері пәндерінің жетістіктері педагогика бойынша зерттеулердің байи түсуіне әсерін тигізді.

Педагогика ғылымдарының жүйесі.

Педагогика тарихы – ғылыми пән: объектісі–білім берудің және педагогикалық ойдың және тәрбиелеудің қазіргі мәселелерімен бірлікте және өзара байланыстағы тарихи дамудың процесі; пәні–тарихи-педагогикалық процестің фактілері, қарама-қайшылықтары, заңдылықтары, оларды талдау педагогикалық теория мен практиканың саласындағы саясатты пәрменді жүзеге асыруды, болжауды және жоспарлауды қамтамасыз етуге септігін тигізеді.

Жалпы педагогика – базалық ғылыми пән. Ол адамды тәрбиелеудің заңдылықтарын зерттейді, тәрбиелік мекемелердің барлық типтерінің оқу-тәрбие процесінің жалпы негіздерін жасайды. Жалпы педагогика төрт үлкен бөлімнен тұрады: оқыту-тәрбиелеу процесінің негіздері, дидактика (оқыту теориясы), тәрбиелеу теориясы, мектептану.

Мектепке дейінгі педагогика – мектепке дейінгі жастағы балалардың даму заңдылықтары, тұлғасының қалыптасуы туралы ғылым.

Мектеп педагогикасы әр түрлі оқу мекемелерінде (бастауыш және орта, лицей, гимназия т.б.) оқушыларды тәрбиелеудің және оқытудың заңдылықтары туралы бай ғылыми мәлімет жинаған педагогика ғылымының саласы.

Арнаулы орта білім беретін педагогика орта арнаулы оқу орындарының білім беру мазмұнын, формаларын және кәсіптік тәрбиенің мәселелерін зерттейді.

Жоғары мектептің педагогикасы ондағы оқу-тәрбие процесінің заңдылықтарын, жоғары білім алудың ерекше мәселелерін қарастырады.

Өндірістік педагогика жұмыс істеп жүргендердің оқуының, өндірістің жаңа құралдарына бағыттау, олардың біліктілігін арттыру, жаңа мамандықтарды меңгерту заңдылықтарын зерттейді.

Дефектология-дефект /лат. - кемшілік, жетіспеушілік/; ғылыми пәндердің жиынтығы /логопедия, сурдопедагогика, тифлопедагогика, олигофренопедагогика/, денелік, психикалық және ақыл-ой дамуындағы ауытқушылығы бар балалардың даму, тәрбиелеу және оқыту ерекшелігін зерттейді. Объектісі-дамуында кемшіліктері бар балаларды тәрбиелеу және оқыту процесі, пәні-балалармен жұмыстағы заңдылықты байланыстары және катынастары, мазмұнының, формаларының, әдістерінің және құралдарының ерекшеліктері.

Дефектология бірқатар салаларға бөлінеді:

а) сурдопедагогика (естімейтіндер, естімейтін-сөйлемейтін, нашар еститіндерді оқытудың және тәрбиелеудің педагогикасы);

ә) тифлопедагогика (көзі көрмейтіндерді және нашар көретіндерді оқыту және тәрбиелеу педагогикасы);

б) олигофренопедагогика (ақыл-ойы кеміс балаларды оқыту және тәрбиелеу заңдылықтарын зерттейді);

в) логопедия (тілінің кемістігі бар балаларға білім және тәрбие беру проблемаларын зерттейді).

Емдеу педагогикасы (валеология) – интеграцияланған медициналық-педагогикалық ғылым, оның негізгі пәні ауыратын, нашар күйдегі, сырқаттанатын балалармен педагогтың білім берушілік, тәрбиелеушілік іс-әрекетінің жүйесі болып табылады.

Әлеуметтік педагогика балалар мен ересектердің мектептен тыс тәрбие және білім беру аясындағы теориялық және қолданбалы ұсынбалардан тұрады.

Әскери педагогика әскери оқу орындарындағы және қарулы күштер бөліміндегі әскери қызметкерлердің оқытуы және тәрбиеленуін теориялық негіздеп, принциптерін, әдістерін, формаларын жасайды.

Этнопедагогика – теориялық ойлаудың, ғылымның үрісіне қатынасты. Ол халық бұқарасының өсіп келе жатқан ұрпақтың тәрбиелеу тәжірибесі, олардың педагогикалық көзқарастары, тұрмыстық, педагогика, семьялық, рудың, тайпаның, халықтың және ұлттық педагогика туралы ғылым.

Түзетушілік еңбектің педагогикаға жасалған қылмыстары үшін қамаудағы адамдарды қайта тәрбиелеудің теориялық негіздемесі және практикалық ұсынбалары жатады.

Салыстырмалы педагогика - ғылыми пән: объектісі - әртүрлі елдердегі тәрбиелік және білім берушілік жүйелер; пәні – сол жүйелердің іс атқаруының және дамуының заңдылықтары. Әртүрлі халықтардың тәрбиелеушілік-білім берушілік жүйелерін салыстырып талдау, ондағы жалпы және жекелік ерекшеліктерді анықтау, халықаралық тәжірибені саналы қолдану ұлттық педагогикалық мәдениетті байытады.

Педагогикалық валеология /valeo - денсаулық, сақ болу/ -оқыту және тәрбиелеу арқылы денсаулықты сақтау, қалыптастыру және жақсарту туралы ғылым.

Педагогикалық диагностика /гр. танып білу қабілеті/ -диагноз қою процесі, яғни оқушылардың дамуының, білім алуының және тәрбиеленгендік дәрежесін анықтау. П.Д.функциялары-ақпараттық, бағдарлаушылық, түзетушілік. П.Д.түрлері-бастапқы, ағымдық, қорытынды.

Педагогикалық зерттеу – бұл білім берудің заңдылықтары, құрылымы мен механизмі, мазмұны, принциптері мен технологиясы жайында жаңа білім алуға бағытталған ғылыми іс-әрекет процесі мен нәтижесі. П.з. іргелі (фундаментальды), қолданбалы және өңдеу түрлеріне бөлінеді.

П.з. көрсеткіштері: өзектілігі, жаңалығы, теориялық және практикалық маңыздылығы.

П.з. ұстанымдары: біртұтастық, тұлғалық, іс-әрекеттік, полисубъектілік, культурологиялық, этнопедагогикалық, антропологиялық.

Педагогикадағы зерттеулер – оқыту мен тәрбиелеудің заңдылықтары, құрылымы, механизмі, педагогиканың теориясы мен тарихы, оқу-тәрбие жұмысының ұйымдастырылу әдістері мен ұйымдастырылу нысандары туралы қоғамдық тұрғыдан маңызды жаңа білімдер алуға бағытталған ғылыми қызмет процесі мен нәтижесі.

Педагогикалық еңбекті ғылыми ұйымдастыру - бұл ынтымақтастық педагогиканың негізінде мұғалім мен оқушылардың бірлесіп істейтін жұмыстары нәтижелі болу үшін жағдай жасау. Қазіргі ғылым мен озат практика жетістіктерінің нәтижесіне негізделген еңбекті ұйымдастырудың жетілдіру процесі. Оқыту мен

тәрбиелеу процесін дұрыс ұйымдастыру және құралдарды барлық қатысушылардың толық және тиімді пайдалануы, іске асыруды интенсификациялау, ізгілендіру және гуманитарландырудың диалектикалық ұштасуы жағдайында мүмкіншілік алады. Педагогикалық еңбекті ғылыми ұйымдастыру (ПЕҒҰ) - Еңбекті ғылыми ұйымдастыру - ғылыми есептелген әрекеттердің кешені, ол ғылымның жетістігі негізінде еңбек процесін жетілдіруге септігін тигізеді, сөйтіп барынша аз құрал, уақыт және күш жұмсау арқылы еңбекте жоғары нәтижені қамтамасыз етеді.

ПЕҒҰ Заңдары

- Уақытты барынша үнемдеу және тиімді қолдану;
- Еңбектің және демалыстың жағымды жағдайын жасау және тиімді қолдану;
- Еңбек процесіндегі бүкіл қатысушылардың психикалық және денелік денсаулығына және жан-жақты дамуына барынша қамқорлық жасау.

ПЕҒҰ ұстанымдары

- Оптималдығы, ізгіліктігі, эстетикалығы, үнемділігі, ұжымдылығы, мамандандырылуы, перспективалылығы (болашағы бар).

ПЕҒҰ мазмұны

- Еңбек жағдайы (материалдық база, психологиялық ахуал)
- Еңбек режимі (кесте, ішкі тәртіптің ережесі, жоспарлау)
- Функционалдық міндеттерді тиімді бөлу, еңбекті кооперациялау
- Жұмыстың тиімді әдістері мен тәсілдерін енгізу
- Мұғалімнің біліктілігін және мектептің әдістемелік жұмысын жетілдіру

Оқушының ЕҒҰ және оның енгізілуі.

Педагогикалық инноватика - Педагогикалық жаңа енгізулер (инновациялар) - мақсатты бағытталған өзгерістер, олар білім беру мекемесінің әрекетіне жаңа, салыстырмалы тұрақты элементтерді енгізеді, сөйтіп оның дамуына және қызметіне тиімді әсер етеді. Педагогикалық жаңа енгізулердің тарауының факторлары:

- Кең ауқымдағы әлеуметтік шарттар. Педагогикалық идеяларға қоғамдық қатынастың басымдылығы, білім беру саласындағы мемлекеттің саясаты;
- Жекелеген әлеуметтік шарттар: нақты мемлекеттік және қоғамдық институттардың әрекеті - бұқаралық ақпарат құралдары, білім беру ұйымдары, өнерпаз шығармашылық педагогикалық бірлестіктер;
- Жекелік факторлар: педагогикалық инноватиканы жасаушылардың және насихатшылардың тұлғалық ерекшеліктері.

Жаңалықты меңгерудің кезеңдері

Кезең	Нәтижесі
Таныстыру	Жаңалық туралы білім
Қызығушылықтың пайда болуы	Қосымша ақпарат іздеуі
Жүзеге асыруды бағалау және шешім қабылдау	Жүзеге асыру үшін қажетті ақпарат іздеу
Жүзеге асырып көру	Жаңалықты қолдану немесе бас тарту туралы шешім
Соңғы шешімді қабылдау	Жаңалықты белсенді және мақсатты бағытталғандықпен жүзеге асыру

Жаңалықты енгізуге байланысты мұғалімдердің қатынасына қарай типтері (Э.М. Роджерс бойынша)

- Жаңашылдар (таңдауда 2,5 % дейін) : жаңалықты жүтуге даяр, жаңаға деген ашықтығы бар, кез-келген қарым-қатынастан жаңалықты тауып жатады;
 - Алғашқы жүзеге асырушылар (13,5% дейін) жаңашылдарды қолдап, насихаттайды, кеңес береді;
 - Алдын-ала көпшілік (34% дейін) алғашқы жүзеге асырушылардан кейін жаңалықты меңгереді, жаңалықтарды жүзеге асыру үшін оларға біраз уақыт керек;
 - Кейінгі көпшілік (34% дейін) сенімсіздік білдіреді; өзінің сұранысына қарай жаңалықты меңгереді; әлеуметтік ортаның пікіріне назар аударады;
- Шешім қабылдауға тұрақсыздар (16%) дәстүрлі құндылықтарға бағытталады; жаңалықты соңғы болып меңгереді; жаңалықтарды таратуда кедергі болады.

Педагогикалық кеңес – ғылыми негіздегі педагогикалық процестің даму стратегиясын басқарудың алқалық (коллегиялық) органы.

П.к. кіретіндері: директор, оның орынбасарлары, мұғалімдер, кітапханашы, мектеп дәрістері, ата-аналар комитетінің төрағасы. П.к. шешімдерін директор бекіткеннен кейін білім беру мекемесінің барлық қызметкерлері оны орындауға тиісті.

Педагогикалық консилиум - эксперттік бағалаудың түрі, ол белгілі бір бағдарлама және бірынғайдағы белгілермен оқушылардың тәрбиеленгендік дәрежесін ұжымдық талқылау негізінде қабылданады. Баланың қалыптасуындағы кемшіліктерді анықтап, оны жоюдың құралдары туралы ұжымдық пікірді белгілеуге болады.

Педагогикалық қызмет – бұл тәрбиешінің тәрбиелеушіге жасайтын тәрбиелік және оқыту ықпалы. П.к. барлық қасиеттері анықталатын негізгі функциональды бірлік ретінде педагогикалық іс-әрекет танылған.

П.к. құрылымдық компоненттері: қызметтің мақсаты; субъектісі (мұғалім); объектісі және субъектісі (оқушы); мазмұны; әдістері; нәтижесі.

П.к. функциялары: диагностикалық; болжаушы; құрылымдық-жобалау; ұйымдастыру; ақпаратты-түсіндірмелі; коммуникативті-ынталандыру; талдау-бағалау; зерттеу шығармашылық.

П.к. функциональды түрлері: конструктивті; ұйымдастырушылық; коммуникативтік.

П.к. нәтижелі жүзеге асыру үшін керекті қабілеттер: коммуникативті; перцептивті (кәсіптік байқағыштығы); динамизмі (ерікті әсер етеді, сендіре алады); эмоциональдық орнықтылығы; оптимистік болжамдығы; креативность (шығармашылыққа қабілеттілігі); конструктивті; қолданбалы.

Педагогикалық мониторинг – педагогикалық процестің жағдайын диагностикалау, бағалау және болжау, оның барысын, нәтижесін, даму перспективасын қадағалау.

Педагогика объектісі – тәрбие, яғни саналы және мақсатты бағытталып жүзеге асырылатын процесс.

Педагогика пәні – жеке адамның қалыптасуының және дамуының мәнін зерттеп, осы негізде тәрбиенің теориясы мен әдістемесін анықтап, оны әдейі ұйымдастырылған педагогикалық процесс ретінде қарастыру болып табылады.

Педагогикалық техника ұғымына компоненттердің екі тобы кіреді:

- 1) Өз денесін меңгеруі; көңіл-күйін эмоциясын басқаруы; әлеуметтік-перцептивтік қабілеттері; сөйлеу техникасы.

2) Жеке адамға және ұжымға әсер ету іскерлігі, оқыту мен тәрбиелеу процесінің технологиялық жағын ашып күрсетеді: дидактикалық, ұйымдастырушылық, конструктивтік, коммуникативтік, талап қоюдың, педагогикалық қарым-қатынасты басқарудың, ұжымдық-шығармашылық істерді ұйымдастыру т.б. тәсілдерінің технологиясы.

Педагогикалық технология - тәжірибеде жүзеге асырылатын белгілі бір педагогикалық жүйенің жобасы, ал педагогикалық жағдайларға сай қолданылатын әдіс, тәсілдер-оның құрамды бөлігі ғана. Педагогикалық технология ұғымы, арнаулы технологиялық бағыт ХХ ғ. 60-шы жылдарында АҚШ және Англияда пайда болды және қазіргі уақытта практика жүзінде барлық дүниежүзі елдеріне тарады.

Педагогикалық әдеп /такт/ – мұғалімнің оқушыларға педагогикалық мақсатқа лайықты әсерінің өлшемі, өнімді қарым-қатынас орната білу іскерлігінің стилі.

Педагогикалық әрекеттестік - бұл оқушының қатынастарын, іс-әрекетін, мінез-құлқын өзгерту мақсатындағы педагогтың баламен арнайы байланысы.

Педагогикалық жағдаят (ситуация) – бұл белгілі бір уақыт аралығындағы педагогикалық жүйенің нақты күйі. Педагогикалық жағдай педагогикалық процестің элементарлық «ұясы» (жасаушысы).

Педагогикалық жүйе – педагогикалық шындықтың құбылысының мәнін /тәрбиешілер мен тәрбиеленушілердің педагогикалық процестің субъектілері ретінде/, оның мақсатын, мазмұнын, оны жүзеге асырудың тәсілдері /форма, әдістері, құралдары/ сипатайтын қажетті және жеткілікті элементтердің жиынтығы.

Педагогиканың методологиясы – қоғамның даму жағдайында үнемі өзгеріп отыратын педагогикалық шындықты шынайы дұрыс көрсететін білімді табудың ыңғайы мен тәсілдері туралы қағидалардың, педагогикалық теорияның негіздері және құрылымы жайында, бастапқы жағдайлар туралы білімдер жүйесі.

Педагогикалық менеджмент – менеджмент–басқару өнері, яғни басқарудың принциптерінің, әдістерінің, құралдарының және формаларының жиынтығы; оқу-тәрбие және оқу-танымдық процестердің пәрменділігін арттыруға бағытталған, оны басқарудың принциптерінің, әдістерінің, ұйымдастырушылық формаларының және техникалық тәсілдерінің комплексі. Іс-әрекеттік жүйе ретінде оған мынадай құрылымдық-функционалдық және жүйе құрушылық факторлар енеді: іс-әрекеттің мақсаты /жоспарланған, күтілетін нәтиже/, іс-әрекеттің субъектілері /директор, оның орынбасарлары, оқытушылар, оқушылар және т.б./, іс-әрекеттің объектісі – жетекшінің жарлығын орындаушы/оқушы, оқытушы, директордың орынбасары т.б./, іс-әрекеттің мазмұны/оқу, басқару т.б./, іс-әрекет тәсілдері /оқытушылар мен оқушылардың, жетекшінің оқытушылар мен оқушылардың өзара іс-әрекетінің стильдері мен әдістері.

Педагогикалық менеджмент – бұл ұйымдастыру нормаларының және технологиялық тәсілдердің білімділік процесті басқару тиімділігін арттыруға бағытталған принциптердің, әдістердің кешені.

Педагогикалық процесс – қойылған мақсатты жүзеге асыруға бағытталған, арнайы ұйымдастырылған, белгілі бір тәрбиелік жүйе аясында және уақыттық дамудағы тәрбиешілер мен тәрбиеленушілердің өзара бірлескен іс-әрекеті. П.п. мәні тұтастық негізінде оқытудың, тәрбиелеудің және дамытудың бірлігін қамтамасыз ету болып табылады. Ол көптеген процестердің ішкі байланыстағы жиынтығы. Онда оқыту,

білім беру, тәрбиелеу, дамыту және тұлғаны қалыптастыру процестері бөлінбестей қосылған. П.п. жүйе құрайтын компоненттері – мақсаттық, мазмұндық, іс-әрекеттік, нәтижелік (мақсаты, міндеттері, ұстанымдары, мазмұны, формалары, әдістері, нәтижелері).

Педагогикалық процестің сипаттамалары болып тұтастық, жалпылық, бірлік болып табылады.

Педагогикалық психология - психология ғылымының саласы. Пәні-оқыту мен тәрбиелеудің психологиялық заңдылықтарын зерттеу.

Педагогикалық шығармашылық – бұл ғылыми ізденудің нәтижесінде озат тәжірибені жасау, тұтас педагогикалық процесс проблемаларын шеберлікпен шешу, оларды педагогикалық жұртшылықтың игілігіне айналдыру. Шығармашылық топтың зерттейтін мәселелері: оқу уақытын дұрыс пайдалануды зерттеу және талдау; мұғалім уақытының бюджеті; педагогикалық шеберлікті жетілдірудің жолдары мен тәсілдері; мұғалім мен оқушылардың арасындағы қарым-қатынас; ынтымақтастық, шығармашылық, ізденушілік т.б.

Педагогикалық шеберлік - кәсіптік педагогикалық іс-әрекетті өзі ұйымдастырудың жоғары дәрежесін қамтамасыз ететін жеке адамның қасиеттердің комплексі. Оның элементтері: гуманистік бағытталғандығы; кәсіптік білімдері; педагогикалық қабілеттері; педагогикалық техника.

Пеоцентристикалық оқыту тұжырымдамасы – оқытуда басты рөл оқуға баланың іс-әрекетіне беріледі. Бұл тәсілдің негізінде Д.Дьюидің жүйесі, Г.Кершенштейнердің еңбек мектебі, А.Лайдың «Әсер ету» формуласына негізделген «әрекеттегі педагогика» тұжырымдамасы жатыр.

Педагогикалық қабілет – жеке адамның қабілетінің түрі. Ол педагогикалық іс-әрекеттің нәтижелі болуына септігін тигізетін, психикалық процестердің ұту ерекшелігін күрсетеді. Олар: коммуникативтілік; перцептивтік, яғни кәсіптік қырағылық, педагогикалық интуиция динамизімі; эмоциональдық тұрақтылық; креативтілік, яғни шығармашылыққа қабілеттілік.

Педагогикалық қарым-қатынас – педагогтар мен тәрбиеленушілердің әлеуметтік-психологиялық қарым-қатынасының тәсілі. Педагогикалық қарым-қатынастың функциялары: жеке адамды тану, ақпарат алмасу, іс-әрекет ұйымдастыру, рөлдермен алмасу, бірге әсерлену, өздігінен нығаю, беку.

Педагог-жаңашыл – жаңа педагогикалық жүйелердің авторы, жаңартуды және жаңалықтарды жасаушы, жүзеге асырушы.

Педагог-шебер – біліктіліктің жоғары деңгейіне жеткен педагог, әртүрлі үрдістерді, құралдарды меңгерген, өз жұмысында жоғары нәтижеге ие болған, кемелденген және іскер педагог.

Пилотаждық зерттеу - сынама зерттеу, ол негізгі зерттеу алдында даярлықтың сапасын тексеру мақсатында жүргізіледі.

Политехникалық білім беру – қазіргі өндірістің негізгі принциптерімен таныстырады, өндірісте, тұрмыста және күнделікті өмірде қолданатын еңбектің қарапайым құралдарымен жұмыс істеу дағдыларымен қаруландырады.

Порнография /гр.pornos – зинақор – графия - жазамын/ - 1. зейнақор әйелдердің тұрмыс-тіршілігін бейнелеу; 2. жыныстық қатынас пен жалаңаш тәнді сол қалпында /әдебиетте, сурет өнерінде, театрда/ бейнелеп көрсету; 3. арнайы дүниелерді әдебиет пен өнерде ашып көрсету.

Портфолио – АҚШ кең тараған білімді бағалаудың жүйесі. Мәні – оқушының оқу-танымдық әрекетінің үлгілерінің және өнімдерінің сыртқы көздерден (мұғалімдерден, сыныптастарынан, ата-аналардан, жұртшылықтан т.б.) алынған сәйкесті ақпараттардың материалдарын жинау, таңдау және талдау ұйымдастырылады. Әрбір оқушының оқығандық деңгейін жан-жақты сандық және сапалық жағынан бағалайды, сөйтіп оқыту процесі одан әрі түзетіледі. Мақсаты – оқушының неге қабілетті екенін барынша көрсету.

Принциптері білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың (ҚР «білім туралы» заң. 3-бап. 3-бап) – білім беру сапасында мемлекеттік саясаттың басшылыққа алатын негізгі қағидалары.

1. баршаның сапасы білім алуға құқықтарының теңдігі;
2. білім беру жүйесін дамытудың басымдығы;
3. әрбір адамның зияткерлік дамуы, психикалық-физиологиялық және жеке ерекшеліктері ескеріле отырып, халықтық барлық деңгейдегі білімге қолжетімділігі;
4. білім берудің зайырлы, гуманистік және дамытушылық сипаты, азаматтық құндылықтардың, адам өмірі мен денсаулығының, жеке адамның еркін дамуының басымдығы;
5. адамның құқықтары мен бостандықтарын құрметтеу;
6. жеке адамның білімдарлығын ынталандыру және дарындылығын дамыту;
7. білім беру деңгейлерінің сабақтастығын қамтамасыз ететін білім беру процесінің үздіксіздігі;
8. оқыту мен тәрбиенің бірлігі;
9. білім беруді басқарудың демократиялық сипаты, білім беру жүйесі қызметінің ашықтығы;

білім беру ұйымдарының меншік нысандары, оқыту мен тәрбиенің нысандары, білім беру бағыттары бойынша алуан түрлі болуы.

Психика - объективті дүниені субъективті бейнелендіру. П.айрықша ұйымдасқан жоғары дәрежелі материя -мидың қасиеті ретінде ұғынылады.

Психология - жалпы алғанда психиканың және ерекшелеп алғанда адамның нақты тарихи жеке адам ретіндегі санасының пайда болу, даму және көрініс беру заңдылықтары туралы ғылым.

Психологиялық-педагогикалық зерттеудің логикасы – қойылған міндеттерді шешуді қамтамасыз ететін іздеушілік қадамдардың мазмұны және бірізділігі.

Психологиялық құрылым – ұлттық мәдениеттің белгілі бұлшегі. Ол тұрақты қоғамдық эмоция, сезім, әдет-ғұрып, салт-дәстүр, ырымдар арқылы айқындалатын қоршаған қоғамдық және табиғаттық орта туралы жалпы ұғымдар мен көзқарастар жиынтығы. Психологиялық құрылымға ұлттық сезім, ұлттық салт, дәстүр, ұлттық мінез кіреді.

Психикалық процестер - болмыстың психикалық құбылыстардың әр алуан формасында динамикалық түрде бейнеленуі. Оған жататындары: қабылдау, ес, ойлау, түйсік, қиял т.б.

Психологиялық-педагогикалық диагностика – оқыту-тәрбиелеу процесін оптимизациялау мақсатындағы оқушының жекелік-психологиялық және балалар ұжымын әлеуметтік-психологиялық зерттеуге бағытталған бағалаушылық тәжірибесі.

Психологиялық қасиеттер - индивидке тән психикалық іс-әрекет пен мінез-құлықтың белгілі бір сандық-сапалық деңгейін қамтамасыз етіп отыратын тұрақты түзіліс. Оған жататындар: темперамент, мінез, қабілет.

Психикалық күй - жеке адамның жоғары немесе төмен белсенділігі ретінде көрінетін және нақ сол шақта қалыптасатын, психологиялық іс-әрекеттің біршама тұрақты деңгейі. Оған жататындар қызығушылық, сенімділік, шығармашылық ұмтылыс, апатия т.б.

Психикалық функциялардың компенсациясы /лат.compensatio-теңестіру, теңдестіру/ - сақталған немесе бөліктік бөзылған функцияны өзгертіп, қолдану арқылы дамымаған немесе бөзылған психикалық функциялардың орнын толтыру.

Психикалық дамуында ауытқушылығы бар балалар -сенсорлық бұзылуы /естімеуі, нашар естуі, көрмеуі, нашар көруі/, орталық нерв жүйесінің зақымдалуы /ақыл-ой кемістігі, қозғалыстық бұзылу, сөйлеудегі кемшіліктер/ себептерінен болатын психиканың дамуындағы ауытқушылықтар.

Психопатия /гр.psyche-жан және pathos-ауру/ - мінездегі ауытқушылық, ол әлеуметтік ортаға бейімделуге кеселін тигізеді.

Психотерапия - адамның психикалық, нервтік ауруында оның эмоциясына, пікірлеріне, санасына кешендік емдік әсері.

Практикум - оқу басылымы, өткенді бекітуге және білімді тексеруге қажетті практикалық тапсырмалар мен жаттығулардың жинағы.

Принцип /лат.–негіз, бастама/

1) қандай да бір теорияның, ілімнің негізгі, бастапқы қағидалары; іс-әрекеттің жетекші идеялары, негізгі ережелері.

2) өз-өзін ұстау нормаларын айқындайтын ішкі сенімдер, дүниеге көзқарас.

Профессиограмма – белгілі бір мамандықтың ерекше міндеттерін жеткілікті бейнелеу, суреттеу /жазу/.

Процесс /лат.–қозғалыс/

1) жағдайдың бірізділікпен ауысуы; ненің болса да даму барысы;

2) қандай болса да нәтиженің орындалуына бағытталған бірізділік әрекетінің жиынтығы.

Проблема /гр.–міндет, тапсырма/ – шешуді, зерттеуді талап ететін теориялық немесе практикалық сұрақ.

Проблемалы оқыту – мұғалім біршама дербес, іздеушілік іс-әрекетті ұйымдастыруды, оның барысында оқушылар жаңа білім мен іскерліктерді меңгереді, жалпы қабілеттердің іздеушілік белсенділігін дамытады, шығармашылық іскерліктерді қалыптастырады.

Программалық /бағдарламалап/ оқыту – арнайы құралдардың /оқулық, компьютер/ көмегімен оқыту бағдарламасы бойынша біршама дербес және жеке білім мен іскерліктерді меңгеру.

Профессорлық-оқытушылар құрамы - жоғары оқу орнындағы оқытушы-стажер, ассистент, оқытушы, аға оқытушы, доцент, профессор, кафедра меңгерушісі, факультет деканы.

Профессор - жоғары оқу орнының оқытушысының жоғары ғылыми атағы.

Пубертаттық кезең - қосалқы жыныстық белгілердің пайда болуымен сипатталатын жыныстық жетілу кезеңі. Жыныстық даму кезеңінде жеткіншектерде біраз терең өзгерістер болады.

Пікір - құбылыстар арасында байланыс орнату. Ой қорытындысы бар деректер негізінде жасаған тұжырым.

Пікір /рецензия/ - қандай да бір ғылыми немесе көркем шығармаға сыни шолуға арналған мақала;

1) ғылыми жұмысқа берілетін пікір.

Пікірсарап (рецензия, лат.resmsio) – тексеру, зерттеу – ғылыми жұмысқа қорғау алдында немесе көркем-әдеби шығармаға жариялану, алдында пікір білдіру. П. барысында жұмыстың көкейкестілігі, құрылымы, баяндалу қисыны мен уәжі анықталып, ғылыми немесе көркемдік мәні бағаланады.

Р

Рәміз (символ) – этностық белгі, жоралғы, айшық, өрнек. Ел ұраны, ел белгісі қасиетті туымыз – ұлттық рәміз.

Рейтинг /ағыл.rating-баға, тәртіп, классификация/ - қандайда бір құбылыстың берілген шкала бойынша субъективті бағалауын белгілейтін термин.

Референттік тобы - топқа кіретіндерге топтың көзқарастары, талаптары үлгі болып, орындалатын топ.

Резюме /түйгені/ - ғылыми басылымның ақпараттарының элементі, негізгі текстінің басты қағидалары және қорытындылары көрсетіледі.

Реферат - құжаттың, кітаптың, ғылыми басылымның мазмұнының қысқаша баяндамасы. Р.құжаттың библиографиялық мазмұндауынан, кілттік сөздерден, реферативті бөлігінен тұратын. Реферативті бөлігінде бастапқы құжаттың мазмұнының мәнді элементтері, негізгі идеялары, қорытындылары беріледі.

Риторика -

1) шешендіктің теориясы мен өнері;

2) елірген, әсем, бірақ мазмұны шамалы сөйлеу.

Рухани /діни/ білім беру ұйымдары – дін қызметкерлерін даярлаудың кәсіптік білім беру бағдарламаларын іске асыратын оқу орындары.

Репрезентативтілік /фр-көрнекті, көріністі/ - негізгі жиынтықтың сипатын көрсететін таңдалған жиынтықтың қасиеті.

Рефлексия /лат.кейінге бұрылу/ - 1.ойлау, өзін-өзі тану;

2.өзінің іс-әрекетін ұғынуға бағытталған адамның іс-әрекетінің теориялық формасы.

Респондент /ағыл. respondent - жауап беруші/ - жауап беруші роліндегі әлеуметтік-психологиялық зерттеуге қатысушы.

Регидность /лат.- rigidus қатты, қатаң/ - субъект белгілеген іс-әрекеттің бағдарламасын объективті себептерге байланысты өзгерту қажеттігі болса да, оны жүзеге асыра алмауы.

С

Салауатты өмір салты - бұл қоғамдық экономикалық формацияға адам ағзасының бейімделуші мүмкіндіктерін нығайтатын, олардың әлеуметтік қызметтерді толық жауапты орындауға және белсенді өзек өмір сүруге талаптандыратын адамның өмірлік іс-әрекетінің маңызды түрі.

Салауатты өмір салты - денсаулықтың үйлесімді дамуын қамтамасыз ететін, оны сақтайтын және нығайтатын профилактикалық шаралар жиынтығы.

Солақайлық - кейбір балалар, әдетте, оң қолмен істейтін жұмысты сол қолмен істеуге әуестенеді. Олардың сол қолы тез дамиды. Оның себебі мұндай балаларда жарты оң миының қызметінен көрі, сол жақ жарты миының қызметі артық шоғырланғандықтан. Көбінесе тұқым қуалаушылықтан да болады. Кейде оң қол ауырып әлсізденгендіктен, сол қол күш алып кетеді. С. адамның кез келген істі мүлтіксіз меңгере алуына кемшілік келтірмейді.

Салыстыру - салыстырылатын заттардың (құбылыстардың, фактілердің) ұқсастығы мен айырмашылығын анықтау, әдетте, бір тектес, бір ұқсастығы, үйлестігі бар заттар (құбылыстар, оқиғалар) салыстырылады.

Сана - психиканың адамға ғана тән жоғары дәрежеде дамуы. С. сипатары: тарихи, адамның айнала қоршаған дүниені тануындағы тарихи, онтогенетикалық және жекелік-гностикалық бірлік, мақсат-бағдарлы және белсенді, ақиқаттың адам санасында жалпылама және жанама түрде бейнеленуі. С. мен іс-әрекет тығыз бірлікте қарастырылады.

Сангвиник – темпераменттің типі, эмоциялық қызуы шапшаң, күшті, бірақ көп тұрақтанбайды. Ол қызулы, жеңілтек келеді, бір немесе бірнеше іске бірден кіріседі, іс үстінде тез суып, бастаған істі аяқсыз қалдырады. Уәдені көп беріп, кейде оны орындаудан бас тартады.

Салт – тарихи жағдайда қалыптасқан, ұрпақтан ұрпаққа жалғасатын адамдар арасындағы қарым-қатынастар, тұрмыс қалпы, ережелері, олар қоғамдық пікір күші арқылы сақталып тұрады.

Салт-жоралғылар – ырымдардың бұлшектері, бір жолдық жауап қимылдар.

Сабақ беру /преподавание/ - білім алатындардың оқу еңбегін ұйымдастыру, оларда танымдық іс-әрекеттің тәжірибесін және мотивін қалыптастыру, білім мазмұнын жоспарлы және жүйелі беру.

Сабақ беру – оқыту мақсатын іске асыруды, оқушыларды білімдерді қабылдауын, қорытуын және практикада қолдануын қамтамасыз етуге бағытталған мұғалім іс-әрекеті.

Сабақ - оқытудың міндеттерін, яғни білім беруін, тәрбиеленуін және дамуын шешуге жүйелі түрде қолданатын белгілі бір уақыт аралығында тұрақты құрамдағы мұғалімдер мен оқушылардың іс-әрекетін ұйымдастырудың формасы. Сабақты дидактикалық мақсатына қарай жіктеудің 5 түрі (типi) бар: жаңа оқу материалын өту сабағы; білім, дағды, қабілетті жетілдіру сабағы; жинақтау және жүйелеу сабағы; аралас сабақ; бақылау, білімге, дағды, қабілетке түзету енгізу сабағы.

Сабақтың құрылымы /буыны, кезеңі/ - бұл оның ішкі құрылысы, жекелеген этаптарының бірізділігі. Сабақтың түр құрылымдық бөліктердің болуымен және бірізділігімен анықталады.

Сабаққа дайындығы мұғалімнің – бұл өзара байланысты 2 кезеңнен тұрады: 1. Сабақтарды тақырып бойынша жоспарлау; 2. Осы жоспарлауды әрбір сабаққа сәйкес нақтыландыру, әрбір жеке сабақтың жоспарын терең ойластыру мен құрастыру.

Мұғалімнің сабаққа дайындығы дегеніміз – тек оқу материалының тиянақты талдауы, оны оқып білу кезеңдеріне сәйкес құрастыруы ғана емес, сонымен қатар оқушылардың осы материалмен жұмысы кезінде пайда болуы мүмкін сұрақтары, жауаптары, пайымдаулары – оны қабылдауы, түсінуі т.б. Сабақтың нәтижелілігі

мұғалімнің дайындық деңгейіне, оқушылардың оқу-танымдық әрекетін ұйымдастыра алуына және ол оқу әрекеттің нәтижесін болжай алуына байланысты.

Саралап оқыту /дифференциация-лат. difference/ – бүтінді әртүрлі бөліктерге, формаларға басқыштарға бұлу, жіктеу - 1. Оқыту процесін ұйымдастырудың формасы, онда мұғалім оқыту процесіте қандай да бір мәнді жалпы белгілерге, саналарға ие болған оқушылардан құрылған топпен жұмыс істейді;

2. Жалпы дидактикалық жүйенің бөлігі, онда білім алушылардың әртүрлі топтарында оқыту процесін бағыттандыруды қамтамасыз етеді

Оқытуды саралау /дифференцированный подход в обучении/ - 1. әртүрлі мектептерге, сыныптарға, топтарға олардың контингентінің ерекшеліктерін ескере отырып оқытуға әртүрлі жағдайларды жасау; 2. құрамы біртектес топтарда оқуды қамтамасыз ететін әдістемелік, психологиялық-педагогикалық және ұйымдастырушылық-басқару шараларының комплексі.

Оқытуды саралау принципі – бұл қағида бойынша педагогикалық процесс сараланған ретінде құрылады.

Саралап оқытудың технологиясы – оқыту процесінің белгілі бір бөлігін қамтитын, саралап оқытуды ұйымдастырушылық шешімдердің, құралдардың және әдістердің жиынтығы.

Балалардың жекелік-психологиялық ерекшеліктеріне қарай саралану:

- жастық құрамына қарай /мектеп сыныптары, жастық параллельдер, әртүрлі жастағы топтар/;
- жынысына қарай /балалар, қыздар, аралас сыныптар, командалық, мектептер/;
- қызығушылық аясына қарай /гуманитарлық, физика-математикалық, биологиялық-химиялық және басқа топтар, бағыттар, бұлімдер, мектептер/;
- ақыл-ойының дәрежесіне қарай /жетістік дәрежесі/;
- жекелік-психологиялық типтеріне қарай /ойлау типі, темпераменті т.б./
- денсаулық дәрежесіне қарай /денешынықтыру топтары, әлсіз кұру, есту топтары т.б./.

Ұйымдастырушылық саралау:

- аймақтық мектеп типтеріне қарай /арнайы мектептер, гимназиялар, лицейлер, колледждер, жеке мектептер, комплекстер/;
- мектепішілік /дәрежелер, профильдер, бұлімдер, тереңдеулер, бағыттар/;
- параллельдерге /әртүрлі дәрежедегі топтар мен сыныптар: гимназиялық, толықтырып, түзетіп оқытудың сыныптары т.б./;
- сыныпаралық /факультативтік, біріктірілген, әртүрлі жастағы топтар/;
- сынып ішіндегі немесе пән ішіндегі /сыныптың құрамындағы топтар/.

Саралап /дифференциалдап/ білім беру принципі – оқытуды ұйымдастырудың принципі ретінде қарастырады. Саралап оқыту-баланың туа біткен ақыл-ой қабілетіне, жеке даму шапшаңдылығына негізделінген білім беру жүйесі. Ол әртүрлі әдістермен анықталып, жеке дара ерекшеліктері бір-біріне сәйкес, деңгейлес жақын келетін балаларды бір топтап оқыту. Олар жаратылыстану-математика /физика-математикалық, химия-биологиялық т.б./ және гуманитарлық / қоғамдық-саяси, филологиялық, кұркемдік-эстетикалық т.б./ бағытта ұйымдастырылады

Сезім - адамның әлеуметтік қатынастары, оның өз ісі мен заттық дүниеге деген қатынастары, адамзат тарихы процесінде пайда болған қажеттіліктерді

қанағаттандырылуы оның сезімдерін қалыптастыратырады. С. түрлері: моральдік, интеллектуалдық, эстетикалық. С.Күші: құмарлық, әуестік.

Сензитивтілік - белгілерді, сапаларды дамытуға оптималды жағдайы бар жастық кезеңдер. Мысалы: алты жастан он екі жасқа дейінгі аралық мәселелерді шешуге дағдыны дамытудың С. кезеңі болады.

Сенсорлық /лат.sensus-сезіну/ - субъектінің дүниені тануын қамтамасыз ететін психологиялық құбылыстардың жүйесі, психиканың филогенез және онтогенез құрамына еніп, оның бірқатар формаларын жалпылайтын, яғни көру, есту, діріл, иіс, дәм, тері, статикалық т.б. С. әрбір формасы мынадай ұғымдар жүйесімен анықталынады: тітіркендіргіш, рецептор, анализатор, қабылдау, ес, образ, адаптация, компенсация т.б.

Сенім /убеждение/ - терең, тиянақты ойланып айтылатын идеялардың жиынтығы. С.жеке адам өмірлік позицияның беріктілігін анықтайды, мінез құлқын сипаттайды.

Семинар - оқу шарасы, оны ғылыми жетістіктерді, озық тәжірибені зерттеу, алмасу және тарату немесе мамандардың біліктілігін және білім дәрежесін арттыру мақсатында өткізеді.

Синтез - бөлшектерді, жақтарды, белгілерді біріктіру, жалпылау, топтау, бүтін құрау.

Скаутизм /ағл. scout – барлаушы/ - бұл көп таралған мектептен тым тәрбие жүйесі, балалардың және жасөспірімдердің скауттық ұйымдарының негізгі іс-әрекеттері. ХХ ғас. басында бұл ұйымдардың негізгі идеяларын ағылшын полковнигі Р.Баден – Пауэлл /1857-1941/ жасады. Скаут жұмысының формалары /ойын, спорт, туризм, техника, өзіне-өзі жұмыс істеу дағдыларына үйрену, жиын, жыл сайын лагерь ұйымдастыру, жорық, саяхат т.б./ оның қозғалысы әр түрлі әрекеттерін барлау, іздену, және зерттеу арқылы тани білуге, оларды өмірде қолдана білуге үйретеді, тәрбиелейді.

Соматикалық – денелік, денеге қатысы бар.

Социограмма /лат.societas-қоғам және гр.gramma-сызық/ -шағын топта жеке адамдар арасындағы қатынасты социометрлік тестінің көмегімен алған нәтижені математикалық өңдеуді графикалық көрсету.

Спонтанды /лат.spontaneus/ - өзінен-өзі сыртқы ықпал етпейінше пайда болған.

Стресс /лат. Stress-қысым, басу, кернеу/ - экстремалдық әсердің нәтижесінде адамда пайда болатын басылғандықтың, күйсіздіктің, төмендегеннің жағдайы. Қауып-қатер жағдайындағы әрекеттер, шапшаң шешімге келу қажеттілігі, қауіп төнген сәттегі реакция, күрт өзгерген жағдайдағы мінез-құлық стрестік күйлер болады.

Студент /лат.studens-айналысушы/ - жоғары орында оқитын адам.

Сенім /убеждение / - терең, тиянақты ойланып айтылатын идеялардың жиынтығы. Сенім жеке адам өмірлік позициясының беріктігін анықтайды, мінез-құлқын сипаттайды

Стимул /лат.- ұшты таяқ, онымен малдарды айдаған/ - әрекетке талаптану, түрткі болатын себеп.

Субкультура /лат.sub – қарасты және мәдениет - адамдардың тобының өмір сүру стиліне және ойлауына әсер ететін арнайы әлеуметтік-психологиялық белгілерді /нормалардың, құндылықтардың, таптаурындардың/ /стереотиптердің/ талғам және т.б. жиынтығы. Олар арқылы адамдар тобы “олар” дейтіннен айрықша “біз” деген сапада өздерін ұғынып, бекітеді.

Субъект /ағыл.subjectum-астында, негізінде жатқан/-белсенді, заттық-практикалық іс-әрекетті және танымды нақты алып жүруші адам.

Суицид /ағыл.sucide-өзін-өзі өлтіруі/ - түрлі себептерге байланысты өзін-өзі өлтіруі.

Сынып жетекшісі – сабақтан тыс тәрбие жұмысын ұйымдастырумен, үйлестірумен және өткізумен айналысатын педагог. Мектеп әкімшілігі сол сыныпта жұмыс істейтін мұғалімдерден тағайындайды.

Мектептегі негізгі тәрбиелік функция сынып жетекшісіне жүктеледі.

Сынып жетекшісінің іс-әрекетіне жасалған әлеуметтік талдау нәтижесінде анықталған міндеттер тобы саны – 4: 1. Әлеуметтік; 2. диагностикалық; 3. тәрбиелеу; 4. даралық-тәжірибелік сипаттағы (оқушылармен жұмыстың нәтижелі педагогикалық тәсілдерін таңдау, өз жұмысын жоспарлау, іс-әрекетті бақылау мен түзету, рефлексия т.б.).

С.ж. жұмыс жүйесі қамтиды: сынып оқушыларымен, ата-аналармен, жұртшылықпен, мектеп ұжымымен.

Сынып бұрышы – сынып ұжымының негізгі құжаттары, жоспарлары мен істерін бейнелейтін материалдарды табуға болады. С.Б. оқушылардың тізімі, кезекшілер тізімі, жұмыс жоспарлары, қоғамдық тапсырмаларды бұлісу, үлгерім есебінің парағы, қабырға газеті, сынып істерінің ең қызықты және табысты істері туралы қысқа хабарлар, хабарландырулар болады. С.Б. сыныптан тыс оқу үшін кітаптардың тізімін, үлгі күн режимін, үй тапсырмаларын орындау туралы естеліктерді, нұсқау сипатындағы материалдарды табуға болады. С.Б. кейбір құжаттары тұрақты, ал басқалары жүйелі түрде жаңартылады.

Сыныптық-сабақтық жүйе - педагогика саласындағы бағалы жетістіктердің бірі. Сыныптық деп атауы-мектептің барлық оқушыларының өздерінің жас шамасы мен білім дәрежесіне сәйкес жеке сыныптарға топтастырылғандығында. Сабақтық деп аталуы-әр пән бойынша оқу курсының бірқатар жеке тараулар мен тақырыптарға, ал тарау мен тақырыптың біркелкі және бірізді орналасқан кесте бойынша бірінен соң келіп отыратын бөлшектергеқ-сабақтарға бөлінетігінде.

Сұхбат – бағытталған диалог, ауызша пікірлесу арқылы ақпарат алу амалы. Сұхбаттасу екі түрге бөлінеді: 1) еркін сұхбаттасу – тақырып, әңгіме түрі реттелмеген, 2) нысаны алдын-ала әзірленген сұрақтарға негізделетін сұхбаттасу.

Т

Таксиномия /гр.орналасу, тәртіп, заң/ - иерархиялық құбылысы бар, шындықтың күрделі ұйымдасқан аяларын классификациялаудың және жүйелеудің теориясы.

Талдау /гр.- ажырату, бұлшектеу/ - затты, құбылысты, процесті ойша немесе шынайы бөліктерге бұлу. Талдауға кері процедура – синтез.

Танымдық белсенділік – психикалық белсенділіктің түрі, қызығушылық, зейін, білімге құмарлық, шығармашылық формасында көрінісін табады

Тақырып - /гр.-баяндаудың, зерттеудің, талқылаудың пәні/ - зерттеу мәселесін қысқа тұжырымдау.

Тақырыптың өзектілігі – осы қазіргі уақытта оның маңыздылығының дәрежесі және осы жағдайда осы мәселені /сұрақты, міндетті/ шешудің қажеттілігі.

Тақырып бойынша сабақтар жүйесі - логикалық өзара байланысты сабақтар жүйесі. Әрбір сабақ бұл жүйеде оқушының тақырыптың оқу материалын толық меңгерудегі өзіндік ерекше басқышы іспетті. Жүйедегі сабақтар: жаңа

материалдарды түсіндіру сабақтары; семинар-сабақтары; жаттығуды орындау, есепті шығару сабақтары немесе лабораториялық-практикалық жұмыс сабақтары; тақырып бойынша зачет сабақтары; ұжым болып, жеке түрде даярланған шығармашылық тапсырмаларды қорғау сабақтары.

Тақырыптық жоспарлау – оқу бағдарламасының бұлімі немесе белгілі тақырып бойынша сабақтан тыс жұмыстар және сабақтар жүйесінде оқу-тәрбие процесінде білімдік, дамытушылық және тәрбиелеушілік функцияларды жүзеге асырудың оптимальді жолдары

Танымдық ойындар /дидактикалық/ - шындықты моделдейтін арнайы құрылған жағдайлар, оқушыларға олардан шығу жолын табу ұсынылады. Бұған артылған негізгі міндет – танымдық процесті ынталандыру. Ондай ситмулдарды оқушылар ойында алады, себебі онда ол шындықты белсенді өзгертуші ролінде болады. Ойынның түрлері – математикалық, лингвистикалық, ойын-саяхат, электрондық викторина түріндегі ойындар т.б.

Танымдық ойындар мәні – оқушылардың өзара шешімін табатын, модельдейтін, арнайы ситтуациялардың құрылуында.

Тарау-текстінің, кітаптың бөлігінің, мақаланың құрылымдық-композициялық бірлігі. Әдетте, “тарау” деген аттан кейін, оның нөмері көрсетіліп, тақырып жазылады.

Тартыс /конфликт-лат. Conflictus - қарама-қарсы қызығушылықтардың, көзқарастардың соқтығысуы, түрлі пікірде болуы, өткір сөз талас/ - субъектілер арасындағы әртүрлі қарама-қайшылықтар/ ішкі тартыста адам өзімен-өзі қарама-қайшылықта болады/.

Тәжірибелік педагогикалық жұмыс - алдын ала жасалған бағдарлама немесе жоба бойынша жүргізілетін арнайы ұйымдастырылған зерттеушілік жұмыс.

Тәрбие – адамның рухани дамуы мен оны қоғамдағы өмір мен еңбекке даярлаудың мақсатты бағытталған процесі.

Тәрбиені тар мағынада мұғалімнің және тәрбиешінің ата-аналарымен бірігіп, мақсатты түрде жүргізетін тәрбие жұмыстары деп түсіну керек.

Тәрбиені кең мағынада табиғат және әлеуметтік ортаның, мектеп пен ата-аналардың, бүкіл бұқараның, тұлғаның дамуы мен қалыптасуына әсер ететін ықпалы деп түсіну керек.

Тәрбиенің мақсаты жеке адамды жан-жақты дамыту болып табылады. Жан-жақты дамыған жеке адам ақыл-ой даму, жоғары дәрежедегі жалпы және политехникалық білім, дене және ақыл-ой еңбегіне психологиялық және практикалық даярлығымен, адамгершілік, эстетикалық және денелік дамуының бірлігімен әр түрлі материалдық және рухани сұранысымен сипатталады. Тұлғаны жан-жақты және үйлесімді дамыту ертеден келе жатқан, мәні өзгермеген тәрбиенің идеал-мақсаты болып табылады. Сократтың түсінігінше, Т.М. – заттардың табиғатын зерттеу емес, өз-өзінді тану, аса құлықтылықты жетілдіру. Ал философ Платон Т.М. адамның ақыл-ойын, еркін және сезімін тәрбиелеу деп анықтаған. Ал оның шәкірті Аристотель, Т.М. жан рақымы – ақыл-ес пен ерік-жігерді дамыту деп білді.

Тәрбиенің мақсатын анықтайтын негізгі фактор – мемлекеттік идеологиясы, саясаты.

Тәрбие принциптері – тәрбиенің басшылыққа алуға тиісті тәрбие процесінің жалпы заңдылықтарын бейнелейтін бастапқы ережелер.

Принциптерде педагогикалық процестің заңдары мен заңдылықтары жүзеге асады, яғни мұғалімнің теориядан практикалық әрекетке көшуі болады.

Тәрбие принциптерінің түрлері: педагогикалық процестің ізеттілігі, тұлғалық нысандық бағыттылығы, іс-әрекеттің санамен мінез-құлық бірлігін қалыптастыруға бағыттылығы; педагогикалық процестегі іс-әрекеттерді оқушылар тұлғасын дамытудың көкейкесті қажеттілігін ескере отырып ұйымдастыру; оқушы мен ұжымның дамуында жеке дарылықты психологиялық, физиологиялықты, жас ерекшелік пен ұлттық ерекшеліктерді ескеру; педагогикалық басшылықты оқушылардың бастамашылығымен, қайраткерлігімен ұштастыру; оқушылардың іс-әрекеттерде тиімді нәтижелерге жетуге көмектеседі; ұстаздардың, оқушылар ұжымының және отбасылардың оқушыларға қоятын талаптарының үйлесімділігі; әрбір бала үшін тиімді психологиялық ахуалдың әлеуметтік қауіпсіздігін қамтамасыз ету; оқушы тұлғасы мен ұжымның дамуындағы жаңа құрылымды үздіксіз бақылау.

Тәрбие заңдылықтары – тәрбие процесінде тұрақты қайталанатын және мәнді байланыстар болып табылады, оларды жүзеге асыру арқылы жеке адамды дамытуда не қалыптастыруда жетістіктерге жетеді.

Тәрбие мазмұны – философиялық тұрғыдан мазмұн тұтастың анықтаушы жағы болады. Объектісінің құрамдас элементтерінің, оның қасиеттерінің, ішкі процестерінің, байланыстарының, қайшылықтарының және бағыттарының бірлігі болып табылады. Т.М. оның жалпы мақсатын, міндеттерін, және жақтарын бірлікте қамтып құрсетеді. Т.М. әр түрлі формалар мен әдістер қолдану арқылы жеке адамның дамуын қамтамасыз етеді. Оған кіретіндері: ақыл-ой, адамгершілік, еңбектік, эстетикалық, денелік дамуы.

Тәрбие тәсілі, амалы (прием) – жалпы әдістің бөлігі, жеке дара әрекет (әсер ету), нақты жақсарту.

Тәрбиелеу жүйесі мемлекеттік – мемлекеттің тәрбиелік саясатын жүзеге асыруға бағытталған мемлекеттік ұйымдардың жиынтығының әрекеті. Оның өзі үш деңгейден тұрады: мемлекеттік, өңірлік және муниципалдық /қала, аудан/.

Тәрбиелеу мазмұны – тұлғаның білімдерінің, іскерліктерінің, дағдыларының, көзқарас және сенімдердің, сапалары мен белгілерін, мінез-құлықтың тұрақты әдеттерінің жүйесін түсінеді, оларды меңгеру қажет және олар қойылған мақсатпен міндетке сәйкесті болады. Ақыл-ой, денелік, еңбек, адамгершілік, эстетикалық тәрбие, тұтас педагогикалық процеске тоғысып тәрбиенің басты мақсатын орындауға, яғни жан-жақты және үйлесімді дамыған тұлғаны қалыптастыруға бағытталады.

Тәрбиелеу формалары. Форма ұғымы - заттың, процестің, құбылыстың ұйымдасу әдісі мен тіршілік әдісін білдіреді. Тәрбиені ұйымдастыру формасы – тәрбие элементтерінің ішкі байланысын бейнелейтін және тәрбиешілердің өзара қарым-қатынастарын сипаттайтын тәрбие процесін ұйымдастыру әдісі.

Көпшілік: ұжымдық еңбек істері, мейрамдар, кештер, ертеңгіліктер, конференциялар, жиналыстар, диспуттар, фестивальдер, олимпиадалар, көркемөнер шығармашылығының байқаулары, көрмелер, спорттық, әскери-спорттық, еңбек жарыстары, турнирлер, жорықтар, экспедициялар.

Топтық: еңбек бірлестіктері, көркемөнер – шығармашылық бірлестіктері, қызығушылықтар бойынша клубтар, пән үйірмелері, балалар мен жастар қоғамдық бірлестіктері мен ұйымдары, ғылыми қоғамдар т.б.

Жекелік: өзін-өзі тәрбиелеудің жеке бағдарламасын жасауға және жүзеге асыруға көмек, ұйымдастырушылық іс-әрекетті жоспарлауға және орындауға көмек, жеке ғылыми-танымдық шығармашылық және еңбек іс-әрекеті, қоғамдық тапсырмалар т.б.

Тәрбиелеу әдістері – тәрбиелеушілер мен тәрбиеленушілердің өзара байланыстағы іс-әрекетінің тәсілдерін түсінеді. Бұл іс-әрекет тәрбиелеудің міндеттерін шешуге бағытталған. **Тұлғаның санасын** (ұғымдарын, түсінігін, пікірін, баға беру, нанымын) **қалыптастыру сендіру әдістері**: баяндау; түсіндіру, сендіру (внушение), иландыру (увещевание), әңгіме, пікірталас, өнеге.

Іс-әрекеттерді ұйымдастыру және қоғамдық мінез-құлық тәжірибесін (іскерлік, дағды, әдет, ерік, мінез т.б.) қалыптастыру әдістері: талап, қоғамдық пікір, үйрету, жаттықтыру, арнайы тәрбиелік жағдаят, тапсырма.

Іс-әрекетті және мінез-құлықты ынталандыру және тежеу әдістері: мадақтау, жазалау, жарыс.

Этика тақырыбындағы баяндау – бұл адамгершілік мазмұны бар нақты деректер мен оқиғаларды эмоционалды түрде айтып беру.

Түсіндіру – тәрбиеленушіге эмоционалды-сөзді әсер әдісі.

Мектеп тәжірибесінде түсіндіру адам психикасына еніп, іс-әрекеттің себептерін тудыратын және тұлғаға жалпы әсер ететінін сендіруге сүйенеді. Түсіндіру адамдардың қатынасын және мінез-құлқын дұрыс бағалауды оқушыда қалыптастыруға көмектесуі керек.

Сендіру (внушение) тәрбиеленушіге белгілі бір шешім қабылдану жағдайында пайдаланылады. Сендіру басқа тәрбие әдістерінің әсерін күшейту үшін қолданылады.

Иландыру (увещевание) өтінішті түсіндірумен және сендірумен қатар қолдану арқылы жүзеге асырылады. Иландырудың тиімділігі мұғалімнің беделіне көп байланысты. Иландыру өз мақсатына жету үшін жақсы жақтарға сүйеніп, мақтауды қолданып, абыройына сұраныс жасаған дұрыс.

Әңгіме (беседа) тәрбиеші мен тәрбиеленушілердің пікір алысуға екі жақты кірісуін керек ететін жүйелі және бірізді әдіс түрі. Әңгіме мақсаты – оқушыларда адамгершілік түсініктерін тереңдету және бекіту, білімді жалпылау және нақтылап орнықтыру, адамгершілік көзқарастары мен нанымдар жүйесін қалыптастыру.

Этикалық әңгіменің нәтижелі болуы оның қызықтылығына байланысты.

Әңгімелесу – тиянақты ойластырылған сұрақтар жүйесі арқылы тәрбиеленушілерде әртүрлі проблемалар бойынша дұрыс бағалар, көзқарастар қалыптастыру.

Пікірталас – бұл жоғары сынып оқушыларының пайымдауын (пікір айтуын), баға беруін, сенімін қалыптастыру әдісі. Пікірталаста тақырып бойынша оқушы өзінің көзқарасын, ойын дәлелдейді. Сонымен бірге басқаның пікірін тыңдауға үйренеді, келісу немесе таласу пікірлер де пайда болады. Пікірталасқа мұғалім де, оқушылар да дайындалады. Оның тақырыбы және сұрақтары күні бұрын хабарландырылады.

Пікірталас оқушыларды қателіктер мен жалған көзқарастармен күресуге үйретеді. Пікірталастың құндылығы сонда, ол оқушылардың ойлану сезімін оятады, талаптандырады, ал бұл дұрыс идеяларды ұстауға, қателіктерден бас тартуға

мүмкіншілік береді. Пікірталастың соңында басқарушы оқушылардың жауабын жинақтайды, талдайды, баға береді, қорытады.

Өнеге - өте күшті тәрбие әдісі. Бұл әдіс мына заңдылыққа негізделеді: көру арқылы қабылданатын құбылыстар тез әрі ешбір қиындықсызсанада бекиді. Сонымен бірге кітаптағы, кинодағы бас кейіпкерлерді, тарихи тұлғаларды, атақты ғалымдарды, саяси майталмандарды т.б. өнеге ету үлкен тәрбиелік мәнге ие. Өнегенің психологиялық негізі – еліктеу. Оның арқасында адамдар әлеуметтік және адамгершілік тәжірибе жинақтайды.

Айта кету керек, тәрбиешінің өз өнегесін, тәрбиеленушілерге қатынасын, іскерлік қасиеттерін, жеке басының қадірін мысал етуі тәрбиенің дұрыс жүргізілуіне әсерін тигізеді. Тәрбиеші өз тұлғасымен, қадір-қасиетімен жүйелі және бірізді әрекет жасаса, өзін өнеге етудің оңды әсері ұлғая түседі.

Іс-әрекетті ұйымдастыру және қоғамдық мінез-құлық тәжірибесін (іскерлік, дағды, әдет, ерік, мінез т.б.) қалыптастыру әдістері: талап... тапсырма.

Талап – мінез-құлық нормасының көрінісі, балаларды әлеуметтік тәжірибеге қатыстыру. Талаптың ынталандыру және тежелу функциялары бар. Ынталандыру функциясы – бұл жұмысты бастау және аяқтау. Тежелу – басқа адамдардың жұмысына кесел келтіретін әрекетті тоқтату.

Қойылу формасына қарай талаптар мынадай болып бөлінеді: 1) тікелей талап (жеке, нақты, дәл, түсінікті); 2) қосымша (кеңес, өтініш, сенім, қолдау т.б.); 3) талап-кеңес; 4) ойын түріндегі талап; 5) сенім арқылы талап; 6) талап-өтініш; 7) талап-ишара; 8) талап-қуаттау; 9) позитивті (жағымды) және негативті (жағымсыз, мысалы қорқыту).

Қоғамдық пікір – бұл ұжымдық талаптың бейнелеуі, ал талап – нақты міндет, оны іс-әрекеті процесінде орындау қажет. Ұжым мүшелерінің байымдауы, баға беруі – бұл қоғамдық пікір, ұжымның еркі және күші. Ұжым тәрбие субъектісі, педагогтың тірегі.

Үйрету әдісі баланың орындағыштық, сыпайылық (инабаттылық), мұқияттылық, табандылық сияқты қасиеттерін қалыптастырады. Балалар өмір тәжірибесі кеңейіп, санасы дамыған сайын, үйрету әдісі өзінің алғашқы маңызын жойып, басқа әдістермен бірігеді. Мысалы, бұл әдіске өте жақын жаттықтыру әдісі.

Жаттықтыру әдісі – бұл әр түрлі ситуацияда оқушылардың моральдық тапсырмаларды орындауы. Жаттықтыру әдісінің ұжымының мүддесімен, талаптарымен қабысуы қажет. Мысалы, кез-келген тәрбиелік шараларды мезгілінде бастау оқушыларды тәртіптілікке, ұйымшылдыққа тәрбиелейді. Оқушылардың өндірістік бригадалары, шефке алу жұмыстары оқушыларды борыштық сезімге, жауапкершілікке жаттықтырады.

Үйрету және жаттықтыру әдістерінің тәсілдері: нұсқау көрсету, машықтандыру, тапсырма.

Тәрбиелеуші ситуация жеке адамның жағымды әрекеттерінің және қылықтарының қалыптасуына ықпал етеді. Бұл әдіс тәрбиешілер және тәрбиеленушілер арасындағы қарым-қатынасқа қолайлы жағдай жасайды. Сынып, мектеп біріншілігіне жарыс ұйымдастыру топқа, ұжымға және оқушыға (мектепті көгалдандыру, сыныпты, дем алатын орындарды дайындау, яғни безендіру т.б.) тапсырма беру тәрбиелеуші ситуацияда іске асырылады.

Педагогикалық жағдаят педагогикалық процестің элементарлық “жасушасы” болып табылады.

Іс-әрекетті және мінез-құлықты ынталандыру әдістері: мадақтау.

Мадақтау – бұл баланың жағымды мінез-құлқын ынталандыру құралы. Түрлері: құрметті міндеттер тапсыру (лаборанттық, мұғалім ассистенті т.б.), көтермелеу сыйлықтары, құрмет және мақтау грамоталары, ұжымдық және жеке алғыс, стипендиялар, “Алтын белгі” белгісімен марапатталуы т.б.

Мақтау әдісі әдептілік пен нақты мөлшерді сақтауды талап етеді.

Жазалау – қате қылықты ескеріп тежеу, өз ар-ұяты алдында, басқа адамдар алдында кінәсін түсінуге әсерін тигізетін педагогикалық әдіс.

Жазалаудың мынадай түрлері белгілі: оқушының парта жанына тұрғызу; оқушыны сыныптан шығарып жіберу; ауызша және жазбаша сөгіс; қосымша тапсырмалар беру; белгілі бір құқынан айыру немесе уақытша рұқсат етпеу; моральдық кемшілігін таныту; мектептен шығару (16 жастан кейін).

Тәрбиелеушілік /педагогикалық/ жағдай /ситуация/ - бұл белгілі бір уақыт аралығындағы педагогикалық жүйенің нақты күйі.

Тәрбиелік жұмыстың әдістемесі - әр түрлі білімдік-тәрбиелік мекемелердің, балалар бірлестіктері мен ұйымдардың тәрбиелеу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктерін зерттейтін, білім немесе тәрбиелейтін мекемелерде тәрбиелеу жұмысының жүйесін құруға және оның тиімділігін арттыруға, тәрбиелеу процесте қандай да бір әдістемелерді немесе технологияларды қолдануға бағытталған ұсынбаларды жасайтын тәрбиелеу теориясынан бөлімі.

Тәрбиелеу процесі - қойылған мақсатты жүзеге асыруға бағытталған, арнайы ұйымдастырылған, белгілі-бір тәрбиелік жүйе аясында және уақыттық дамудағы тәрбиелеушілер мен тәрбиеленушілердің өзара бірлескен іс-әрекеті

Тәрбиелеу процесінің қарама-қайшылықтары – ішкі және сыртқы қарама-қайшылықтар баланың дамуына негіз болатын ең басты қозғаушы күш болып саналады. Қ.Қ. түрлері: баланың шешуге тиісті жаңа, күрделі, әлеуметтік мәнді міндеттермен оның бұрынғы мінез-құлық тәсілі мен себептерінің жиынтығы арасындағы қайшылық; сыртқы талап пен баланың өзінің ішкі ұмтылыстарының арасындағы қайшылық; мақсатты бағытталған әсер мен ортаның стихиялық әсерінің арасындағы қайшылық.

Тәрбиелеу процесінің ерекшеліктері – мақсатты бағытталғандығы, көп факторлылығы, нәтижесінің бір ден көрінбеуі, ұзақтығы, өзгермелілігі, үзіліссіздігі.

Тәрбие шарасы тәрбиелік іс-әрекет формасы түрінде болып, ол мақсат, міндет мазмұн, әдіс, құралдар мен тәсілдерін үйлестіретін ұйымдастырудың жеке тәсілдерінің мақсатты біріккен күйінде көрінеді, сөйтіп тәрбиелік міндеттерді шешуге септігін тигізеді.

Тәрбие құралдары – іс-әрекеттердің түрлері, көрнекі құралдар, көптеген коммуникация құралдары, педагогикалық ықпал жасау құралдары/мұғалім, ата-ана, ересек адамдардың сөзі, олардың үнегесі т.б./ жатады. Оқушы тұлғасы қалыптасуының басқарылуын қамтамасыз ету - тәрбиенің негізгі құралдарын толық және тиімді пайдалану, яғни тәрбиедегі шешуші роль атқаратын нәрсе оқшауланған құралдар емес, керісінше, олардың үйлесімді құрылған жүйесі екенін практика көрсетіп отыр.

Тәрбие құралдары – бұл тәрбиелеу тәсілдерінің жиынтығы. Мысалы, еңбек – тәрбие құралы, бірақ еңбекті көрсету, бағалау, жұмыстағы қателіктерді көрсету бұл тәсілдер болады.

Тәрбие психологиясы - педагогикалық процесті мақсатты түрде ұйымдастыру тұрғысында жеке адамды қалыптастырудағы психологиялық заңдылықтарды зерттейді.

Тәрбиелік оқыту – оқытудың мақсаты балаға тек қана білім беріп қоймай, сонымен бірге оның бағытталғандығын және әлеуметтік қасиеттер жүйесін қалыптастырып, қоғамның белсенді мүшесін даярлау.

Тәрбиелік жүйе – комплекс, оған кіретіндер: мақсаттар; бұл мақсатты орындаушы субъектілер; қатысушылар арасындағы пайда болатын және оларды біріктіретін қатынастар; тәрбие жүйесінің компоненттерінің бірлігін және бұл жүйенің дамуын қамтамасыз ететін ортаны және басқаруды тәрбие субъектілерінің меңгеруі. Кез-келген компоненттен айырылу жүйенің тұтастай бөзылуына апарады.

Тәрбиелеу жүйесіндегі мемлекеттік саясат – тәрбиелеу міндеттерін және оларды шешудің стратегиясын анықтау, білім беру саласында заңдарды жасау және ресурстарды бөлу, тәрбиелік бастамашылықтарды қолдау, сөйтіп осы жиынтық арқылы адамның оң қызығушылығына және қоғамның талабына сай жастарды тәрбиелеу.

Тәрбиелеу тәсілі /амалы, прием/ - бұл жалпы тәрбиелеу әдісінің бөлігі, жекелеген әсері, нақты жақсарту.

Тәрбиелеу теориясы - ғылыми пән, оның объектісі жеке адамды және ұжымды қалыптастырудың мақсатты бағытталған процесі болады, ал пәні осы процестің қасиеттері, қарама-қайшылықтары, заңдылықтары, қатынастары, педагогикалық технологиялары болады.

Тәрбиелік жұмыс – балалардың барынша өзін дамыту және өзін жүзеге асыру мақсатындағы ересектер мен балалардың бірлескен өмірлік іс-әрекетін ұйымдастырудағы мақсатты бағытталған іс-әрекет.

Тәрбиелегендік - жеке адамның интегративті ерекшелігі, ол әрекетте жүзеге асырылатын меңгерген білімнің, іскерлік, дағды, әдет, сана және қасиеттерінің көлемімен және сипатымен мінезделеді.

Тәртіптілік /лат.disciplina-оқыту, тәрбиелеу/ - оқушылардың мектепте орнатылған ережелері қатаң және дәл орнындалуы, өз міндеттерін, ұжым және мұғалімдердің талаптарын шын жүректен орындауын, өз борышын саналы мойындап, жүзеге асыру.

Тәртіпсіздік – мінез-құлықтың, өзін-өзі ұстауының әлеуметтік нормаларын орындағысы келмейтін жеке адамның қасиеті. Тәрбиенің кемшілігі, яғни еріктік дағдылардың жоқтығының көрінісі.

Теория /кең мағынада/ - белгілі бір құбылысты анықтау мен түсіндіруге арналған көзқарас, түсінік, идеялардың жиынтығы; ал, тар немесе арнаулы мағынада – сол теорияның шындықтағы объектісі мен негізгі байланысы және заңдылықтары туралы толық түсінік беретін ғылыми білімдердің дамыған жоғарғы ұйымдастыру нысаны.

Тезис-

1) ой желісі, пікір дәлелдеуді талап етеді;

2) мақаланың, баяндаманың, шығарманың ғылыми немесе практикалық идеясын қысқаша баяндайтын ой желісі.

Темперамент - белгілі бір адамға тән және өмір әсерлерінен жауап реакциялардың динамикасы, тонуы мен бірқалыптығында көрініс беретін мінез-құлықтың табиғи ерекшеліктері. Т. индивидтің барлық психикалық көріністеріне реңк беріп отырады, ол эмоция мен ойлауға, еріктік қимыл-қозғалысқа, сөздің сарыны мен ырғағына әсер етеді. Т. адамның нерв қызметінің қасиеттерінен көрінетін, мінез-құлқының импульсивті-динамикалық көрінісінің жалпылыма сипаттамасы болып табылады. Т. типтері: холерик, сангвиник, флегматик, меланхолик.

Тест /ағыл. сынау, тексеру/ - белгілі бір деңгейдегі әрекетті орындауға арналған тапсырмалар. Тексеру мақсатына қарай білімді бақылау тестілердің түрлері:

- 1) топтау, саралау;
- 2) жазбаша, ауызша тестілеу;
- 3) зертханалық жағдайда тестілеу;
- 4) аудиотест, видеотест, телетест;
- 5) графикалық тест;
- 6) лексикалық тест;
- 7) грамматикалық тест;
- 8) сөйлеу үлгілері бойынша тестілеу.

Тестіге қойылатын талаптар: валидтілік, мықтылық, объективтілік.

Тестінің валидтілігі – бұл жобаланған білімділік деңгейін анықтауға сәйкестігі.

Технология /гр. techne-шеберлік, іскерлік, logos-сөз, ілім/ - объектінің күйін, қасиетін, формасын өңдеудің, жасаудың, өзгертудің әдістерінің жиынтығы.

Тифлопедагог - көзі көрмейтін және көзі нашар көретін баларды оқытып, тәрбиелеудің арнаулы жоғары білімді маманы.

Топтық іс-әрекет – социологиялық және әлеуметтік психологиялық феномен, қарым-қатынастың өнімі. Т.І.-^о. мақсатына қарай мынадай топтарға бөлінеді: ұжымдық, бірлескен, біруақыттағы, т.б.

Топтау - басты және қосалқы ұқсас белгілер негізінде заттар класс, тек, түр сияқты топтарға бірігеді. Заттарды топтастыру үшін осы заттардың әрқайсысындағы белгілерді айыру және осы белгілерді негіз боларлық класс немесе текті табу қажет.

Токсикомания – уытты /токсикалық/ сұйық затты иіскеу /тұрмыс химиясы/

Толерантность (ағыл. tolerantia – шыдамдылық, төзімділік) – бұл жекелік және қоғамдық сипаттама, ол арқылы дүние жүзі және әлеуметтік орта көп жақты екендігі ұғынылады, осыдан келіп бұл дүниеге көзқарастар да ұртұрлі болады және бір жақтылықты немесе біреулердің қызығушылығына, пайдасына шешілмеуге тиісті.

Тұлға (личность) – 1) дербес әрекет жасайтын субъект ретіндегі нақты жеке адам болымысының қайталанбас, ерекше әдісі, адамның қоғамдық өмірінің дара нысаны. Тұлғаның мәні нақты индивидтің өзіндік ерекшелігінде, оның әлеуметтік күйе шеңберіндегі өзімен-өзі болу қабілетіне ашылады; 2) адамдар арасындағы өзінің ұстаным – орнын еркін және жауапкершілікпен анықтайтын, қоғамның өкілі ретіндегі адам. Жеке тұлғаның ең басты белгісі – оның әлеуметтік мәнінің болуы және оның әлеуметтік функцияларды (болмысқа, адамдарға, өзіне, еңбекке, жалпы қоғамға қатысты) атқаруы. Жеке тұлға психологиялық дамудың белгілі бір деңгейіне ие (темперамент, мінез-құлық, қабілеттілік, ақыл-ой дамуының деңгейі).

Тұлғаның дамуының факторлары.

Тұқым қуалаушылық - ата-аналардың дамуының белгілеріне және ерекшеліктерін ұрпаққа бере алатын тірі материяның қасиеті: бірқатар ұрпақта морфологиялық, физиологиялық және биохимиялық ұйымдастырылуының сабақтастығын қамтамасыз етеді. Т.ғ. берілетіндері; адамзаттың уәкілінің түрлік белгілерінің көрінісі болатын анатомиялық-физиологиялық құрылымдары: сөйлеуге, тіке жүруге, ойлауға, еңбек іс-әрекетіне нышандары; денелік ерекшеліктері: сыртқы нәсілдік белгілері, көздің, терінің, шаштың түсі, бетінің белгілері, дене құрылысы, нерв жүйесінің құрылымы; физиологиялық ерекшеліктері: зат алмасуының формасы, организміндегі белоктардың арақатынасы, қанның тобы және резус-факторы т.б. организм дамуындағы аномалиялар: қоян ерні, қасқыр тұмсығы, саусақтарының көп болуы, дальтонизм т.б.;

Т.қ. сипаттағы кейбір ауруларға бейімділігі: гемофилия /қан ұйыуы нашар/, шизофрения, эндокриндік бөзушылықтар /бойының өзын немесе қысқа болуы т.б./; белгілі бір іс-әрекетке бейімділікті анықтайын, қабілеттің дамуының алғышарты – нышандар.

Әлеуметтік орта - ортаның түрі, адамның өмір сүруінің және іс-әрекетін жүзеге асыратын, оны қоршаған қоғамдық және рухани жағдай.

Әлеуметтік орта көрінісінің классификациясының схемасы:

- қауымдастықтың түріне қарай - қоғамдық формация, класс, топ;
- топтың түріне қарай - отбасылық, оқу, қоғамдық, еңбектік, спорттық, әскери т.б.;
- қалыптастыру әсеріне қарай: себептендіретін, жаттықтыратын, оқытатын, тәрбиелейтін, қайта тәрбиелейтін;
- сананың формасына әсер ету тәсіліне қарай құқықтық, адамгершілік, эстетикалық, ғылыми;
- жасына қарай - қатарластары, /үлкендері, кішілері, аралас;
- ортаға қатынасына қарай - оң /еліктеуді шақырады/, немқұрайлық теріс /қарсылыққа шақырады/;
- әлеуметтік бағытталғандығына қарай - әлеуметтік, әлеуметтікке жат;
- қарым-қатынас дәрежесіне қарай - тікелей, жанамалап.

Табиғи орта – бұл түрлі табиғат жағдайларының адам тұрмысына, қызметіне ықпал жасауы. Табиғат жағдайларына байланысты адамдардың мінез-құлықтарында ерекшеліктер байқалады, бірақ адамгершілік қасиеттеріне, эстетикалық талғамдарына т.б. зиянды әсерін тигізбейді.

Тәрбие – тұлғаның дамуына деген әсері мақсатты бағытталған, сапалы сипатта болады. Тәрбие тұлғаның дамуының факторы ретіндегі ерекшелігі, оның халықтың, қоғамның әлеуметтік-мәдени құндылықтарына әрдайым сәйкес болатындығында. Тәрбие тұлғаға жүйелі әсерді қамтамасыз етуге тиісті.

Тұтастық ыңғай, тұрғы /подход/ - объектінің тұтастығын қамтамасыз етеді - тұтастық бөліктерінің қарапайым қосындысына келтірілмейтіндігі. «Тұтастық педагогикалық процесс» деген сөзді (термин) ғылыми айналымға XIX ғ. Екінші жартысында орыс педагогы П.Ф.Кантерев енгізді. Қазақстанда тұтас педагогикалық процесс мәселелерін Н.Д.Хмель зерттеді. Еңбегі: Біртұтас педагогикалық процесті жүзеге асырудың теориясы мен технологиясы (Алматы, 2005).

Ю.К.Бабанский Т.П.П. қарастырады: білімділік, дамытушылық және тәрбиелік қызметтің бірлігі ретінде.

С.Т.Шацкий, Н.К.Крупская, В.А.Сухомлинский Т.П.П. қарастырды: мектеп оқушыларының өзара әрекетінің сипаты ретінде.

А.Ф.Каптерев, М.А.Данилов Т.П.П. қарастырады: тәрбие мен оқытудың бірлігі ретінде.

Б.Т.Лихачев Т.П.П. қарастырды: оның бағытты даму жағдайы ретінде.

А.С.Макаренко Т.П.П. қарастырды: оқу-тәрбие процесінің оқудан тыс уақыттағы қатынасушылардың өзіндік әрекеттері ретінде.

Т.П.П. қозғаушы механизміне қарама-қайшылық жатады. Т.П.П. «адам-адам» жүйесі болып табылады.

Тұтастық педагогикалық процесс – тұтастық педагогикалық процестің синтетикалық сапасы, ол оның дамуының жоғары деңгейін, онда қызмет істейтін субъектілердің ынталандырушы саналы іс-әрекеттерінің нәтижесін сипаттайды. Т.П.П. оны құрайтын компоненттердің ішкі бірлігі, олардың үйлесімді өзара әрекеті тән. Онда үздіксіз қозғалыс жүріп жатады, қарама-қайшылықтар еңсеріледі, өзара әрекет ететін күштер түрліше топталып, жаңа сапалар құрылып жатады. Т.П. аспектілері – мазмұндық-мақсаттық; ұйымдастырушылық-процессуалдық; операциялық-технологиялық.

Түсіндірмелі-иллюстративтік оқыту - мұғалім білімді үндеп “даяр” күйінде баяндайды, оқушылар оны қабылдап қайта айтады.

Түйсік - заттар сезім мүшелеріне тікелей әсер еткенде олардың жеке қасиеттерінің бейнеленуі. Түрлері: көру, есту, иіс, дәм, тері, статикалық /дененің кеңістікте орналасу қалпы/, кинестезиялық/ дене жеке бөлімдерінің қимылы мен қалпын түйсіну/.

Түрлері мектептің – жалпы білім беретін мектеп, тереңдетіп оқытатын арнайы мектептер, шағын жинақталған мектеп, авторлық, жеке мектептер, гимназия, лицей. Білім беру ұйымдарының меншігіне, типіне, түріне қарамастан олардың міндеттеріне оқыту бағдарламаларының жүзеге асырылуына жағдай жасау, жеке тұлғаның шығармашылық, рухани және физиологиялық мүмкіндіктеріне дамыту, салауатты өмір салты мен адамгершіліктің берік негізін қалыптастыру, жеке даралық қасиетті дамытуға жағдай жасау арқылы ақыл-ойын дамыту болып табылады.

Түсіну – оқу материалын терең және жан-жақты игеруінің негізі болып табылады және оның негізінде жаңа және өткен материалдың арасындағы байланысын орнату болады.

Тьютор - Студенттің жеке ғылыми жетекшісі; үйдегі мұғалім, репетитор; оқу орнындағы куратор, тәрбиеші.

Ұ

Ұғыну - қажырлы ақыл-ой жұмысының нәтижелі аяқталуы. Ұ.-адамның ойлап жүрген құбылыстары немесе заттары жайлы жаңа білім. Бұл адам ашқан жаңа бөлігі, сапа, байланысы.

Ұғым - елеулі белгілерінің бір тектестігі жағынан біріккен заттар (құбылыстар) тобын жалпылама білу. Ол қоғамның тарихи даму процесінде пайда болады. Ұ.сөзде болады.

Ұлт – ортақ тілі, жер көлемі, экономикалық өмірі, психикалық құрылымы арқылы құралған халықтың тарихи бірлестігі.

Ұлтжандылық - өз ұлтының тілін, дінін, дәстүрін сүюдің белгісі. Ұлтжандылық өз ұлтының мәдениетін, әдебиетін, дәстүрін қадірлейтін, ұлттық намысты қорғай білетін адамның қасиеті.

Ұлттық мәдениет – материалдық және рухани мәдениетке бөлінеді, ол қоғамдық сананың барлық түрлерімен айналысады: хұқ, мораль, саясат, дін, ғылым, өнер, философия.

Ұлттық сезім – қоршаған айналаға ерекше қатынас түрі, халықтың қажеттілігімен тығыз байланысты.

Ұлттық мінез – белгілі ұлттық тарихи, экономикалық, мәдени, тұрмыстық, табиғи ерекшеліктеріне негізделген нақты категория.

Ұлттық қатынас – бұл көп ұлтты және бір ұлттық қоғамдардың ішіндегі саяси, әлеуметтік-экономикалық, мәдени және басқа да қатынастардыө синтезі. Олар ұртүрлі деңгейде көрініс тауып, дамиды – мемлекетаралық және мемлекетшілік; ұлт ішінде және ұлтаралық, қоғамдық және жекелік.

Ұлттық тәрбие – жалпыадамзаттықты ұлттық пен бірлікте ұштастыратын азаматтарды, ұлт мүшелерін қалыптастыру: мәдениет, тілді білуімен қатар ол қазіргі білімді де меөгеруі тиіс

Ұлтаралық қатынас мәдениеті - бұл әртүрлі ұлттың уәкілдерінің арасындағы сыйлаушылықты, қолдауды, ұжымшылдықты, ізгілікті, ұлттық өзімшілдікке, шовинистік асқақтаушылыққа ымырасыздықты, өзінің ұлттық рухани мәдениетін және басқа ұлттардың, ұлыстардың және ұлттық топтардың рухани құндылықтарын меңгеруге деген ұмтылысын орнату.

Ұлтаралық қарым-қатынас мәдениеті - бұл жеке адамның күрделі ықпалдастық қасиеті, онда ұлттық және интернационалдық диалектикалық бірлігі болып, өзара әрекет, өзара әсер, өзара байқау негізіндегі туған мәдениет және басқа ұлттардың мәдениетіне баулудағы белсенді іс-әрекеті.

Ұжым /лат. collectivus – жинақталатын/ - қоғамдық мәнді мақсаттағы іс-әрекетті орындаудағы біріккен адамдардың тобы. Оның ұйымдары, ол ұйымдардағы уәкілдіктері, жауапкершілігі, ұйымдардың арақатынасы, өзара тәуелділігі бар.

1. **Ұжымның типтері** – жалпы мектептік сыныптық, еңбектік, ғылымилық, қоғамдық саяси, көркемөнер-шығармашылық, клубтық, спорттық т.б.

2. Ұжымды қалыптастырудың заңдары мен принциптері

- параллель іс-әрекет заңы;
- даму, ілгері қозғалу заңы;
- перспектива жолын таңдау принципі
- педагогикалық мақсатқа сәйкестілік принципі белсенді мақсатқа бағытталған принципі;
- тәрбиелеу процесінің тұтастық принципі ;
- жауапкершілік, тәуелділік принципі
- тәрбиелеу эстетикасы, дәстүр, оқушылардың іс-әрекеті мен қарым-қатынасын дұрыс ұйымдастыру.

3. Ұжымды тәрбиелеудегі перспектива – тәрбиеленушілерді топтастыратын және алға жетелейтін практикалық мақсатты перпектива дейміз. Жақын перспектива – жарыс, саяхат, жексенбілік серуен, цирк, музей және көрмеге бару, үйірмелердегі қызықты жұмыстар.

Орта перспектива – балалар лагеріне бару, жыл сайын өткізілетін ән, сурет сайыстарына қатысу, туған күндерді өткізу, әдебиет, эстетикалық және этикалық тақырыптарға пікірталас өткізу т.б.

Қашық перспектива – келешек мамандықты таңдау, білім алу, жыл аяғында өзак мерзімдік жорыққа шығу, оқу орындарына түсуге даярлану т.б.

4. Ұжымның даму кезеңдері – А.С.Макаренко ұжымның дамуының үш кезеңін анықтады. Кезеңдерді анықтау өлшеміне талапты алды.

Бірінші кезең – мұғалім сынып өмірін ұйымдастыру үшін жұмысты талап қоюдан бастайды.

Екінші кезең – талапты мұғалімдермен бірге ұжымды басқару органдары да қояды.

Үшінші кезең – мұнда оқушылар талапты бір-біріне қояды, ұжым қоғамдық пікірмен сипатталады.

Ұжымдық шығармашылық тәрбие әдістемесі – авторы: 50 жылдардың аяғында И.П.Иванов жасаған. Гуманизм ұстанымдарына негізделген ересектердің және балалардың ұжымдарының қалыптасуы және шығармашылық дамуын қамтамасыз ететін жағдайлардың, әдістердің, тәсілдердің және тәрбиелеудің ұйымдастырушылық формаларының жүйесі. Ол ұжымдық шығармашылық істерде ұ.ш.і. көрініс тапты. И.П.Иванов ұ.ш.т.ә. педагогикалық қамтамасыз етудің шарттарының 6 кезеңін жасады: ұжымдықшығармашылық істердің болашағы туралы алғашқы әңгіме, ұжымдық барлау; істі жоспарлау; оны даярлау; ұ.ш.і. өткізу; нәтижесін шығару; ұ.ш.і. жақын салдарын талдау.

Ұғыну – саналы түрде ғылыми білімді, заңдылықтарды ұғу, фактілерді жинақтау процесі, қорытынды шығару. ұғыну процесінде оқылатын материал терең ойластырылады, дәлелденеді және бекітіледі.

Ү

Үй тапсырмасы - оқыту процесінің құрамдас бөлімі, ол сабақта орындаған жұмыспен тығыз байланыста болады, үлкен дербестікпен және мұғалім тарапынан басшылық болумен айрықшаланады. Ү.Т. берілетін максималды жүктеме мынадай уақыт нормативіне есептелген:

Үй жұмысы.	Сынып бойынша сағат саны										
	I	II	III	IV	V	VI	VII	VIII	IX	X	XI
	1	1.5	1.5-2	1.5-2	2	2	2.5-3	3-4	3-4	3-4	4

Үй тапсырмасы – ынталандыру, белсенділік және дербестік, қолайлылығы және орындау мүмкіншілігі, шығармашылық сипаты, жекелендіру және сараландыру, жүйелі тексеру тән.

Үй тапсырмасы дидактикалық функциялары:

- сабақта алған білім, әскерліктерді бекіту;
- сыныпта қарастырылған оқу материалын кеңейту және тереңдету;
- жаттығуларды дербес орындаудың іскерліктері мен дағдыларын қалыптастыру;
- дербес ойлауды дамыту;
- жекелік бақылауларды, тәжірибелерді орындау, оқу құралдарын даярлау т.б.

У

Уақытты қабылдау - құбылыстар немесе оқиғалардың өзактығы мен тізбегін бейнелендіру. У.Қ. арқасында айнала қоршаған дүниедегі болып жатқан өзгерістер бейнеленеді. У.Қ. субъективтіліктен алған тәжірибе мен практикалық әрекеттер арқылы арылады.

Шоқан Уәлиханов /1835-1865/ - Қазақстанда ағартушылық идеяны көтерген, бүкіләлімдік ғылым-білімнен мейлінше мол сусындаған, жан-жақты білімді, озат ойлы, ерекше дарынды адам еді. Ол өзін терең тарихшы, ерінбес этнограф, батыл саяхатшы, талмас географ, білгір әдебиетші, шебер суретші, жалынды публицист, психолог, тәлімгер-үлгілі ұстаз ретінде көрсете білді. Небәрі отыз-ақ жыл өмір сүрген Шоқан өз өмірінің ішінде бүкіл азаматтық ғылымның көптеген салаларына бағасын мәңгі жоймайтын үлес қосты.

Шоқанның өзіндік педагогикалық көзқарастары болды. Ағартушы-ғалым қазақ даласындағы оқу, мектеп ісін ғылыми негізінде құрып, оқу-білімнің табиғат сырларын ашуға бағытталуын, туған халқының алдыңғы қатарлы мәдениетті елдерді қуып жетуін аңсады. Шоқанның ағартушы-ғалым демократ ретінде көздеген ой-пікірі, негізгі мақсаты – халқына қайткенде де білім беру, оқыту, дүние тануға жетелеу, оны реформа арқылы іске асыру еді.

Шоқан еңбектерінде психология мәселелеріне байланысты әр түрлі сипаттағы деректер басшылық. Осылардың ішінде басқа мәселелерден көбірек сөз болғаны – халқымыздың ұлттық санасы, оның ішінде өзіндік психологиялық ерекшеліктері туралы мәселе еді.

Университет /лат. universitas – жиынтық/ - мамандықтардың кең ауқымы бойынша жоғары кәсіптік және жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын; жоғары кәсіптік білімі бар мамандарды, ғылыми және ғылыми-педагог қызметкерлерді қайта даярлауды және олардың біліктілігін арттыруды жүзеге асыратын; іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізілетін; өзінің қызмет саласында жетекші ғылыми және әдістемелік орталық болып табылатын көп салалы жоғары орны.

Ф

Факт-шындықтың кейбір объективті құбылысы, ол туралы ақпарат баршылық.

Факторлық талдау (анализ) /лат.factor-әрекет ететін, жасайтын, гр.analysis-бөлу/ өлшеуге және осы өзара байланысты ескеріп белгілерді классификациялауға қолданатын стажы, біліктілігі, жасы мен олардың ақпаратқа деген сұранысы арасындағы байланыс.

Факультативтік курс – оқушылардың жалпы мәдени және теориялық үрісін кеңейтуге арналған әртүрлі оқу орындарындағы міндетті емес курс.

Фактор - /лат.factor – жасаушы, істеуші/ - қандай да бір процесте, құбылыста қозғаушы күш, себеп, мәнді жағдай.

Феномен /гр.phainomenon-пайда болу/ - тәжірибе арқылы бізге берілген құбылысты белгілейтін ұғым, ол сезім арқылы түсініледі, аңғарылады.

Филогенезі психиканың /гр.phyfe-тайпа, ру/ - балықтан адамға дейін күрделене беретін бас ми қыртысының /кора головного мозга/ омыртқалы жануарлардағы психиканың дамуы. Ф.П.биогенетикалық заң бойынша психиканың онтогенезінде қайталаанады.

Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор – тиісті кәсіптік мамандықтар бойынша докторантураның кәсіптік оқу бағдарламаларын меңгерген адамдарға берілетін жоғары академиялық дәрежелер.

Флегматик – эмоциялық қозуы әлсіз. Ол байсалды, сылбыр мінезді, орнықты кісімен көп араласпайды, тыныштықты сүйеді, іске өте баяу кіріседі, бірақ өте тиянақты орындайды.

Форма /лат.forma/ -

1. сыртқы көрінісі;
2. қандай да бір мазмұнның өмір сүруінің және көрініс табуының тәсілі;
3. қандай да бір нәрсенің құрылысы, құрылымы;
4. мазмұнның тіршілігінің және көрінісінің тәсілі.

Формализм – /лат.formalis – формаға қатысты/ адамның іс-әрекетінің әртүрлі аясында мазмұнға қарағанда форманы артық құру, жоғарырақ бағалау. Формализм мектепте оқу-тәрбие іс-әрекетінің пәрменділігін талдап және бағалағанда, оқушының білімін бағалағанда, басқаруда т.б.күрінеді. Оқытуда формализмнің мәні: балалар оқу материалын механикалық жаттап, оның мазмұнын, мәнін жете түсінбейді; тәрбиелеуде: сөздік әдістемеге әуестік, жекелік тұрғыдан гүрі бұқаралық тәрбие жұмысы басым, бір тәрбие бағытына көптеп мән беруі т.б.

Формальды /ресми/ топ^о-штат кестесі, устав және басқа да ресми құжаттыр негізінде құрылады.

Формальды емес /ресми емес/ топ ұнату, көзқарас бірдейлігі, сенім жақындығы, жекелеген адамдардың беделін, білгірлігін тану сияқты психологиялық мотивтер бірлігі негізінде құрылады

Фрустрация /лат. frustratio - жалған, босқа күту/ - өзінің қанағаттанушылығын таппаған сұраныспен сипатталатын психикалық күй. Ф.кезінде адам өте күшті нервтік психикалық күйзеліске түседі: өкіну, ызалану, жабырқау, айналадағыға мүлде селқос қарау, өзін-өзі жазғыру. Ф.көбіне эмоцияға берілгіш, қызба, тежейтін, сабырландыратын реакциялары дамымаған, “өмір тартысында” шынықпаған, сәтсіздік, қиыншылыққа даярлығы жоқ, күші жөнді жетілмеген адамдар ұшырайды. Еркелеп, шолжаң болып өскен балаларды тежегенде Ф.көрініс береді.

Функция – міндет, іс-әрекеттің шеңбері, орны, ролі, әрекеттердің (операциялардың) жиынтығы.

Функциялары педагогикалық процестердің – орны, ролі, олар үшін ұйымдастырылған және мақсатты бағытталған педагогикалық процесс пайда болып, өмір сүреді. Оларға жататыны: білімдік, тәрбиеленушілік және дамытушылық. Білімдік функция білімді, іскерліктерді және дағдыларды, мәдени құндылықтардың жүйесін беру арқылы жүзеге асады. Тәрбиеленушілік функция оқушыларда құндылықтың жүйесін қалыптастырады, ақыл-ой, адамгершілік, эстетикалық,

денелік, еңбектік, тәрбиеленгендікті жүзеге асырады. Дамытушылық функция тұлғаның танымдық психикалық процестерін және қасиеттерін, логикалық тәлімдерді, операцияларды, пікірлерді, ой қорытуларды дамыту және қалыптастыру болып табылады.

Функциялары басқарудың – 1. әрекеттің аяқталған циклі, ол басқарушылық әсердің белгілі бір мазмұнын көрсетеді; 2. менеджмент субъектісінің ақпаратпен әрекетінің ерекше түрлері; 3. басқару циклдерінің кезеңдеріне сәйкес басқару субъектісінің операциялары, әрекеттері: мақсат қойылуы, есептендірілуі, жоспарлануы, ұйымдастырылуы, қадағалануы; ұйымдастырушылық мазмұнына қарай оқу-тәрбие жүйесін басқарудың функциясы бөлінеді: мақсаттық, әлеуметтік-педагогикалық, ұйымдастырушылық-педагогикалық, нұсқаушылық-әдістемелік, әкімшілік-шаруашылық.

Х

Халықтық тәрбие – тәрбиелеу аясындағы өмір, болмыс, педагогикалық практика.

Халық педагогикасы – бұл практика жүзінде тексерілген және жинақталған эмпирикалық білімдердің, мәлімдердің, іскерлік пен дағдының жиынтығы. Ол халық бұқарасының тарихи және әлеуметтік тәжірибесінің өнімі ретінде, күбіне ауызша түрде бір ұрпақтан келесі ұрпаққа беріліп отырады. Х.п. мұрасы халық жасаған ертегілерде, аңыздарда, эпос, мақал және мәтелдерде сақталады және әртүрлі халықтардың ұлттық, саяси және дәстүрлерінің призмасынан сынып, түбінде жас ұрпақты халық бұқарасының ең жоғары идеалында тәрбиелеуде және оқытуды мақсат етіп қояды.

Холерик – темпераменттің типі, эмоциялық қызуы шапшаң, күшті тұрақты болады. Ол белсенді, іске шапшаң кірісіп, аяқтап шығады. Бірақ сезім жүйелері ауықтап тез көтерілетін шыдамсыз, өкпелегіш және ашуланғыш болып келеді.

Ц

Циклограмма – мектептегі шараларды өткізудің апталық графигі. Ц. пайдалану іс-әрекеттің нақты ырғағын анықтауға көмектесіп, бақылауды орындауды жеңілдетеді.

І

Ізгілендіру /гуманизм: лат. humanus – адамгершілікті/ - үркениетті дамудың талабы, мұның өзі әлеуметтік қатынастарды ұйымдастырудың тиімді нысандарына қол жетуіне байланысты болып отыр, әрі бұл қатынастарда алдымен әлемнің тұтқасы ретінде адам аса айшықтана күрінеді.

1. бұл баланың жеке басын сыйлау. Педагогикалық процестің барлық дәрежесінде ең бастысы адамның өзі болуы тиіс. Сондықтан тұлғаны тәрбиелеу, оның бабын табу мектеп жұмысының негізгі мақсаты болуы тиіс.

2. жеке құндылық бағытталғандығына қарай мәдени білім алу сұранысын қанағаттандыруды, әрбір жеке адамға тән қолы жететіндей білім алудың дәрежесін, сапасын, бағытталғандығын таңдауды, оны алудың тәсілін, сипатын және нормасын қамтамасыз етеді. Оқыту процесін оқушыға ден қойып бағыттайды.

Іс-әрекет /деятельность/ - философиялық, социологиялық және психологиялық категория: бүкіл қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар зерттейтін құбылыс; адамның немесе топтың және дүниенің өзара әрекеті, соның процесінде адам

дүниені және өзін-өзі саналы және мақсатты бағытталған түрде өзгертеді. I-ә. түрлері: ойындық, оқу-танымдық, еңбектік, спорттық, күркем өнер, қоғамдық.

Еңбек - өзінің сұраныстарын қанағаттандыру үшін табиғаттың заттарын өзгертуге және ұқсатуға бағытталған, адамның іс-әрекетінің іргетастық түрі; ақыл-ой немесе денелік күш-қуатты қажетсінетін адамның мақсатты бағытталған іс-әрекеті.

Оқушы еңбегінің түрлері: оқу, еңбек сабағы оқу пәні қатарында; кәсіптік оқу; қоғамға пайдалы өнімді еңбек; сабақтан, мектептен тыс түрлі еңбек әрекеттері, кәсіптік бағдар беру.

Қарым-қатынас /общение/ - субъектілердің өзара әрекеті, онда рационалдық және эмоционалдық ақпаратпен, іс-әрекетпен, тәжірибемен, біліммен. іскерлік пен дағдымен, іс-әрекет нәтижесімен алмасу жүзеге асырылады. Жеке адамның және топтың дамуының қажетті шарты.

Таным – санада объективті дүниенің психикалық бейнеленуінің және қабылдауының процесі, нәтижесі ретінде оның мәні туралы жаңа білім болады; табиғаттың және қоғамның заңдарын ашуға бағытталған адамның ерекше іс-әрекеті. Арнайы ұйымдастырылған таным оқу-тәрбие процесінің мәнін құрайды.

Ойын – адам белсенділігінің көрінісінің формаларының және іс-әрекет түрлерінің бірі. Балалар өзара қатынастарын ересектердің әрекетін және олардың өзара қатынастарын жаңғыртудың тәсілі, сөйтіп қоршаған шындықты таниды. Ойынның түрлері: компьютерлік, заттық, ролдік, символикалық, сюжеттік.

Іскерлік белгілі бір жағдайда белгілі бір іс-әрекетті немесе істі орындау мүмкіншілігін қамтамасыз ететін білімдер мен дағдылардың жиынтығы. Ғалымдардың бірнеше кезеңінен үтіп, I. соңында шеберлік және шығармашылық дәрежесіне дейін үседі. I.-алған білім негізінде оқушылардың практикалық әрекеті іске асырылады. Мысалы, сауатты жазу үшін грамматикалық ережелерді білу керек.

Іскерлік ойындар – оқыту және зерттеушілік мақсаттар үшін қолданылады.

Практикалық жағдайды имитациялайтын (бейнелейтін) оқыту әдісі, ойын арқылы кәсіптік немесе басқа да іс-әрекетті моделдейді. Қатысушыларға әртүрлі ақпарат, ролдік функциялар берілген және олар берілген ереже бойынша әрекет етеді.

Іс-әрекеттік ыңғай, тұрғы /подход/ - психика мен іс-әрекеттің бірлігін, іс-әрекеттің сыртқы және ішкі құрылысының бірлігін мойындайтын мәні бар.

Ш

Шағын жинақталған мектеп /малокомплектная школа/ - сынып жинақтамалары аралас және оқу сабақтарын ұйымдастырудың өзіндік нысаны бар, оқушылар саны шағын жалпы білім беретін мектеп.

Шара педагогикалық (мероприятие) - тәрбиелік процестің кесіндісі, яғни тәрбиелік шаралардан тәрбиелік процесі құрылады.

Шет елдік педагогикалық тұжырымдамалар.

Прагматизм (гр. прагма - іс) – тәрбиені өмірмен жақындастыруға, практикалық іс-әрекетте тәрбие мақсатын орындауды жақтайтын философиялық-педагогикалық бағыт. Прагматикалық педагогика өмірден шығарылған мақсаттарды қорғайды.

Неотомизм – католик діншіл фома Аквинскийдің (1225-1274) атымен аталған діни философиялық ілім. Н. объективті шындықтың бар екенін мойындайды, бірақ бұл шындықты Құдайдың еркіне тәуелді қылады. «Шынайы білім беруді» жетілдіре

беру керек, яғни діни құндылықтар негізіндегі құлықтық тәрбие, діншіл адамдарды қалыптастыру қажет.

Неопозитивизм – ғылыми-техникалық революцияның әсерімен пайда болған құбылыстардың кешенін ұғынуға ұмтылып жатқан философиялық-педагогикалық бағыт. Н. тәрбиенің мақсаты – интеллектуалдық тұлғаны қалыптастыру, яғни әрбіреуінде өзіндік пікір және шешім қабылдауға қажеттілігін дамыту.

Экзистенциализм (лат. *existencia* - өмір сүру) – тұлғаны дүние жүзіндегі ең жоғары құндылық екенін мойындайтын философиялық бағыт. Э. педагогикасының мақсаты адамды өмір сүру тәжірибесімен қаруландыру, сезімдерін тәрбиелеу.

Бихевиоризм (ағыл. *behavior* - қылық) – технократиялық тәрбиелеудің психологиялық-педагогикалық тұжырымдамасы. Бихевиоризм негізін салушы американдық философ, психолог Дж. Уотсон қылықтың (реакцияның) тітіркендіргішке (стимулға) тәуелділігін негіздеді. Тәрбие «стимул – реакция - бекіту» схемасы бойынша дамиды деп есептеді.

Шолжандығы (капризы) балалардың-тыңдаушылық, ересек адамдардың талабына, ақыл-кеңестеріне қарсы шығып, олардың орындалуында көрініс табатын, қылықтарының ерекшелігі.

Шығармашылық - бұл шартты ұғым, яғни ол бұрында болмаған, жасалынбаған жаңа да ғана көрінісін таппай, салыстырмалы жаңаны ашуда да (ол аяға, сол орында, субъектінің өзі үшін) көрініс табады.

Шығармашылық ойлау - ойлаудың түрлерінің бірі, субъективті жаңа өнімді және оны жасаудағы танымдық іс-әрекеттің жаңа дүниелерінің құрылуымен сипатталады. Бұл жаңа пайда болған дүниелер мотивацияға, мақсаттарға, бағалауларға, мәндерге қатысы бар.

Ы

Ым-ишара - психологиялық күйді байқататын әлеуметтік қалыптасқан қимыл.

Ынта /склонность/ - адамның белгілі бір таңдаған іс-әрекетке бағытталғандығы.

Ынталандыру – жағымды әрекетті ынталандыру мақсатындағы тәрбиеленушіге педагогикалық әсер ету жолдары.

Э

Эвристика /гр. *heurisko* - табамын/ - адамның шығармашылық іс-әрекетінің заңдылықтарын зерттейтін ғылым; сұрақтар беру арқылы оқытудың әдістемесі.

Эгоцентризм - дарашылдық пен менменсудің шеткі формасы.

Эгоизм /лат. *ego* – мен/ - өз қызығушылығын, қылығын және іс-әрекетін қоғамдық және басқа адамдардың қызығушылығынан жоғары қоюда көрінісін табатын жеке адамның қасиеті.

Экология /гр. *oikos* - үй, өмір сүру орны/ - организмдердің бір-бірімен, қоршаған ортамен қарым-қатынасы туралы ғылым.

Экстериоризация - ақыл-ой әрекетін заттармен әрекет түрінде сыртқа шығару.

Экономикалық білім беру - оқушыларды экономикалық мәдениетпен, қоғамдық экономикалық даму заңдылықтарымен таныстыру, іскерлікке тәрбиелеу, еңбек ете білуге, өндіруге, өзін және өзгелерді рухани материалдық құндылықтармен қамтамасыз ететін өз елінің патриот азаматы болуға тәрбиелеу.

Экскурсия /топсеруен/ - лат. excursio жол жүру; мектептің оқыту процесін шынайы өмірмен біріктіретін және оларды табиғи ортада тікелей бақылау, заттармен және құбылыстармен танысуды қамтамасыз ететін оқытуды ұйымдастырудың формасы. Э. өткізу әдістемесі: экскурсияны даярлау; зерттейтін объектіге жету және тақырып бойынша оқу материалын меңгеру /бекіту/; экскурсияның материалдарын үндеу және оның нәтижесін шығару.

Эксперимент педагогикалық /лат. experimentum – байқап көру, тәжірибе/ - зерттеу әдісі, онда белсенді араласу арқылы зерттеушілік жағдай жасау, сөйтіп оқыту мен тәрбиелеу көрінісін зерттеуді қолайлы және мүмкін қылып, оқушылардың әрекетіндегі сәйкесті өзгертетеді есепке алу. Э. құбылыстар арасындағы қайталанатын, тұрақты, қажетті, мәнді байланыстарды табуға, анықтауға мүмкіндік береді, яғни педагогикалық процеске тән заңдылықтарды зерттеуге жағдай жасайды. П.Э. жүргізушіден бағдарламасының, өлшемдерінің болуын талап етеді. П.Э. түрлері: іздеушілік, лабораториялық, ойша, табиғи, констациялайтын, қалыптастыратын.

Эксперименттің 4 кезеңі – теориялық – мәселені қою, зерттеудің мақсатын, объектісін, пәнін, міндеттерін және болжамын анықтау; әдістемелік – зерттеудің әдістемесін және оның жоспары, бағдарламасы жасалынады, алынған нәтижені өңдеудің әдістері таңдалынады; эксперименттің көзі – тәжірибелердің сериясын өткізу; талдаушылық – сандық және сапалық талдау, алынған фактілерді өңдеу, қорытынды және практикалық ұсыныстарды жасау.

Айқындаушы (констациялық) эксперимент – зерттеу пәнінің бастапқы жағдайын анықтау, процесте істердің шынайы күйін орнатады.

Табиғи эксперимент (қалыпты) - әдеттегі білім беру процесінде жүргізіледі, яғни оқыту мен тәрбиенің күнделікті жағдайларында жүзеге асады. Табиғи эксперимент (тәжірибе) – педагогикалық процестерді табиғи жағдайда объективті қабылдауды арнайы ұйымдастырады.

Лабораториялық эксперимент – оқушылардың белгілі бір топтарын бөлу арқылы жүзеге асады, бір болжамды тексеру үшін жасанды жағдайды құру. Л.Э. экспериментті жасанды жағдайда жүргізумен сипатталады.

Қалыптастырушы эксперимент – зерттеу объектісін қайта құруға бағытталған. Э. жаңа зерттеу материалына қол жеткізуге бағытталған. Ол тәжірибе арқылы теориялық болжамдарды тексереді, яғни растайды немесе жоққа шығаруы мүмкін.

Экстраверт – сыртқы әсерге, ортаға бағытталған жеке адамның типі; ол қарым-қатынасқа тез түседі, ”бүгінгі күнмен” және басқа адамның қызығушылығымен өмір сүріп, өз ойларын бұлісуге тырысады.

Экологиялық тәрбие – оқушыларды табиғатқа деген жауапкершілік және ұқыпты қатынасты тәрбиелеу процесі.

Экстернат – ерекше санаттағы адамдарға арналған оқыту нысандарының бірі, мұнда олар білім беру ұйымдарына үнемі бармай-ақ, білім беру бағдарламаларын өз бетінше меңгереді және қорытынды мемлекеттік аттестациялауға жіберіледі.

Элективті (лат. таңдаулы) – таңдап алынатын.

Элитарлық білім – элита - фр. ең жақсы, таңдаулы; ерекше дарынды азаматтар үшін мамандандырылған білім беру ұйымдарында іске асырылатын білім беру бағдарламалары бойынша алынатын білім.

Эмоция және сезім - бұл адамның айналадағы өмір шындығына және өз басына деген өзіндік қарым-қатынасы. Э. мен С. түрі: шаттану, мұң, урей, қорқу, масаттану, өкіну. С. эмоциялар негізінде қалыптасып дамиды. Э. ас ішу, тұрғын үй, киім қажеттіліктері, жыныс қажеттілігі, ұйқы қажеттілігі қанағаттандырылған немесе қанағаттандырылмаған жағдайда туады.

Эмпирикалық – тәжірибеден шығатын.

Эмпиризм (гр. *empeiria* – тәжірибе) – дүниені танудың бірден бір көзі – түйсіну және сезімдік тәжірибе деп түсінетін философиялық бағыт.

Эротика /гр. *erotikos*/ - ғашықтық, сезімталдық, жыныстық қатынасқа қызығушылық және оны бейнелеуге құмарлық.

Эстетикалық тәрбие – бұл өнерде және өмірде әсемдікті толықтай қабылдап және дұрыс түсінуге жеке адамның қабілетін дамытуға мақсатты бағытталған процесс.

Этнопедагогикалық білім беру - Э. ғылыми негіздері туралы жүйелі білімдерді студенттердің, мұғалімдердің меңгеру, қазіргі жағдайда, халықтың аса бай тәрбие беру тәжірибесін шығармашылық пен пайдалану шеберліктері мен дағдыларына ие болу және халықтың рухани мәдениетіне бағалы көзқарас процесі мен нәтижесі.

Этнопсихология - адамның психикасының этикалық ерекшеліктерін, ұлттық мінезді; ұлттық өзіндік сананың функциясын және қалыптасуының заңдылықтарын, этностық таптаурындарды т.б. зерттейтін пәнаралық білім саласы.

Этика /гр. *ethika* – салт/ - философиялық ғылым, сананың формасы, қоғамдық қатынастардың түрі. Э. және мораль теориясы кіреді. Нормативті Э. игілік, жақсылық, жамандық, әділеттілік мәселелерін зерттейді, жеке адамның мінез-кұлқының кодексін жасайды. Мораль теориясы моральдің мәнін, нормаларын, тарихи сипатын анықтайтын заңдылықтарын зерттейді. Н. Э. және М. Т. әрбір азаматты саналылыққа тәрбиелеуде, адамгершілік тәрбиесі теориясы мен практикасын дамытуда елеулі орын алады. Адамгершілік тәрбиесі Э. зерттейтін заңдылықтарға сүйеніп практикалық міндеттерді шешеді, яғни моральдық сенімдерді, сезімдерді және әдеттерді қалыптастырудың жолдары мен әдістерін орнатады.

Этномәдениеттік білім беру – бұл жеке адамды ана тіліне және мәдениетіне баулу арқылы, сонымен қатар дүние жүзілік мәдениеттің құндылықтарын меңгеруге бағытталған оқыту мен тәрбиелеудің жүйесі.

Этнопедагогикалық мәдениеті қазақтардың - бұл қазақтардың материалдық, рухани және дәстүрлі-тұрмыстық мәдениеті аясында жинақталған этнопедагогикалық білімдердің, символикалық объектілердің, технологиялардың, адамдық қатынастардың үлгісі мен нормаларының жиынтығы. Олардың этностың субъектісін қалыптастыруда танымдық және тәрбиелік мәні бар.

Эксперимент педагогикалық /лат. *experimentum* байқап көру, тәжірибе/ - зерттеу әдісі, онда белсенді араласу арқылы зерттеушілік жағдай жасау, сқйтіп оқыту мен тәрбиелеу көрінісін зерттеуді қол жетерлік және мүмкін қылып, оқушылардың әрекетіндегі сәйкесті өзгерістерді есепке алу. Э. құбылыстар арасындағы қайталанатын, тұрақты, қажетті, мәнді байланыстарды табуға, анықтауға мүмкіншілік береді, яғни педагогикалық процеске тән заңдылықтарды зерттеуге жағдай жасайды. П.Э. жүргізілуінің бағдарламасы, өлшемдері болуы керек. Түрлері: іздеушілік, лабораториялық, ойша, табиғи, констатациялайтын /тексеру/, қалыптастыратын.

Ю

ЮНЕСКО-білім беру, ғылым және мәдениет бойынша мәселердің Біріккен ұлттық ұйымы жүйесінің мемлекет аралық арнаулы мекемесі.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Айтмамбетова Б., Бейсенбаева А. Орысша-қазақша педагогикалық сөздік. Алматы, 1994.
2. Жарықбаев Қ., Абдрахманов А. Психология терминдерінің орысша-қазақша сөздігі. Алматы, 1976.
3. Қазақша-орысша, орысша-қазақша терминологиялық сөздік: Педагогика және психология / жалпы редакциясын басқарған А.Қ.Құсайнов. Алматы, 2000.
4. Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаев Р.М. Педагогика. Астана, 1998.
5. Мижериков В.А. Психолого-педагогический словарь. Ростов-на Дону, 1998.
6. Педагогическая энциклопедия. В 4-х т.М., 1966.
7. Психология. Словарь. Пед. ред. А.В.Петровского М., 1990.
8. Российская педагогическая энциклопедия. В 2-х т. М., 1993.

Мазмұны

А	4
Ә	10
Б	12
В	20
Г	21
Ғ	22
Д	23
Е	28
Ж	28
З	34
И	38
К	40
Қ	43
Л	47
М	47
Н	55
О	55
Ө	64
П	65
Р	75
С	75
Т	79
Ұ	88
Ү	90
У	91
Ф	91
Х	93
Ц	93
І	93
Ш	94
Ы	95
Э	95
Ю	98
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	99

Пішімі 60x84 1/12
Көлемі 102 бет, 8,5 шартты баспа табағы
Таралымы 20 дана.
Ш.Есенов атындағы КМТЖИУ
Редакциялық - баспа бөлімінде басылды.
Ақтау қаласы, 27 ш/а.